

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» КУРСЫН ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР (8-9-сыныптар)**

Астана, 2026

«Заң мен Тәртіп» курсының оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар (8-9-сыныптар). Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2026.

Әдістемелік ұсынымдар негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған «Заң мен Тәртіп» курсының жүзеге асырудың мазмұндық және әдістемелік негіздерін айқындайды. Ұсынымдарда курсты оқытуды ұйымдастыру бойынша практикалық ұсынымдар, сабақ жоспарлары, құқықтық жағдаяттар мен кейстерді талдау үлгілері, рөлдік ойындар, пікірталастар және практикумдарды өткізу жолдары берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2026



Құрметті педагог!

Өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін, заңға құрметін және жауапты мінез-құлқын қалыптастыру Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту және заң үстемдігін қамтамасыз ету жағдайында білім алушылардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі ғана емес, күнделікті өмірде заң талаптарын басшылыққа алуы, өз әрекеттерінің салдарын түсінуі және жауапты шешім қабылдай білуі ерекше маңызға ие. Бұл міндеттер «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының негізгі бағдарларымен, Қазақстан Республикасында «Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі тұжырымдаманың ережелерімен сабақтастықта жүзеге асырылады. Осы жұмыстың маңызды бағыттарының бірі балалар мен жасөспірімдердің заңға тұрақты құрметін қалыптастыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықтық жауапкершілігін дамыту және құқыққа сай мінез-құлықты қоғамдық әрі тұлғалық құндылық ретінде орнықтыру болып табылады.

Құқықтық білім беру әсіресе жасөспірімдік кезеңде ерекше өзектілікке ие. Бұл жаста білім алушылардың дербестігі артып, қоғамдық және цифрлық коммуникацияларға қатысу аясы кеңейеді, өз әрекеттерін бағалау және өз бетінше шешім қабылдау қабілеті қалыптасады. Қазіргі жасөспірім күнделікті өмірде әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас, жеке және банктік деректерді пайдалану, интернет-алаяқтық, жанжалдар, буллинг пен кибербуллинг, қоғамдық тәртіп пен жеке қауіпсіздікке қатысты құқықтық салдары болуы мүмкін түрлі жағдаяттарға тап болады. Сондықтан құқықтық білім білім алушы үшін нақты өмірлік жағдайда дұрыс бағдар алуға мүмкіндік беретін практикалық құралға айналуы тиіс.

8–9-сыныптарға арналған «Заң мен Тәртіп» курсы білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, жауапты және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға, девиантты мінез-құлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың практикалық тәсілдерін меңгертуге бағытталған. Курс мазмұны білім алушылардың өз әрекеттері үшін жеке жауапкершілігін түсінуіне және заңның адам, қоғам мен мемлекет арасындағы қауіпсіз өзара іс-қимылдың негізі ретіндегі мәнін ұғынуына бағдарланған.

Назарларыңызға ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар 8–9-сыныптарда «Заң мен Тәртіп» курсы жоспарлау мен оқытуда педагогтерге практикалық көмек көрсетуге арналған. Курс бойынша оқу жүктемесінің көлемі 8-сыныпта аптасына 0,25 сағатты (айына бір рет), оқу жылында 9 сағатты; 9-сыныпта аптасына 0,5 сағатты (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағатты құрайды. Әдістемелік ұсынымдар материалдары жасөспірімдердің жас ерекшеліктері мен олардың күнделікті өмірінде кездесетін өзекті құқықтық жағдаяттарды ескере отырып, курсты мазмұнды әрі практикалық бағытта оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған.



8–9-сыныптарға арналған «Заң мен Тәртіп» курсы практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді және білім алушылардың құқықтық құзыреттілігін, құқыққа сай мінез-құлыққа дайындығын, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауын және олардың ықтимал құқықтық салдарын түсінуін қалыптастыруды көздейді. Курсты ұйымдастыру барысында білім алушылардың өмірлік жағдаяттарды құқықтық тұрғыдан бағалау, ықтимал салдарды болжау және заңға сәйкес шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

Курс мазмұны жасөспірімдердің күнделікті өмірде, мектеп ортасында, цифрлық кеңістікте, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл барысында кездесетін өзекті құқықтық жағдаяттарды қамтиды. 8-сыныпта заң талаптары мен қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, психобелсенді заттарды тұтынуға және таратуға тартылудың алдын алу, буллинг пен кибербуллинг, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау, цифрлық ортада авторлық құқықтарды сақтау, полиция қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау тәртібі, құжаттарды тексеру және ұстап алу кезіндегі құқықтар, дербес деректерді қорғау, фишинг пен вишингтің алдын алу, сондай-ақ деструктивті культтер мен экстремистік әрекеттерге тартылудың алдын алу мәселелеріне баса назар аударылады.

9-сыныпта курс мазмұны Қазақстан Республикасы азаматының құқықтық мәртебесі, конституциялық негіздер, кәмелетке толмағандардың қауіпсіз әрі заңды жұмысқа орналасуы, еңбек шартын жасасу, дропперлік пен интернет-алаяқтық тәуекелдері, интернет арқылы табыс табудың құқықтық қауіпсіздігі, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, вандализм, экстремистік мазмұндағы және жалған ақпаратты тарату, репост үшін жауапкершілік, сондай-ақ қалпына келтіруші әділет, медиация және жасөспірімдердің заңды өтініш беру тетіктері мен мектептегі өзін-өзі басқару арқылы қоғамдық өмірге қатысуы мәселелерімен толықтырылады.

Курста білім алушылардың рұқсат етілген мінез-құлық пен құқық бұзушылықты ажырату, құқықтық тәуекелдерді бағалау, қауіпсіз әрекет ету алгоритмін таңдау, өз құқықтарын қорғаудың және мектеп пен жергілікті қоғамдастық өміріне қатысудың заңды тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған практикумдар, рөлдік ойындар, жобалық және әлеуметтік тапсырмаларға ерекше орын беріледі. Аталған тақырыптарды зерделеу барысында білім алушылардың нақты өмірлік жағдаятта қауіпсіз, жауапты және заңға сай қалай әрекет ету керектігін түсінуіне баса назар аудару ұсынылады.



Курсты оқытудың әдістемелік негізін құзыреттілік, іс-әрекеттік, практикалық-бағдарлы, жағдаяттық және құндылыққа бағдарланған тәсілдердің үйлесуі құрайды.

Құзыреттілік тәсіл құқықтық білімді практикалық міндеттерді шешуде қолдануды көздейді.

Іс-әрекеттік тәсіл білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қарастырады. Құқықтық мәселелер талдау, талқылау, әрекеттің әртүрлі нұсқаларын салыстыру, өз ұстанымын дәлелдеу, шешім қабылдау және рефлексия жасау арқылы меңгеріледі. Педагог оқу әрекетін білім алушы жағдаятты өз бетінше талдап, өз ұстанымын дәлелдеп, негізделген құқықтық шешімге келе алатындай етіп ұйымдастырады.

Практикалық-бағдарлы тәсіл курс мазмұнының жасөспірімдердің нақты өмірімен байланысын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта мектепте, отбасында, қоғамдық орындарда, цифрлық ортада, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде, сатып алу барысында, банк карталарын пайдалану, қосымша жұмыс іздеу немесе көмекке жүгіну кезінде туындауы мүмкін өмірлік жағдаяттарды қолдану ұсынылады. Қарастырылатын жағдаяттың мазмұны білім алушыға неғұрлым түсінікті болса, құқықтық норманың мәнін соғұрлым саналы түрде қабылдайды.

Жағдаяттық тәсіл ең алдымен құқықтық кейстер арқылы жүзеге асырылады. Кейс нақты мәселені немесе бағалауды және одан әрі әрекет ету жолын таңдауды қажет ететін жағдаятты қамтуы тиіс. Онымен жұмыс барысында білім алушыларға не болғанын, жағдаятқа кімдер қатысқанын, қандай құқықтар мен міндеттердің қозғалғанын, қандай әрекеттер құқықтық салдарға әкелуі мүмкін екенін, мәселені шешудің қандай нұсқалары бар екенін және олардың қайсысы неғұрлым қауіпсіз әрі құқыққа сай екенін жүйелі түрде анықтау ұсынылады. Әдістемелік ұсынымдарда әр тақырып бойынша кейстік жағдаяттардың үлгілері, сондай-ақ оларды талдау және шешу алгоритмдері берілген. Педагог бұл материалдарды сабаққа дайындық және оны өткізу барысында пайдалана алады.

Құндылыққа бағдарланған тәсіл білім алушылардың құқықтық нормалардың мәнін түсінуіне бағытталады. Курсты оқыту барысында заңның жауапкершілік, әділдік, адамның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, қауіпсіздік, адалдық және қоғамдық тәртіпке құрмет сияқты құндылықтармен байланысын көрсету маңызды. Бұл ретте заң адамды, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тетігі ретінде қарастырылады.

Аталған тәсілдерді ескере отырып, сабақты нақты құқықтық мәселе немесе өмірлік жағдаят төңірегінде ұйымдастырудан бастау ұсынылады. Сабақтың басында білім алушыларға түсінікті әрі тақырыппен байланысты мәселені ұсынған жөн. Одан кейін жағдаяттың құқықтық мазмұны айқындалады: *қандай құқықтар, міндеттер немесе құқықтық нормалар қозғалғаны, қандай қауіптер мен ықтимал салдардың болуы мүмкін* екені анықталады. Бұдан соң білім алушылар мінез-құлықтың ықтимал нұсқаларын талдап, оларды салыстырады және құқыққа сай шешім ұсынады. Қорытынды кезеңде ұқсас жағдайда қалай әрекет ету керектігі, қандай әрекеттерден аулақ болу қажет екені және көмек алу үшін қайда жүгінуге болатыны жөнінде практикалық қорытынды жасалады. Құқықтық жағдаятпен жұмыс істеудің реттілігін келесі алгоритм түрінде көрсетуге болады.



Осы логиканы жүзеге асыру үшін білім алушылардың белсенді жұмысын қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен жұмыс түрлерін қолдану ұсынылады: *құқықтық кейстер, практикалық тапсырмалар, жағдаяттарды модельдеу, рөлдік ойындар, пікірталастар,*

құқықтық практикумдар, нормативтік құқықтық актілердің жекелеген үзінділерімен жұмыс, әрекет алгоритмдерін, жадынамалар мен ұсынымдарды әзірлеу.



Курстың *профилактикалық бағытына* ерекше мән беріледі. Құқық бұзушылықтар, алаяқтық, буллинг, құқыққа қайшы әрекеттерге тарту, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке қатысты тақырыптар қауіп-қатердің алдын алу және қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру тұрғысынан зерделенуі тиіс. Мұндай мәселелерді талқылау кезінде білім алушыларды қорқытуға, жазалау шараларына шамадан тыс назар аударуға, оқиғаның шектен тыс егжей-тегжейіне баруға және біржақты бағалауға жол бермеу қажет. Негізгі назарды *қауіп-қатерді қалай тануға болады, құқыққа қайшы жағдайға тартылуға қалай жол бермеу керек, қандай шешім заңды әрі қауіпсіз болады, көмек алу үшін қайда және кімге жүгіну қажет* деген мәселелерге аудару ұсынылады.



Курсты іске асырудың маңызды шарттарының бірі – *қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру*. Құқықтық және жанжалды жағдаяттарды талқылау барысында білім алушылардың қадір-қасиетін құрметтеу, оларды өзінің немесе отбасы мүшелерінің жеке тәжірибесін жария етуге мәжбүрлемей, нақты жеке жағдайларды көпшілік алдында талқыламау және жекелеген тұлғаларды айыптауға жол бермеу қажет. Білім беру мақсатында пайдаланылатын нақты жағдайларды тұлғасыздандырып, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу ұсынылады.

Курс аясында педагог білім алушылардың құқықтық талдауы мен практикалық әрекетін ұйымдастырушы рөлін атқарады. Оның міндеті құқықтық ережелерді түсіндірумен ғана шектелмей, проблемалық сұрақ қояды, тиісті өмірлік жағдаятты таңдауды, талқылауды ұйымдастыруды, білім алушыларды дәлелді шешімге бағыттауды және практикалық әрекет алгоритмін құрастыруды қамтиды. Бұл ретте педагог қарастырылатын материалдың құқықтық тұрғыдан

дұрыс берілуін қамтамасыз етіп, білім беру мақсатындағы талдаудың субъективті бағалаулармен алмастырылуына жол бермеуі тиіс.



Курстың практикалық бағытын күшейту үшін білім беру ұйымдары белгіленген тәртіппен *құқық қорғау органдарының өкілдерін тарта алады*. 8–9-сыныптарда құқық қорғау органдарының өкілдері буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, интернет-алаяқтықтан қорғану, қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, құқыққа қайшы мінез-құлықтың алдын алу және көмекке жүгіну тәртібі мәселелері бойынша оқу кейстерін талдауға тартылады.

Кездесудің мазмұнын, қолданылатын мысалдарды және жұмыс форматын педагогпен алдын ала келісу ұсынылады. Маман қарастырылатын мәселенің практикалық қырларын түсіндіруге және қауіпсіз әрі құқыққа сай мінез-құлық алгоритмдерін әзірлеуге қатыса алады, алайда білім беру процесін ұйымдастыруда педагог жетекші рөл атқарады. Барлық жұмыс педагогтің үйлестіруімен, бағдарламадағы оқу мақсаттарына сәйкес, білім алушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін сақтай отырып, дербес деректерді қорғау және құпия ақпараттың жария етілуіне жол бермеу талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

Әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған материалдарды педагог сыныптың дайындық деңгейін, білім беру ұйымының ерекшеліктерін, өңірлік контексті және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып бейімдейді. Тапсырмаларды бейімдеу кезінде олардың оқу мақсаттарына сәйкестігін, практикалық бағыттылығын, жас ерекшеліктеріне сай қолжетімділігін және құқықтық мазмұнының дұрыстығын сақтау маңызды.

Осылайша, курстың әдістемелік логикасы құқықтық білімнен практикалық әрекетке көшуге негізделеді. Білім алушы біртіндеп өмірлік жағдаяттың құқықтық қырын анықтауды, ықтимал қауіп-қатерді тануды, әрекет пен оның салдары арасындағы байланысты түсінуді, заңға сай мінез-құлық тәсілін тандауды, өз шешімін дәлелдеуді және қажет болған жағдайда көмекке жүгіну тәртібін білуді меңгеруі тиіс. Осындай оқыту құқықтық сауаттылықты заңды білу ғана емес, оны күнделікті өмірде басшылыққа ала білу қабілеті ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.



Курстың мазмұны

№	Бөлім	8-сынып	9-сынып
		Тақырыптық мазмұн	
1	Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық	Заңды білу және сақтау қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз етуге көмектеседі	Кіріспе. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтық мәртебесі. Конституция – Ата заң.

		Мектепте, көшеде және интернетте заңдар мен тәртіп ережелерін сақтау	Алғашқы жұмыс: заңды түрде қалай орналасуға болады? Еңбек шарты
			Желідегі оңай табыс: дропперлік және алаяқтық
			Практикум: Жасөспірімдерге арналған онлайн жұмыс ұсыныстары: мүмкіндіктер, тәуекелдер және құқықтық қауіпсіздік
2	Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері	Есірткілер, вейпер, есірткінің «жасырын қоймалары», психобелсенді заттар	Буллинг үшін менің жауапкершілігім
		Буллинг және кибербуллинг, онлайн чаттарда жеке тұлғаның арнамысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты тарату	Цифрлық ортадағы авторлық құқық. TikTok/Instagram желілеріндегі плагиат.
			Цифрлық гигиена. Дербес деректер. Фишинг және вишинг
3	Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар	Полиция қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау тәртібі: ұстау және құжаттарды тексеру кезіндегі құқықтар	Әкімшілік жауапкершілік: айыппұлдар, коменданттық сағат
		Вандализм және коменданттық сағат	Қылмыстық жауапкершілік. Баптарға шолу (ұрлық, алаяқтық, есірткі)
		Жеке деректерді қорғау. Фишинг және вишинг	Сыбайлас жемқорлық: сыйлық па, пара ма?
			Экстремизм және жалған жаңалықтар. Репосттар үшін жауапкершілік
4	Тәртіп және жауапкершілік	Деструктивті діни ағымдар мен экстремистік ұйымдарға тартудың алдын алу.	Практикум: «Қолайлы мінез-құлық және құқық бұзушылық: қалай ажыратуға болады?»
			Қалпына келтіретін әділеттілік. Медиация. Мектептегі татуластыру қызметі
		Жоба қорғау: «Менің құқығым. Менің қауіпсіздігім», «Алаяқтардан сақ	Рөлдік ойын: «Мектеп медиация кеңесі» (сыныптастар арасындағы жанжалды шешу)
			Жасөспірім басқалардың өміріне заңды түрде қалай әсер ете алады? e-Отініш, әкімдікке, мектептің өзін-өзі басқаруына өтініштер.

		болыңыз!»жадынама/буклет презентациясы	Қорытынды конференция: «Менің мектебім – құқықтық тәртіп аумағы» әлеуметтік жобасын қорғау
--	--	---	---



2 НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» КУРСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

«Заң мен Тәртіп» курсы бойынша сабақ үлгілері

8-сынып: Бөлім: Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық

Сабақтың тақырыбы: Заңды білу және сақтау қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз етуге көмектеседі

Оқу мақсаты: Күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін заңдарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру

Сабақ мақсаттары:

- күнделікті өмірдегі құқықтық жағдаяттарды талдайды;
- қандай заң немесе ереже бұзылғанын анықтайды;
- заң сақтаудың қауіпсіздікке әсерін түсіндіреді;
- қауіпсіз мінез-құлық бойынша қорытынды жасайды.

Ресурстар: Жасанды интеллект арқылы орындалатын тапсырмалар, постер үлгілері, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру.	Оқушыларды 3 топқа бөлу
	Ой шақыру. <i>«Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды.» Бауыржан Момышұлы</i> Сұрақтар: – Бұл сөздің мағынасы қандай? – Тәртіп пен заңның өзара байланысы қандай? – Заң сақталмаса қоғамда не болуы мүмкін?	Оқушылар өз ойларын ортаға салады, сұраққа жауап береді Сабақтың мақсатын айқындайды.

Курсқа кіріспе.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан халқына Жолдауы: «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап».

2 қыркүйек 2024 жыл

Бүгін біз осы қағидаттың күнделікті өмірімізбен қалай байланысатынын қарастырамыз.



Сабақтың ортасы	Топтық жұмыс. «Күнделікті өмірде заңдарды сақтау не үшін қажет?» Топтарға жағдаяттар беріледі. Сабаққа арналған құқықтық кейс блогы	Топ жұмысының қадамдары: 1-қадам. Топ оқушылары берілген жағдаяттарды талдайды; 2-қадам. Топ мүшелері өзара келесі сұрақтарға жауап береді: а) Бұл жағдайда қандай ереже немесе заң сақталмады? б) Бұл жағдай қоғам қауіпсіздігіне қалай әсер етеді? с) Заң сақталғанда қандай нәтиже болар еді? 3-қадам. Жасанды интеллект құралын пайдаланып, талдау нәтижелері бойынша көрнекі постер дайындайды;			
		Жағдаят	Заң/ереже	Заң сақталмаса не болады?	сақб
		4-қадам. Топ жұмысын қорғау. Топ спикері қорытындысын афоризммен немесе нақыл сөзбен ұсынады. <i>Бағалау критерийі:</i> – Жағдаятты талдайды; – Қандай заң/ереже бұзылғанын анықтайды; – Заң мен қауіпсіздік арасындағы байланысты түсіндіреді; – Заң сақтаудың маңызын дәлелдейді; – Топтың қорытындысын нақты жеткізеді. ҚБ: «Ең үздік постер» (өзара бағалау жүргізіледі) <i>Жағдаятты топтық талқылау арқылы оқушылар қорғаған постер үлгісі:</i> Постерді жасау үшін <i>Gemini, Copilot</i> немесе <i>ChatGPT</i> сияқты жасанды интеллект құралдарын пайдалануға болады.			



Сабақтың соңы

Кластер құру.
Тақта ортасына «Заңды сақтау – қауіпсіздіктің кепілі» сөзі жазылады.
Бүгінгі сабақтан кейін заң мен тәртіптің қауіпсіздікпен қандай байланысы бар екенін қалай түсіндіңдер?

Оқушылар тірек сөздер ұсыну арқылы кластер құрады. Тірек сөздерін түсіндіреді.

Үлгі:



Оқушылар «Рефлексия пирамидасы» бойынша жауап береді.

–Заңды сақтау не үшін қажет?
–Бүгін қандай екі жаңа мәлімет білдім?



	«Рефлексия пирамидасы» 	–Мен күнделікті өмірде қандай үш ережені сақтауға тырысамын? Сабақ соңында оқушылар: «Заңдарды сақтау – қауіпсіз мінез-құлықтың негізі және қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздіктің кепілі», – деген қорытындыға келуі керек.
--	--	--

Сабаққа арналған құқықтық жағдаяттар

Педагогке кеңес: Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға заң мәтінімен тікелей жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Жағдаяттарға талдау жасап, күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін заңдарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіруі қажет.

Құқықтық жағдаяттар:

№1 жағдаят: Бір топ оқушы сабақтан кейін орталық саябаққа барды. Олар қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтамай, орындықтарды аяқтарымен басып, қоғамдық мүлікке ұқыпсыз қарады. Сонымен қатар, жеген тағамдары мен ішкен сусындарының қалдықтарын қоқыс жәшігіне тастамай, саябақ аумағын ластап кетті.

Жағдаяттар бойынша сұрақтар:

1) Оқушылар қоғамдық орында қандай тәртіп ережелерін немесе азаматтық міндеттерді сақтамады?

2) Оқушылардың бұл әрекеті саябақтағы тазалыққа, қоғамдық мүлікке және басқа адамдардың қауіпсіздігіне қалай әсер етуі мүмкін?

3) Егер оқушылар заң мен тәртіп талаптарын сақтағанда, саябақта қандай оң өзгерістер болар еді?

«Заңнамалық қоржын»:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы, 37-бап: «1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.»

2) Қазақстан Республикасы Конституциясы, 34-бап: «1. Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті.»

3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 434-2-бап: «1. Ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не қырық сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға алып келеді.»



№2 жағдаят: Д. және Р. есімді оқушылар сабақтан кейін ауыл шетіне серуендеуге шықты. Серуен барысында олар жол жиегінде орналасқан ауыл атауы жазылған жол белгісіне жақындап, ондағы «ЖЫМПИТЫ» деген жазуды өзгертіп, «ЖЫМИ» деп бүлдіріп қойды. Өз әрекеттерін қызық көрген оқушылар жол белгісінің жанында селфи жасап, фотосуреттерін әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялады. Біраз уақыттан кейін бұл жазбаны ауыл тұрғындары көріп, қоғамдық мүлікке зиян келтірілгенін байқады.

1) Оқушылардың әрекетінде қандай заң талаптары немесе қоғамдық тәртіп ережелері сақталмады?

2) Жол белгісін бүлдіру адамдардың қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке қандай қауіп төндіруі мүмкін?

3) Егер оқушылар заң мен тәртіп талаптарын сақтағанда, бұл жағдайдың нәтижесі қалай өзгерер еді?

«Заңнамалық қоржын»:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы, 37-бап: *«1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.»*

2) ҚР «Жол жүрісі туралы» Заңы, 26-бап: *«Жол белгісін қасақана өзгерту немесе бүлдіру жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарына зиян келтіреді және жол қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.»* Ескерту: бұл әрекет қоғамдық мүлікке зиян келтіру болып табылады.

3) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 630-бап: *«Жолды немесе жол жүрісін реттейтін техникалық құралдарды бүлдіргені үшін: - Жеке тұлғаларға — 2 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салынады.»*

4) Ескерту: Жол белгісін бүлдіру қоғамдық мүлікке зиян келтіру болып саналады және жол қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

5) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 147-1-бап: *«1. Бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бесстен жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.»*

3 - жағдаят: Е. есімді оқушы кешкі сағат 22:00-де велосипедімен көшедегі асфальт жолда серуендеп жүрді. Ол велосипедіне музыкалық колонканы бекітіп, қатты дауыспен әуен қосты. Музыканың қатты дыбысы көше тұрғындарының мазасын алды. Тұрғындар оған ескерту жасағанымен, Е. олардың ескертуіне мән бермеді және музыкасын өшірмеді.

Жағдаяттар бойынша сұрақтар:

1) Оқушының әрекетінен қандай қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп ережелерінің бұзылғанын байқауға болады?

2) Тұрғындардың тыныштығын сақтау үшін оқушы қандай заңдар мен ережелерді сақтауы керек еді?



3) Заңдарды сақтау күнделікті өмірде адамдардың қауіпсіздігі мен өзара сыйластығын қамтамасыз етуге қалай көмектеседі?

«Заңнамалық қоржын»:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы, 37-бап: «1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.»

2) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 437-бап. Тыныштықты бұзу: «1. Жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғынжайда және оның сыртында шұғыл қажеттілікпен байланысы жоқ шу шығаратын жұмыстарды жүргізу, сол сияқты тұрғын ғимараттарда және тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарының жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін тыныштықты бұзуы - жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»

Бөлім: Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық

Сабақтың тақырыбы: Мектепте, көшеде және интернетте заңдар мен тәртіп ережелерін сақтау

Оқу мақсаты: Жағдаятқа қатысушылардың заңды және заңсыз әрекеттерін анықтау

Сабақ мақсаттары:

– Мектептегі, көшедегі және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін құрастырады;

– Жағдаятқа қатысушылардың заңды және заңсыз әрекеттерін анықтайды;

– Жағдаятқа қатысушылардың әрекетіне заң баптарына сүйене отырып құқықтық баға береді.

Ресурстар: ЖИ арқылы орындалатын тапсырмалар, инфографика үлгілері, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар.

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Ынтымақтастық ортасын құру. «Қағаз тілімшелері» арқылы топқа бөлу	Оқушылар қағаз тілімшелерін тандау арқылы 3 топқа бөлінеді ✓ Мектеп ✓ Көше ✓ Интернет
	Қызығушылықты ояту. «Тез шешім»	Оқушылар https://learningapps.org/display?v=pungu9bwc26 арқылы тез жауап береді. (Үлгі)



	Интерактивті тақтадан мектеп, көше, интернет ережелеріне қатысты заңды және заңсыз әрекет суреттері көрсетіледі	 Заңды әрекет + Заңсыз әрекет  3 Нақты білмеймін  Оқушылар сабақтың мақсатын анықтайды
Сабақтың ортасы	Топтық жұмыс. «Үш аймақ» әдісі. Инфографикада 4 нақты қауіпсіз мінез-құлық ережесін ұсыну (Инфографика ЖИ арқылы ұсынылады) 1-топ «Менің МЕКТЕП Кодексім» 2-топ «Менің КӨШЕ Кодексім» 3-топ «Менің ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ Кодексім» Топтық жұмысты қорғау ЖИГСО немесе «Галерея» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Әдісті педагог өзі таңдайды	Топ жұмысының қадамдары: 1-қадам – Топта талқылау жүргізу. Оқушылар (мектеп, көше, интернет) сақталуы тиіс маңызды ережелерді талқылайды; 2-қадам – 4 нақты ереже құрастыру. Топ мүшелері ортақ келісімге келіп, «Менің (Мектеп, Көше, Әлеуметтік желі) Кодексіме» енгізілетін 4 нақты және түсінікті ережені анықтайды. Ережелер оқушылардың қауіпсіздігіне, сыйластыққа, жауапкершілікке және тәртіпке негізделуі тиіс; 3-қадам – Ережелерді ЖИ арқылы инфографикада ұсыну және қорғау. Топ өздерінің 4 ережесін жасанды интеллект көмегімен көрнекі инфографика түрінде дайындайды. Дайын жұмысты сынып алдында таныстырып, әр ереженің маңызын түсіндіріп қорғайды. Бағалау критерийі: – 4 нақты ереже ұсынылған; – Инфографика түсінікті, көрнекі және жүйелі безендірілген; – Топ өз ережелерінің маңызын дәлелдеп қорғады. ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» өзара бағалау жүргізеді (егер «ЖИГСО» әдісі арқылы қорғалған болса) ҚБ: «Ең үздік ереже» бағалауы (егер «Галерея» әдісі арқылы қорғалған болса) Топтық талқылау арқылы оқушылар қорғаған инфографиканың үлгісі:



Инфографиканы жасау үшін *Gemini*, *Copilot* немесе *ChatGPT* сияқты жасанды интеллект құралдарын пайдалануға болады.

МЕНИҢ КӨШЕ КОДЕКСІМ



Көшеде тәртіп – өзімізден басталады!

1
**ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР
ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ**



Жолдан тек жаяу жүргінші өткелінен өтетін, бағдаршамның сигналын сақтаймын.



2
**ТАРИХИ
ЕСКЕРТКІШТЕРДІ
БҮЛДІРМЕУ**



Ескерткіштер – біздің тарихымыз. Оларды қорғаймын, бүлдірмеймін, құрметтеймін.



3
**КӨШЕ
ТАЗАЛЫҒЫН
САҚТАУ**



Қоқысты қоқыс жәшігіне лақтырмай, көшені таза ұстауға үлес қосамын.



4
**КӨШЕ
ТЫНЫШТЫҒЫН
БҮЗБАУ**



Дыбыс көтермеймін, басқалардың тыныштығын құрметтеймін.



БУЛАР БІЗДІ БІРІКТІРЕДІ!

ТАРТІПТІ КӨШЕ – ТӘРБИЕЛІ АЗАМАТТЫҢ БЕЛГІСІ!



ТАРТІПТІ КӨШЕ – ТӘРБИЕЛІ АЗАМАТТЫҢ БЕЛГІСІ!

Жұптық жұмыс.
Кейс талдау.
Құқықтық жағдаяттар,
«Заңнамалық қоржын»

Оқушылар жұпта кейстерге талдау жүргізеді. Сабаққа арналған құқықтық кейс блогы

Бағалау критерийі:



	үлестіріме материалын жұптарға ұсынады <i>Оқушыларға жағдаятқа құқықтық баға беруде заң баптарынан дәлел келтіру керектігін ескерту қажет.</i>	– Жағдаятқа қатысушылардың заңды/заңсыз әрекетін ажыратады; – Орын алған ереже бұзушылықтарды атайды; – Заң нормаларына сүйене отырып, жағдаятқа құқықтық баға береді. ҚБ: «Ең үздік жауап» (стикер арқылы немесе PADLET тақтасында жұпқа дауыс беру арқылы бағалау жүргізу педагогтың таңдауына беріледі)
Сабақтың соңы	Сабақ бойынша рефлексия: «Үш батыл қадам» 1-«Білемін» 2-«Үйрендім» 3-«Кеңес беремін»	Оқушылар «Үш батыл қадам» рефлексиясы бойынша жауап береді. 1-«Білемін» (бұрын білетін тәртіп ережелерін атайды) 2-«Үйрендім» (сабақ барысында үйренген жаңа ережелерді атайды) 3-«Кеңес беремін» (достарына заң аясында қандай кеңес бере алатындығын айтады)
	Қорытынды «Үш батыл қадам» 	

Сабаққа арналған құқықтық жағдаяттар бөлімі

Педагогке кеңес: Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға заң мәтінімен тікелей жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Жағдаяттарға талдау жасап, қатысушылардың заңды және заңсыз әрекеттерін анықтайды. Заң мен Тәртіп талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті айқындап, жағдаятқа қатысушылардың әрекетіне заң баптарына сүйене отырып құқықтық баға береді.

Құқықтық жағдаяттар:

№1 жағдаят: Б. есімді оқушы оқу жылының басынан бері сабаққа күн сайын спорттық киіммен келіп жүреді. Себебі оған заманауи спорттық стиль



ұнайды және өзін сол киімде ыңғайлы сезінеді. Сынып жетекшісі Б.-ға бірнеше рет ескерту жасап, мектеп формасын сақтау қажеттігін түсіндіргенімен, ол бұл талаптарды орындаудан бас тартып, ескертулерді елемей келеді.

Жағдаяттар бойынша сұрақтар:

1) Оқушының әрекетін анықтаңыз? (заңды / заңсыз)

2) Оқушы тарапынан қандай заң мен тәртіп ережелерін бұзушылық орын алды? (Оқушы тарапынан.....ереже бұзушылықтар орын алды)

3) Оқушыға мектеп ережесін сақтауға байланысты заң мен тәртіп тұрғысынан қандай ақыл-кеңес айтар едіңіздер? (Заң баптарын пайдалана отырып, ақыл-кеңес беріңіз)

«Заңнамалық қоржын»:

1) Мектептегі тәртіп ережелеріне қатысты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-бабы 2-тармағы б) тармақшасы: «Ата-аналар (заңды өкілдер) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.»

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» бекітілген (2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы – жаңа редакцияда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98)

Мектеп формасына қойылатын негізгі талаптар:

- мектеп формасы зайырлы сипатта болуы тиіс;
- классикалық стильде болуы тиіс;
- бірыңғай түсте болуы тиіс;
- ашық, көзге оғаш түстер қолданылмайды;
- мектеп бекіткен үлгі сақталуы тиіс.

Мектеп формасын сақтамау – мектептің ішкі тәртіп ережелерін бұзу болып табылады және ескерту жасауға немесе ата-анамен түсіндіру жұмыстарының жүргізілуіне әкелуі мүмкін.

№2 жағдаят: Е. және Б. сабақтан кейін Instagram желісіне ерекше контент жариялауды шешті. Олар қаладағы көлік қозғалысы өте қарқынды көшелердің бірін таңдады. Кешкі уақытта жолдың ортасындағы жолақ сызықтың үстіне шығып, селфи түсірді. Сол кезде жүргізушілердің бірі оларды байқап, көлігін күрт тоқтатуға мәжбүр болды. Нәтижесінде жол қозғалысында қауіпті жағдай туындап, басқа көліктердің қозғалысына кедергі келді.

Жағдаяттар бойынша сұрақтар:

1) Оқушылардың әрекетін анықтаңыз? (Оқушылардың әрекеті заңды / заңсыз)

2) Оқушылар тарапынан қандай заң мен тәртіп ережелерін бұзушылық орын алды? (Оқушылар тарапынан.ереже бұзушылықтар орын алды)



3) Оқушыларға көшедегі тәртіп ережесін сақтауға байланысты заң мен тәртіп тұрғысынан қандай ақыл-кеңес айтар едіңіздер? *(Заң баптарын пайдалана отырып, ақыл-кеңес беріңіз)*

«Заңнамалық қоржын»:

Қазақстан Республикасы «Жол жүрісі туралы» Заңы. 56-бап. («Жаяу жүргіншінің құқықтары мен міндеттері»)

Жаяу жүргіншілер:

– Тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруге тиіс;
– Жолдың жүру бөлігін тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы кесіп өтуге тиіс;

– Бағдаршамның рұқсат беретін сигналы бойынша өтуге тиіс;

– Жолға кенеттен шығып кетпеуге тиіс;

– Көлік құралдарының қозғалысына кедергі келтірмеуге тиіс.

Жаяу жүргіншілердің жол жүрісі қағидаларын бұзуы ескерту жасауға немесе әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазақстан Республикасында әкімшілік жауаптылық, негізінен, 16 жасстан басталады. Сондықтан:

– 16 жасқа толған оқушы жол ережесін бұзса, әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін;

– 16 жасқа толмағандарға профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, кей жағдайда ата-аналары жауапты болады.

№3 жағдаят: А. есімді оқушы сабақ барысында мұғалімнің ұялы телефонды пайдаланбау туралы ескертуіне қарамастан, телефонын жасырын қолданып отырды. Сабақ кезінде тақта алдында жауап беріп тұрған сыныптасын оның рұқсатынсыз видеоға түсіріп алды. Кейін бұл бейнежазбаны TikTok әлеуметтік желісіне жариялап жіберді.

Жағдаяттар бойынша сұрақтар::

1) Оқушының әрекетін анықтаңыз? (заңды / заңсыз)

2) Оқушы тарапынан қандай заң мен тәртіп ережелерін бұзушылық орын алды? *(Оқушы тарапынан.....ереже бұзушылықтар орын алды)*

3) Оқушыға мектептегі және интернеттегі ережені сақтауға байланысты заң мен тәртіп тұрғысынан қандай ақыл-кеңес айтар едіңіздер? *(Заң баптарын пайдалана отырып, ақыл-кеңес беріңіз)*

«Заңнамалық қоржын»:

1) Интернеттегі тәртіп ережелеріне қатысты. Қазақстан Республикасы Конституциясы, 20-бап, 1- тармақ. «Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиісуге болмайды және олар заңмен қорғалады.»

2) Қазақстан Республикасы Конституциясы, 21-бап: «1. Жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына. заңмен кепілдік беріледі.»

3) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі. 145-бап, 1-тармақ: «Қандай да бір адамның суреттік бейнесін (фото, бейне, бейнежазбасын) оның келісімінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ.»



4) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 47-бабы, 10-1-тармағы: *«Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге оқу процесі кезінде ұялы байланыс құрылғыларын пайдалануға жол берілмейді, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жағдайларды қоспағанда.»*

Осы баптың негізінде:

- Телефонды оқу мақсатында және мұғалімнің тапсырмасы бойынша қолдануға болады;
- Сабақ кезінде телефон арқылы әлеуметтік желілерге кіруге, хат алмасуға, бейнежазба түсіруге, ойын ойнауға болмайды;
- Телефонды сабақ барысында жеке мақсатта пайдалануға болмайды.

Бөлім: Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері

Сабақтың тақырыбы: Есірткілер, вейптер, есірткінің «жасырын қоймалары», психобелсенді заттар

Оқу мақсаты: Есірткі заттарды пайдалану, сақтау және таратудың құқықтық және әлеуметтік салдарын талдау

Сабақ мақсаттары:

- Есірткі заттарды пайдаланудың, сақтаудың және таратудың себептері мен салдарын анықтайды;
- Құқықтық жауапкершілік түрлерін түсіндіреді;
- Қауіпті жағдайлардың алдын алу жолдарын ұсынады.

Ресурстар: Жасанды интеллект құралдары арқылы орындалатын тапсырмалар, постер үлгілері, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушыларды Random Group Generator платформасы арқылы 4 топқа бөлу	Сынып оқушылары тізім бойынша Random Group Generator платформасында кездейсоқ әдіспен топқа бөлінеді. Топтарға төмендегі атаулар беріледі ✓ Кейіпкер ✓ Құрбы-құрдас ✓ Дәрігер ✓ Заңгер 



		Үлгі: https://static.sps.ed.ac.uk/groupallocator/
	Бейнеролик көрсету. «Дерт» 11 жастағы нашақорлар есірткі сатқан балалар (4 мин 57 секунд) https://www.youtube.com/watch?v=gF4opH0KSNC <u>Ескерту:</u> Педагог тарапынан бейнеролик көрсету алдында оқушыларға ары қарайғы жұмысымызда осы бейнероликтегі жағдаятты пайдаланамыз деп ескертілу керек	Оқушылар бейнероликті мұқият қарайды.
Сабақтың ортасы	Топтық жұмыс. «Стивен Брукфильдтің төрт линзасы» әдісі. Есірткі заттарды пайдалану, сақтау және таратудың құқықтық және әлеуметтік салдарын әртүрлі көзқарас тұрғысынан талдау Сабаққа арналған құқықтық кейс блогы. Кейіпкерлерге тиісті сұрақтар үлестіріледі. «Заңнамалық кеңес» бөлімі заңгер тобына қосымша беріледі Педагогке арналған үлгі:	Төрт топ бейнероликті «Стивен Брукфильдтің төрт линзасы» әдісі бойынша рөлдерге бөлініп, Есірткі заттарды пайдалану, сақтау және таратудың құқықтық және әлеуметтік салдарын әртүрлі көзқарас тұрғысынан талдайды Топ жұмысының қадамдары: 1-қадам. Бейнероликті көру. Оқушылар роликті көріп отырып: ✓ Кейіпкердің әрекеттерін; ✓ Қабылдаған шешімдерін; ✓ Оның салдарын; ✓ Айналасындағы адамдарға әсерін анықтайды. 2-қадам. Төрт линза бойынша талдау Әр топ өз рөлі тұрғысынан мына үш сұраққа жауап дайындайды: 1. Бұл жағдай неліктен болды? (себебін түсіндіреді) 2. Оның салдары қандай болды? (әлеуметтік, құқықтық немесе денсаулыққа әсері)



		3. Мен қандай кеңес берер едім? (алдын алу жолдары) 3-қадам. <i>Топтық қорғау</i> Бағалау критерийлері: – Кейіпкер әрекетінің себебін түсіндіреді; – Есірткіні пайдаланудың, сақтаудың немесе таратудың құқықтық және әлеуметтік салдарын анықтайды; – Өз рөлінің көзқарасынан пікір білдіреді; – Қауіпті жағдайдың алдын алу бойынша ұсыныс береді; – Өз ойын дәлелдермен негіздейді. ҚБ: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» (өзара бағалау жүргізіледі)	
Сабақтың соңы	❖ Рефлексия. «Шешім қабылдау» кестесі	Оқушылар кесте бойынша сабаққа рефлексия жасайды.	
	✓ Мен білдім	<i>Мысалы:</i> Мен білдім Есірткі, вейн пен психобелсенді	
	✓ Мен түсіндім		
	✓ Мен әрекет етемін		



			заттардың зияны туралы	
		Мен түсіндім	есірткіні сақтау мен тарату заңмен жазаланатынын	
		Мен әрекет етемін	күмәнді ұсыныстардан бас тартамын	

Сабаққа арналған құқықтық кейс блогы

Педагогке кеңес: Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға алдымен бейнероликті мұқият қарауға кеңес беру керек. Бейнероликтегі кейіпкерлер басынан өткен жағдаяттарды «Кейіпкер. Құрбы-құрдас. Дәрігер. Заңгер» тұрғысынан рөлдерге бөлініп, есірткі заттарды пайдалану, сақтау және таратудың құқықтық және әлеуметтік салдарын талдайды

Құқықтық жағдаяттар:

№1 жағдаят: Бейнеролик көрсету. «Дерт»| 11 жастағы нашақорлар | есірткі сатқан балалар (4 мин 57 секунд)

<https://www.youtube.com/watch?v=gF4opH0KSNC> (Қаралған күні: 22.08.2026 ж.)

Рөлдік топтарға берілетін сұрақтар:

1) Бейнеролик кейіпкерінің көзқарасы:

- Мен бұл жағдайға қалай тап болдым?
- Қандай қателік жібердім?
- Бұл әрекет менің денсаулығым, оқуым, болашағым қалай әсер етті?
- Менің орнымда басқа бала болса, оған қандай кеңес берер едім?

2) Құрбы-құрдас көзқарасы

- Мен құрбым (құрдасым) қандай қателік жіберді?
- Бұл жағдайдың алдын алуға болар ма еді?
- Құрбы-құрдастардың қолдауы не үшін маңызды?
- Осындай жағдайға тап болған құрбыма (құрдасым) не айтар едім?

3) Дәрігер көзқарасы

- Кейіпкердің бұл әрекеті оның денсаулығына қандай зиян келтіруі мүмкін?
- Егер бұл әрекет жалғаса берсе, оның болашағына қандай қауіп төнеді?
- Дәрігер ретінде кейіпкерге қандай кеңес берер едіңіз?
- Осындай жағдайға түскен жасөспірім қайда және кімнен көмек сұрауы керек?

3) Заңгер көзқарасы

- Кейіпкер қандай құқық бұзушылық жасады?
- Оның әрекетінің заңдық салдары қандай?



– Мұндай жағдайға тап болған жасөспірім не істеуі керек?

– Заңды бұзбау үшін қандай кеңес бересіз?

Заңгер тарапынан берілетін «Заңнамалық кеңес»:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы, 37-бап: *«1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.»*

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылықтың жалпы жасы – 16 жас. Жекелеген ауыр қылмыстар үшін жауаптылық 14 жастан басталады. Қолданылатын жаза түрлері:

– Айыппұл салу (егер өз табысы немесе мүлкі болса);

– Қоғамдық немесе түзеу жұмыстарына тарту;

– Бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру;

– Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (арнайы оқу-тәрбие мекемесіне орналастыру, мінез-құлықты шектеу).

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, 297-бап. («Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу»): *«4..... есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді білім беру ұйымдарында не көрінеу кәмелетке толмаған адамға өткізу – мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»*

Сабақтың тақырыбы: Есірткілер, вейптер, есірткінің «жасырын қоймалары», психобелсенді заттар (2-сабақ үлгісі)

Оқу мақсаты: Есірткі заттарды пайдалану, сақтау және таратудың құқықтық және әлеуметтік салдарын талдау

Оқу форматы: Топтық зерттеу

Практикалық тапсырма: «Оңай табыс» сыртындағы тұзақ

Тапсырма мақсаты: Оқушыларға әлеуметтік желілердегі заңсыз жұмыс ұсыныстарының (курьер/куратор) құқықтық қауіптерін және вейп, есірткі заттарын таратудың қылмыстық салдарын түсіндіру.

Тапсырманы орындау алгоритмі:

1. Оқушылар интернеттегі күмәнді жұмыс хабарландыруларының мәтінін сараптайды.

2. Шағын топтарда бұл әрекеттердің (жасырын орынға қалдыру-«закладка») заңдық сипатын талқылайды.

3. Мұндай ұсыныстардан бас тартудың заңды алгоритмін құрастырады.

Дескриптор:

– белгісіз тұлғалар ұсынатын жұмыстардың заңсыз белгілерін дұрыс анықтайды;

– есірткі мен вейп өнімдерін заңсыз айналымға енгізудің (таратудың) құқықтық тәуекелдерін негіздейді;



– күмәнді ұсыныстарға қарсы «құқықтық бас тарту» позициясын қалыптастырады.

Күтілетін нәтижелер:

– Оқушылар заңсыз заттарды (вейп, есірткі) байланыссыз тәсілмен таратудың ауыр қылмыс екенін ұғынады;

– «оңай олжа» туралы жарнамаларды сыни тұрғыдан қарап, заң нормалары негізінде талқылап өз қауіпсіздігін қорғай алады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Мессенджердегі хабарлама».

8-сынып оқушысы Мараттың Telegram желісіне белгісіз біреуден хабарлама келді. Хатта: «Саған күніне 2-3 сағат жұмыс істеп, жоғары табыс табу жолын ұсынамын. Саған ешқандай тәжірибе керек емес. Тек біз көрсеткен кішкентай түйіншектерді қала ішіндегі жасырын орындарға қалдырып, суретке түсіріп жіберсең болды. Бұл ешқандай қауіпті емес, өйткені сені ешкім көрмейді» делінген.

Сұрақтар:

– Маратқа ұсынылған бұл жұмыстың заң тіліндегі атауы қандай және оның астарында қандай қылмыс жатыр?

– Бұл әрекет «байланыссыз тарату» түріне жата ма? Оның құқықтық салдары қандай?

– Марат бұл жағдайда қандай шешім қабылдауы керек? Мұндай хабарламаларды құқық қорғау органдарына ескерту үшін қандай цифрлық платформаларды қолдануға болады?

2-жағдаят. «Вейп және мектеп ауласы».

Оқушылар арасында вейп (электронды темекі) өнімдерін қолдануға және таратуға заңмен тыйым салынғанын біле тұра, жоғары сынып оқушысы Асан мектеп ішінде өзінің таныстарына вейп құрылғыларын сатумен айналыспақшы болды. Ол мұны: «Мен есірткі сатып жатқан жоқпын, бұл жай ғана электронды шылым, сондықтан маған ештеңе істей алмайды» деп түсіндірді.

Сұрақтар:

– Еліміздің заңнамасы бойынша вейп өнімдерін сатуға, таратуға және әкелуге қандай тыйымдар салынған?

– Асанның «бұл есірткі емес, сондықтан жауапкершілік жоқ» деген уәжі заң тұрғысынан қаншалықты дұрыс?

– Мектеп әкімшілігі мен құқық қорғау органдары мектеп ауласындағы мұндай құқық бұзушылықты қалай реттейді?

3-жағдаят. «Сенім мен алдау».

14 жасар Дәуренге досы: «Маған бір танысым қорапша беріп жіберді, соны пәленше мекенжайдағы ағаштың түбіне тастап кетші, менің қолым тимей жатыр, сүйіншісіне саған ақша беремін» деп өтініш (өтініш) жасады. Дәурен қораптың ішінде не барын білмесе де, досына сеніп, айтқан жеріне апарып тастады. Сол сәтте ол полиция қызметкерлерінің құрықтауына түсті.

Сұрақтар:



– Дәуреннің ішінде не барын білмей заңсыз затты тасымалдауы оны қылмыстық жауапкершіліктен босата ма?

– Жасырын орынға қалдыру («жасырын орынға қалдыру») қылмысына қатысы бар екенін білмеу заң алдында қалай қарастырылады?

– Өз замандастарыңызды мұндай «достық көмек» атын жамылған заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қандай ережелерді есте сақтау қажет?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

«Заң мен Тәртіп» курсы аясында бұл тақырыпты өткізгенде мұғалім оқушыларға есірткі заттары мен вейптерді таратудың құқықтық салдары өте ауыр екенін нақты фактілермен жеткізуі тиіс. Қазіргі құқықтық жүйеде байланыссыз тәсілмен («жасырын орынға қалдыру») заңсыз заттарды таратқандар қатаң жауапкершілікке тартылады. Сабақ соңында мұғалім тақтаға бірнеше хабарландыру мәтіндерін шығарады (мысалы: «Аптасына 500 мың теңге табыс», «Курьер керек, жасырындылық кепіл»). Оқушылар бұл хабарландыруларды заңдық тұрғыдан «сүзгіден» өткізіп, олардың қайсысы қылмыстық тұзақ екенін жылдам анықтап, дәлелдеуі керек. Бұл оқушылардың ақпараттық сауаттылығын бекітеді.

Бөлім: Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері

Сабақтың тақырыбы: Буллинг және кибербуллинг, онлайн чаттарда жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты тарату
Оқу мақсаты: Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және онымен күресу үшін цифрлық ортада қауіпсіз және жауапты мінез-құлық нормаларын қолдану

Сабақ мақсаттары:

- Буллинг пен кибербуллинг белгілерін ажыратады;
- Онлайн чаттарда жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты тарату туралы құқықтық жағдаяттарды талдайды;
- Цифрлық ортада қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық ережелерін қолданады.

Ресурстар: ЖИ арқылы орындалатын тапсырмалар, инфографика үлгілері, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру.	Оқушыларды 3 топқа бөлу



	Қызығушылықты ояту. «Тез шешім» Интерактивті тақтадан буллинг пен кибербуллинг белгілері ажырату тапсырмасы беріледі <i>Тапсырма орындалғаннан кейін, педагог тарапынан оқушыларға терминдердің анықтамасын беру қажет.</i> <i>Буллинг</i> – бір адамның немесе топтың басқа адамға қасақана және жүйелі түрде психологиялық, физикалық немесе әлеуметтік қысым көрсетуі. <i>Кибербуллинг</i> – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (интернет, әлеуметтік желі, мессенджерлер) пайдалану арқылы адамды қасақана және жүйелі түрде қорлау, қудалау немесе кемсіту	Оқушылар https://learningapps.org/display?v=pbdtm2bc26 платформасы арқылы тез жауап береді. Буллинг пен кибербуллингтің белгілерін ажыратады (Үлгі)  Сабақтың мақсатын айқындайды.
Сабақтың ортасы	Жағдаяттарды талқылау <i>Сабаққа арналған құқықтық кейс блогы.</i> Топтарға жағдаяттар таратылады. «Заңнамалық қоржын» барлық топ оқушыларына жағдаятпен бірге таратылады.	Оқушылар топтық жұмыста жағдаятты талқылап, құқықтық баға береді Топ жұмысының қадамдары: 1-қадам: <i>Жағдаятты топта талқылайды;</i> 2-қадам: <i>Жағдаятқа жауап береді</i> – Кибербуллинг белгісін анықтайды; – Оқушының әрі қарай қандай әрекет жасауы керектігіне кеңес береді; – Жағдаятқа құқықтық баға береді <i>Бағалау критерийі:</i> – кибербуллинг белгілерін анықтайды; – бұзылған құқықтарды көрсетеді; – заңнамалық нормаларды



		қолданады; – мәселені шешу жолдарын ұсынады. ҚБ: «Ең үздік жауап» (өзара бағалау жүргізіледі)
	«Кибербуллингке қарсы менің 5 алтын ережем» Топ оқушыларына инфографика құруға тапсырма беріледі.	1-қадам – Топта талқылау жүргізу. Оқушылар цифрлық ортада сақталуы тиіс маңызды ережелерді талқылайды; 2-қадам – 5 нақты ереже құрастыру. Топ мүшелері ортақ келісімге келіп, «Кибербуллингке қарсы менің 5 алтын ережеме» енгізілетін 5 нақты және түсінікті ережені анықтайды. Ережелер оқушылардың қауіпсіздігіне, сыйластыққа, жауапкершілікке және тәртіпке негізделуі тиіс; 3-қадам – Ережелерді ЖИ арқылы инфографикада ұсыну және қорғау. Топ өздерінің 5 ережесін жасанды интеллект көмегімен көрнекі инфографика түрінде дайындайды. Дайын жұмысты сынып алдында таныстырып, әр ереженің маңызын түсіндіріп қорғайды. <i>Бағалау критерийі:</i> – 5 нақты ереже ұсынылған; – Инфографика түсінікті, көрнекі және жүйелі безендірілген; – Топ өз ережелерінің маңызын дәлелдеп қорғайды. ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» өзара бағалау жүргізеді Инфографиканы жасау үшін <i>Gemini</i>, <i>Copilot</i> немесе <i>ChatGPT</i> сияқты жасанды интеллект құралдарын пайдалануға болады.



Топтық талқылау арқылы оқушылар қорғаған инфографи каның үлгісі:



Сабақтың соңы

Рефлексия. «Бір әрекет» әдісі
«Интернетте өзінді қорғау үшін қандай әрекет жасайсың?»

Оқушылар сұраққа бір әрекет арқылы жауап береді:

Мысалы:

- Жеке мәліметтерімді жарияламаймын.
- Күмәнді аккаунттарды бұзаттаймын.
- Қорлайтын хабарламаларға жауап бермеймін.
- Ата-анама немесе мұғалімге хабарлаймын.
- Қауіпсіздік бантауларын күшейтемін.

Сабаққа арналған құқықтық кейстер бөлімі

Педагогке кеңес: Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға заң мәтінімен тікелей жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Жағдаяттарға талдау жасап, күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін заңдарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіруі қажет.

Құқықтық жағдаяттар:



1- жағдаят: «Жалған қауесет». 8-сынып оқушысы А.-ға сыныптағы чатқа қатысып отырған кезде белгісіз біреу оның атынан жалған ақпарат таратады. Чатта «А. сыныптастары туралы жаман сөздер айтып жүр» деген хабарламалар жарияланады. Кейбір оқушылар бұл ақпаратқа сеніп, А.-ға жағымсыз пікірлер жаза бастайды. Нәтижесінде оның абыройына нұқсан келіп, сыныптастарымен қарым-қатынасы нашарлады.

Талқылау сұрақтары:

- 1) Бұл жағдайда қандай құқықтар бұзылды?
- 2) Оқушы не істеуі керек?
- 3) Сыныптастары қалай әрекет етуі тиіс?
- 4) Оқушыға және сыныптастарына заң тұрғысынан қандай кеңес бересің?

Заңнамалық кеңес. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі 274-бап. («Көрінеу жалған ақпарат тарату») «3) масс-медианы, телекоммуникация желілерін және онлайн-платформаларды пайдалана отырып жасалған көрнеу жалған ақпарат тарату – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

2-жағдаят. «Ар намысқа тиетін жазба». 8-сынып оқушысы Н. туралы әлеуметтік желідегі сыныптық чатта бірнеше оқушы оның сыртқы келбетін мазақтап, ар намысқа тиетін хабарламалар жариялайды. Кейін бұл жазбалар басқа чаттарға да таралады. Н. өзін ыңғайсыз сезініп, мектепке барудан қашқақтай бастайды.

Талқылау сұрақтары:

- 1) Бұл әрекетті неге кибербуллинг деп атаймыз?
- 2) Қорлайтын ақпараттың таралуы қандай салдарға әкелуі мүмкін?
- 3) Мұндай жағдайда кімнен көмек сұрауға болады?
- 4) Оқушыға және сыныптастарына заң тұрғысынан қандай кеңес бересің?

Заңнамалық кеңес. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі. 131-бап. («Қорлау»)

«1. Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Көпшілік алдында немесе масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.»

3-жағдаят. «Рұқсатсыз жарияланған сурет». 8-сынып оқушысы Д.-дың мектептегі іс-шарада түсірілген сәтсіз суретін бір оқушы чатқа жариялап, астына келемеждейтін пікірлер жазады. Басқа оқушылар суретті бөлісіп, түрлі мазақ



сөздер қалдырады. Д.-дың намысына тиіп, ол өзін көпшілік алдында ыңғайсыз сезінеді.

Талқылау сұрақтары:

- 1) Суретті жарияламас бұрын қандай ережелерді сақтау керек?
- 2) Д.-дың орнына өзің болсаң не істер едің?
- 3) Мұндай жағдайдың алдын алу үшін не істеу керек?
- 4) Оқушыға және сыныптастарына заң тұрғысынан қандай кеңес бересің?

Заңнамалық кеңес. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі. 145-бап. («Өз бейнесіне құқық»)

«1. Қандай да бір адамның суреттік бейнесін оның келісімінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ.

2. Басқа адам бейнелеген бейнелеу туындыларын (сурет, фотосурет, кинофильм және басқалар) - бейнеленген адамның келісімімен ғана жариялауға, қайта шығаруға, пайдалануға және таратуға жол беріледі. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленсе, не бейнеленген адам ақы алып кескінделген болса, ондай келісім талап етілмейді.»

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі. 147-бап. («Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу»)

«2. Адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау не өзге де дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу (таратуды қоспағанда) нәтижесінде адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру – бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзету жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

Сабақтың тақырыбы: Буллинг және кибербуллинг, онлайн чаттарда жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты тарату

Оқу мақсаты: Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және онымен күресу үшін цифрлық ортада қауіпсіз және жауапты мінез-құлық нормаларын қолдану

Оқу форматы: құқықтық өзін-өзі қорғау сабағы

Тапсырма үлгісі: Практикалық тапсырма «Киберкеңістіктегі қауіпсіздік қалқаны»

Тапсырма мақсаты: Оқушыларға желідегі қудалау (кибербуллинг) кезінде заңды және қауіпсіз әрекет етудің практикалық қадамдарын үйрету.

Тапсырманы орындау алгоритмі:

1. Оқушылар интернет-чаттардағы агрессия мен қорлау жағдайларын сипаттайтын модельдік мысалдармен танысады.



2. Олар кибербуллингке тап болған сәтте «Скриншот → блоктау → хабарлау» ережесін қалай іске асыру керектігін рөлдік ойын арқылы (жүппен) сахналайды.

3. Мектеп психологына немесе құқық қорғау органдарына жазылатын хабарламаның/өтініштің мазмұнын талқылайды.

Дескриптор:

– Онлайн кеңістіктегі ар-намысқа нұқсан келтіретін әрекеттерді буллинг/кибербуллинг ретінде дұрыс ажыратады;

– Кудалауға тап болғанда «Скриншот → блоктау → ата-анаға/мұғалімге хабарлау» алгоритмін нақты қолдана біледі;

– Желідегі құқық бұзушылықтың алдын алу және өзін қорғау жолдарын заңды тұрғыда негіздейді.

Күтілетін нәтижелер:

– Оқушылар онлайн чаттарда өзгенің ар-намысын қорлаудың заңсыздығын түсінеді;

– кибербуллинг жағдайында стресске түспей, құқықтық алгоритмді нық қолданып, өзін және достарын қорғай алатын болады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Сынып чатындағы кудалау».

8-сынып оқушылары мұғалім жоқ бейресми WhatsApp чатын ашты. Онда бір топ оқушы сыныптасы Арманның сыртынан түсірілген сәтсіз суретін стикерге айналдырып, оның үстінен күліп, қорлайтын сөздер жаза бастады. Арман бұл жағдайға қатты ренжіп, чаттан шығып кетті, бірақ оқушылар оны қайта қосып, келемеждеуді жалғастырды.

Сұрақтар:

1. Сынып чатындағы бұл әрекетті буллинктің қай түріне жатқызамыз? Оның адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне әсері қандай?

2. Арман бұл сәтте эмоцияға берілмей, сабақта үйренген «Скриншот → блоктау → хабарлау» алгоритмін қалай жүзеге асыруы керек?

3. Чатта бұл қорлауды үнсіз бақылап отырған басқа оқушылардың әрекеті заңдық және моральдық тұрғыдан қаншалықты дұрыс? Олар не істеуі керек еді?

2-жағдаят. «Жалған аккаунт және жала жабу».

Желіде Аружанның атынан белгісіз біреу жалған (фейк) парақша ашып, оның жеке суреттерін рұқсатсыз жариялады. Оған қоса, Аружан туралы шындыққа жанаспайтын, оның беделіне нұқсан келтіретін өтірік ақпараттар таратты. Аружан бұл жағдайды көріп, қатты уайымдап, мектепке барудан бас тартты.

Сұрақтар:

1. Біреудің атынан жалған парақша ашып, ар-намысқа тиетін мәліметтерді тарату заң бойынша қандай жауапкершілікке әкеледі?

2. Аружан бұл жағдайда дәлелдемелерді (скриншоттарды) жоғалтып алмас үшін ең алдымен не істеуі қажет?



3. Бұл мәселені құқықтық өрісте шешу үшін Аружан мен оның ата-анасы мемлекеттік органдарға қалай жүгіне алады?

3- жағдаят. «Ойын чатындағы қоқан-лоқы».

Айдос танымал онлайн ойын барысында басқа команданың ойыншысымен сөзге келіп қалды. Қарсыласы Айдостың әлеуметтік желідегі парақшасын тауып алып, жеке хат алмасу бөлімінде: «Егер маған ойын ішіндегі қымбат затыңды бермесең, мен сенің қай мектепте оқитыныңды білемін, достарыммен барып сабасып кетемін» деп қорқытты.

Сұрақтар:

1. Онлайн ойын немесе әлеуметтік желідегі мұндай қоқан-лоқы заң тұрғысынан жай ғана «ойын» болып санала ма, әлде құқық бұзушылық па?

2. Бұл жағдайда «блоктау» қадамы не үшін маңызды және қауіптің алдын алуға қалай көмектеседі?

3. Айдос бұл қауіп туралы ата-анасына немесе мұғаліміне айтудан қорықса, оған қандай құқықтық кеңес берер едіңіздер?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Кибербуллинг тақырыбы оқушылардың психологиялық қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Мұғалім сабақ барысында интернетте қалдырылған кез келген балағат сөз немесе қорлаудың заңды салдары бар екенін, ал жәбірленуші тараптың өзін қорғауға толық құқығы бар екенін түсіндіруі қажет. Сабақ соңында мұғалім тақтаға «Скриншот», «Блоктау», «Хабарлау» деген үш баған белгілейді. Оқушылар қолдарындағы стикерлерге әр қадамның не үшін маңызды екенін (мысалы: *Скриншот* - заңды дәлел жинау үшін, *Блоктау* - агрессияны тоқтату үшін, *Хабарлау* - көмек алу үшін) қысқаша жазып, тиісті бағанға жабыстырады. Бұл алгоритмнің жадында берік сақталуын қамтамасыз етеді. Кері байланыс «Сенім хат» әдісін қолдануға болады. Оқушыларға рефлексия парағы таратылады. Онда мынадай сұрақтар қамтылады: Менің құқықтық қалқаным: Желіде маған қарсы буллинг басталса, мен қолданатын алғашқы үш қадам қандай?

Бөлім: Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері

Сабақтың тақырыбы: Буллинг және кибербуллинг, онлайн чаттарда жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты тарату.

Оқу мақсаты: Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және онымен күресу үшін цифрлық ортада қауіпсіз және жауапты мінез-құлық нормаларын қолдану

Сабақ форматы: талдау сабағы немесе тренинг-сабақ

Практикалық тапсырма: «Онлайн чаттағы жағдай: дұрыс шешім қабылда!»



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Сол жақта: Онлайн чаттардағы қорлау мен келемеждеудің (буллингтің) адамға қалай әсер ететіні және оның ауыр салдары.

Оң жақта: Оқушылар арасындағы сыйластық, қолдау және шынайы достық атмосферасы.

Тапсырма мақсаты: Оқушыларға онлайн ортадағы буллинг пен кибербуллинг белгілерін таныту, қауіпті цифрлық жағдайды құқықтық және адамгершілік тұрғыдан бағалату, сондай-ақ дұрыс әрекет алгоритмін құруға үйрету.

Тапсырманы дайындау алгоритмі. Алдымен мұғалім оқу мақсатына сәйкес кибербуллингке қатысты өмірлік жағдаятты әзірлейді. Жағдаятты мұғалім өз бетінше құрастырады немесе жасанды интеллект көмегімен дайындалған үлгілік онлайн чат көрінісін пайдалана алады. Жағдаятты шынайы өмірде кездесуі мүмкін жағдайларға негіздеу ұсынылады. Мысалы, сыныптық чатта оқушыны келемеждейтін суретті жариялау, кемсітетін пікір жазу, жалған ақпарат тарату немесе жеке суретті иесінің рұқсатынсыз бөлісу сияқты жағдайлар ұсынылады.

Келесі кезеңде мұғалім жағдаятты талдауға арналған жұмыс парағын әзірлейді. Талдау парағы оқушылардың мәселені құқықтық және адамгершілік тұрғыдан жан-жақты қарастыруына мүмкіндік беруі тиіс. Ол үшін жұмыс парағына «Бұл жерде не болып жатыр?», «Бұл әрекет буллинг пе, әлде кибербуллинг пе?», «Қандай құқық немесе құқықтық норма бұзылып тұр?», «Жәбірленуші қандай әрекет жасауы керек?», «Куәгер қандай әрекет жасауы керек?», «Чат әкімшісі, мұғалім немесе ата-ана қандай шара қабылдауы тиіс?» деген сұрақтарды енгізу ұсынылады.

Оқушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру мақсатында топтық жұмыс ұйымдастыру ұсынылады. Әр топ жағдаятты белгілі бір рөл тұрғысынан талдайды. Бірінші топ мәселені жәбірленушінің көзқарасымен, екінші топ куәгердің көзқарасымен, үшінші топ сынып жетекшісі немесе ата-ана рөлінде, ал төртінші топ чат әкімшісі немесе жауапты оқушы тұрғысынан қарастырады. Мұндай жұмыс түрі оқушылардың жағдаятқа әртүрлі қырынан қарап,



жауапкершілікті бөлісе отырып шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Тапсырманы орындау басталғанға дейін мұғалім бағалау критерийлерін нақтылап, оқушыларды күтілетін нәтижелермен таныстырады. Бағалау кезінде жағдаятты дұрыс талдау, құқықтық нормаларды анықтау, қауіпсіз әрекет алгоритмін ұсыну және ұсынылған шешімнің негізділігі ескеріледі.

Тапсырманы орындау алгоритмі. Алдымен оқушылар ұсынылған чаттағы жазбаларды немесе жағдаят мәтінін мұқият оқып, онда сипатталған оқиғаның мәнін анықтайды. Бұдан кейін олар жағдаяттағы әрекеттердің буллинг немесе кибербуллинг белгілеріне сәйкес келетіндігін дәлелдейді. Талдау барысында қорлау, келемеждеу, жалған ақпарат тарату, адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіру, жеке мәліметтер мен фотосуреттерді рұқсатсыз жариялау сияқты әрекеттерге назар аударылады.

Келесі кезеңде оқушылар мұндай әрекеттердің салдарын талдайды. Олар кибербуллинктің жәбірленушінің психологиялық жағдайына, әлеуметтік қарым-қатынасына және құқықтарының сақталуына тигізетін ықтимал әсерін сипаттап, оның қысқа және ұзақ мерзімді салдарын түсіндіреді.

Одан әрі оқушылар жағдаяттан шығудың қауіпсіз әрекет алгоритмін құрастырады. Ұсынылған шешімдерде арандатуға жауап бермеу, дәлел ретінде хат-хабардың немесе жарияланған материалдың скриншотын сақтау, күмәнді контентті әрі қарай таратпау, сенімді ересек адамнан көмек сұрау, сынып жетекшісіне, мектеп әкімшілігіне немесе ата-анасына хабарлау, қажет болған жағдайда цифрлық платформаның әкімшілігіне шағым жіберу және құқық бұзушыны бұғаттау сияқты әрекеттер қамтылуы тиіс.

Талдау аяқталғаннан кейін әр топ өз шешімін таныстырып, «Бұл жағдайда ең қауіпсіз әрі дұрыс әрекет...» деген тұжырыммен қорытынды жасайды. Өз пікірін дәлелдеу барысында оқушылар құқықтық нормаларға, цифрлық қауіпсіздік қағидаттарына және өзара құрмет қағидаларына сүйенеді.

Сабақ соңында әр оқушы «Менің цифрлық ортадағы 5 қауіпсіз ережем» атты жеке чек-парақ әзірлейді. Бұл жұмыс оқушылардың цифрлық кеңістіктегі жауапты мінез-құлық қағидаларын саналы түрде қалыптастыруына және күнделікті өмірде қолдануына мүмкіндік береді.

Дескриптор:

- Оқушылар буллинг пен кибербуллинг ұғымдарын ажыратады.
- онлайн чаттағы қауіпті немесе қорлайтын әрекеттерді анықтайды.
- ар-намыс пен қадір-қасиетке нұқсан келтіретін ақпараттың белгілерін таниды.
- жағдаятты құқықтық және этикалық тұрғыдан талдайды.
- жәбірленушіге қажетті қауіпсіз әрекеттерді ұсынады.
- куәгердің жауапты мінез-құлықын сипаттайды.
- кибербуллинг жағдайында дәлелді қалай сақтау керектігін түсіндіреді.
- көмек сұрауға болатын адамдар мен ұйымдарды атайды.
- цифрлық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық нормаларын құрастырады.



– өз ойын дәлелді және сауатты жеткізеді.

Күтілетін нәтиже:

Сабақ соңында оқушылар буллинг пен кибербуллинктің мәнін түсінеді және оларды нақты онлайн жағдайларда тани алады. Оқушылар цифрлық ортада жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау, жалған ақпарат тарату, мазақ ету, қорқыту сияқты әрекеттердің қауіпті әрі жауапсыз екенін ұғынады

Жағдаяттық тапсырмалар.

1-жағдаят «Сынып чатындағы жағымсыз пікірлер»

Сынып чатында бір оқушының сәтсіз түскен суретін басқа бір оқушы рұқсатсыз жіберіп, астына күлкілі әрі қорлайтын пікірлер жаза бастады. Кейін басқа оқушылар да күліп, эмодзи жіберіп, пікір қоса бастады. Сурет иесі чатқа мүлде жауап бермей қалды.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай мәселе туындады?
- Бұл буллинг пе, әлде кибербуллинг пе? Неліктен?
- Жәбірленушінің қандай құқығы немесе жеке шекарасы бұзылды?
- Чаттағы басқа оқушылардың әрекеті дұрыс па?
- Мұндай жағдайда жәбірленуші не істеуі керек?
- Куәгер ретінде сен қандай әрекет жасар едің?

2-жағдаят. «Жалған ақпарат тарату»

Оқушы туралы «ол бақылау жұмысында көшірді» деген хабарлама сыныптың ортақ чатына тарады. Бұл ақпарат дәлелденбеген еді, бірақ кейбір оқушылар оны әрі қарай басқа чаттарға жіберді. Нәтижесінде сыныпта ол оқушыға сенімсіздік пайда болды.

Сұрақтар:

- бұл жағдайда қандай қауіп бар?
- жалған ақпарат тарату неге қауіпті?
- мұндай әрекет адамның абыройына қалай әсер етеді?
- хабарламаны әрі қарай тарату дұрыс па?
- егер сен мұндай ақпарат алсаң, не істеуің керек?
- бұл мәселені бейбіт және дұрыс жолмен қалай шешуге болады?

3-жағдаят. «Жеке хатты жариялау»

Екі дос арасында жеке хат алмасу болды. Кейін олардың бірі ренжіп қалып, сол хаттардың скриншотын басқа чатқа салып жіберді. Хаттағы сөздер контекстен бөлек көрсетілгендіктен, басқа оқушылар теріс пікір қалыптастыра бастады.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай этикалық және құқықтық мәселе бар?
- Жеке хатты рұқсатсыз жариялау дұрыс па? Неге?
- Бұл әрекет жәбірленушіге қандай зиян келтіруі мүмкін?
- Скриншотты көрген оқушы не істеуі керек?
- Мұндай жағдайда кімнен көмек сұрауға болады?



– Осындай жағдайлардың алдын алу үшін қандай ереже ұсынар едің?

Қорытынды кезеңде мұғалім оқушылармен бірлесіп рефлексия жүргізеді. Рефлексия барысында кибербуллингтің алдын алуда құқықтық сауаттылықтың, цифрлық мәдениеттің, жауапты азаматтық ұстанымның және өзара сыйластықтың маңызы талқыланып, сабақтың негізгі нәтижелері жинақталады. Осылай ұйымдастырылған жұмыс оқушылардың құқықтық білімін тәжірибемен ұштастыруға, қауіпсіз цифрлық ортада дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

«Заңнамалық қоржын» (барлық топқа беріледі):

– Қазақстан Республикасы Конституциясы, 15-бап: *«2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.»*

– Қазақстан Республикасы Конституциясы, 20-бап: *«1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиісуге болмайды және олар заңмен қорғалады.»*

– Қазақстан Республикасы Конституциясы, 21-бап: *«1. Жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.»*

– Қазақстан Республикасы Конституциясы, 23-бап: *«4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.»*

– Қазақстан Республикасы Конституциясы, 37-бап: *«1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.»*

– Интернеттегі әрекеттер де нақты өмірдегідей заң талаптарына бағынады және онлайн ортада жасалған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік қарастырылған. Рұқсатсыз фото жариялау, әсіресе оның жеке өміріне қатысты құпия немесе беделді түсіретін жағдайлар қылмыстық іске айналуы мүмкін.

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар: Бұл тақырыпты 8-сыныпта оқыту барысында мұғалім тақырыптың өзектілігін ескеруі керек. Себебі буллинг пен кибербуллинг оқушылар өмірінде нақты кездесетін, эмоционалдық және әлеуметтік салдары ауыр мәселе. Сондықтан сабақ тек теориялық түсіндірумен шектелмей, практикалық жағдаяттарды талдау, оқушының жеке ұстанымын қалыптастыру, қауіпсіз әрекет алгоритмін құру бағытында өтуі тиіс.

Сабақ барысында оқушыларға қорқыту, айыптау немесе кінә тағу тәсілі емес, қауіпсіздік пен жауапкершілікке негізделген тәсіл қолданған дұрыс. Мұғалім оқушыларға «жәбірленуші неге үндемей қалады?», «куәгердің рөлі неге маңызды?», «онлайн ортада әзіл мен қорлаудың шекарасы қайда?» деген сұрақтар арқылы терең ойлануға мүмкіндік беруі керек.



8-сынып оқушылары үшін абстрактілі анықтамалардан гөрі шынайы өмірге жақын цифрлық жағдаяттар тиімді. Сондықтан сынып чаты, әлеуметтік желі, мессенджер, жалған аккаунт, рұқсатсыз скриншот, мазақ видео, онлайн қорқыту сияқты мысалдар қолданылғаны дұрыс. Бірақ мысалдар нақты оқушыларға бағытталмай, қауіпсіз, жалпыланған, этикалық формада берілуі қажет.

Бөлім: Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар

Сабақтың тақырыбы: Полиция қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау тәртібі: ұстау және құжаттарды тексеру кезіндегі құқықтар.

Оқу мақсаты: «Тегі, аты, әкесінің атын атау, ата-анасына хабарлау және адвокаттың көмегін алу құқығы алгоритмін қолдану. Полициямен өзара әрекеттесу кезінде заңды және қауіпсіз мінез-құлықты тандау үшін адам құқықтары туралы білімін қолдану

Сабақ форматы: практикалық құқықтық тренинг-сабақ

Тапсырма түрі. Практикалық тапсырма: «Менің құқығым бар: полициямен дұрыс сөйлесу алгоритмі»

Тапсырма мақсаты: Оқушыларға полиция қызметкерімен өзара әрекеттесу кезінде заңды, қауіпсіз және сабырлы мінез-құлық үлгісін меңгерту; өз құқықтарын білу және нақты жағдайға сәйкес дұрыс әрекет алгоритмін қолдануға үйрету.

Тапсырманы дайындау алгоритмі:

Жағдаят әзірлеу. Мұғалім ЖИ көмегімен жасалған немесе өзі құрастырған 2-3 құқықтық жағдаят ұсынады.

Мысалы:

- көшеде құжат тексеру;
- полиция бөлімшесіне жеткізу қауіпі;
- оқиға куәгері ретінде сұрақ қою;
- кәмелетке толмаған оқушыны тоқтатып, түсініктеме сұрау.

Талдау парағымен жұмыс. Оқушыларға Бұл қандай жағдай? Мұнда полиция не істеп тұр? Оқушы не істеуі керек? Қандай құқықтары бар? Қандай сөз тіркестерін қолдануға болады? Не істеуге болмайды? сұрақтарымен жұмыс парағы беріледі:

Алгоритмдік тірек ұсыну. Мұғалім тақтаға негізгі формуланы жазады:

1. Сабыр сақтау
2. Аты-жөнін айту
3. Себебін сұрау
4. Ата-анасына хабарласуды сұрау
5. Заңгер/қорғаушы құқығын еске салу
6. Дөрекілікке бармау
7. Қауіпсіз әрекет тандау

Тапсырманы орындау алгоритмі:

1-қадам. Жағдаятпен танысу. Оқушылар ұсынылған құқықтық жағдаятты оқиды немесе сурет/диалог арқылы талдайды.



2-қадам. Құқықтық жағдайды анықтау. Олар бұл жай құжат тексеру ме, түсініктеме сұрау ма, әлде ұстауға байланысты жағдай ма - соны анықтайды. Оқушылар берілген әрекеттер ішінен дұрысын белгілейді.

3-қадам. Қауіпті қателерді анықтау бойынша білім алушылар «не істеуге болмайды?» деген бөлімді толтырады. Берілген жауаптардан (қашып кету, агрессия көрсету, жалған ақпарат айту, дәлелсіз дауласу, қорқынышпен бәріне бірден келісе салу, түсінбей тұрып құжатқа қол қою.) тиісті бөлігін орналастырады.

ЧЕК-ЛИСТ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТӘРТІБІ: ҰСТАУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАР		
МЕНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМ – МЕН БІЛЕМІН, МЕН ҚОРҒАЙ АЛАМЫН!		
	1 Сабыр сақтаймын. Мен тыныш болып, сұпайы сөйлесемін.	ӨЗІМДІ БАҒАЛАЙМЫН Иә ☐ Жоқ ☐
	2 Аты-жөнімді айтамын. Мен өзімді таныстырамын.	Иә ☐ Жоқ ☐
	3 Тоқтату себебін сұраймын. «Мені не себепті тоқтатқаныңызды түсіндіріп бере аласыз ба?» деп сұпайы сұраймын.	Иә ☐ Жоқ ☐
	4 Ата-анама хабарласуды сұраймын. Мен кәмелетке толмағанмын, сондықтан ата-анама немесе заңды өкіліме хабарласуды сұраймын.	Иә ☐ Жоқ ☐
	5 Заңгер көмегін сұраймын. Мен заңгердің көмегіне құрылмын.	Иә ☐ Жоқ ☐
	6 Құжатпен танысамын. Қарсы қойылған құжатты түсінбей қол қоймаймын.	Иә ☐ Жоқ ☐
	7 Дерексіздік көрсетпеймін. Алқайламаймын, қарсылық көрсетпеймін, заңды талаптарды орындаймын.	Иә ☐ Жоқ ☐
✗ МЫНАДАЙ ӘРЕКЕТТЕРДЕН АУЛАҚ БОЛАМЫН		
	Қашып кетпеймін.	
	Агрессия көрсетпеймін, жамақдаспаймын.	
	Жалған ақпарат айтпаймын.	
	Түсінбей тұрып құжатқа қол қоймаймын.	
	Қорқып, абайсызда бәріне бірден келісіп жібермеймін.	
✓ ЕСТЕ САҚТА! Менің мақсатым – өз құқығымды білү, қауіпсіз және заңды әрекет ету!		
	Ата-анама хабарлас.	
	Заңгер көмегін сұра.	
	Қажет болса, көмек сұра.	
	102 – полиция 112 – жаңал көмек 150 – балалар сөйлеу телефоны	

4-қадам. Диалог құрастыру. Жүппен жұмыс барысында оқушылар қысқа диалог жазады:

«Сәлеметсіз бе, менің аты-жөнім ...»

«Мені не себепті тоқтатқаныңызды түсіндіріп бере аласыз ба?»

«Мен кәмелетке толмағанмын, ата-анама хабарласуға болады ма?»

«Мен заңгер көмегін алғым келеді.»

5-қадам. Қорытынды шығару. Әр топ «Бұл жағдайда ең дұрыс және қауіпсіз әрекет...» деген сөйлеммен шешімін қорғайды.



Дескриптор:

- білім алушы полиция қызметкерімен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық нормаларын атайды.
- құжат тексеру мен ұстауға байланысты жағдайларды ажыратады.
- полициямен сөйлесудің сыпайы және заңды үлгісін ұсынады.
- өзінің аты-жөнін айту, жағдайды нақтылау, ата-анасына хабарласу құқығын түсіндіреді.
- заңгер көмегін сұрау құқығын атайды.
- жағдаятты талдап, дұрыс әрекет алгоритмін құрады.
- қауіп тудыратын қате әрекеттерді анықтайды.
- құқық пен жауапкершіліктің байланысын түсіндіреді.
- рөлдік ойын барысында құқықтық сауатты диалог жүргізеді.
- өз шешімін дәлелдеп, заңнама негізінде қорытынды жасайды

Күтілетін нәтиже: Сабақ соңында оқушылар полиция қызметкерімен өзара әрекеттесу кезінде өз құқықтарын біледі және заңды, қауіпсіз мінез-құлық таңдаудың маңызын түсінеді.

Жағдаяттық тапсырмалар.

1-жағдаят. «Құжат тексеру»

Кешкі уақытта 8-сынып оқушысы үйіне қайтып келе жатады. Оны полиция қызметкері тоқтатып, кім екенін және қайда бара жатқанын сұрайды. Оқушы қобалжып қалады.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда оқушы ең алдымен не істеуі керек?
- Полиция қызметкерімен қандай тонда сөйлескен дұрыс?
- Оқушы қандай мәліметті айта алады?
- Қандай сұрақты сыпайы түрде қоюға болады?
- Бұл жағдайда ата-анасына хабарласу керек пе? Неге?
- Қандай әрекет қате болар еді?



2-жағдаят. «Бөлімшеге бірге жүруді сұрады»

Сауда орталығының жанында бір зат жоғалып кеткені туралы дау шығады. Сол жерде болған бірнеше жасөспірімнен полиция түсініктеме сұрап, біреуін бөлімшеге бірге жүруге шақырады. Ол жасөспірім кәмелетке толмаған.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда жасөспірім не істеуі керек?
- Ол кімге хабарласуға құқылы?
- Ата-анасының немесе заңды өкілінің рөлі қандай?
- Заңгер көмегін сұрауға бола ма?
- Мұндай жағдайда неге сабыр сақтау маңызды?
- Не істеуге болмайды?

3-жағдаят. «Құжатқа қол қою»

Жағдай түсіндіру кезінде оқушыға бір парақ беріледі де, «осы жерге қол қоя сал» дейді. Бірақ оқушы мәтінді толық түсінбей тұр.

Сұрақтар:

- Оқушы бірден қол қоя салуы керек пе?
- Қол қоймас бұрын нені нақтылау қажет?
- Бұл жағдайда кімнің көмегіне жүгінуге болады?
- Заңды құжатты түсінбей тұрып қол қою қандай қауіп тудырады?
- Оқушы қандай сыпайы сөз тіркестерін қолдана алады?
- Бұл жағдайдан қандай құқықтық қорытынды шығаруға болады?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Бұл тақырыпты оқыту барысында мұғалім оқушыларға полиция қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау мәдениетін қорқынышқа емес, құқықтық сауаттылыққа, сабырлылыққа және қауіпсіздікке негіздеп түсіндіруі керек. Сабақтың мақсаты - полицияны қарсы жақ ретінде көрсету емес, заң аясында әрекет етуді және өз құқығын мәдениетті түрде қорғауды үйрету.

Тақырыпты түсіндіру кезінде теориялық анықтамалардан гөрі нақты өмірлік жағдайлар тиімді болады. Әсіресе кәмелетке толмаған тұлғаның жағдайына назар аудару маңызды: оқушы ата-анасына немесе заңды өкіліне хабарласу, өзіне қатысты әрекеттің себебін білу, қажет жағдайда заңгер көмегін сұрау сияқты құқықтарын түсінуі қажет.

Бөлім: Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар

Сабақтың тақырыбы: Вандализм және коменданттық сағат.

Оқу мақсаты: «Мектеп қабырғасындағы граффити» және «Сағат 23:00-ден кейін көшедегі жасөспірім» кейстерін талдайды

Сабақ форматы: практикалық құқықтық талдау сабағы

Тапсырма түрі. Практикалық тапсырма: «Әрекетімнің салдарын білемін!»

Тапсырма мақсаты: Оқушыларға вандализм мен қоғамдық тәртіпті бұзудың құқықтық және әлеуметтік салдарын түсіндіру. Оқушыларды өз әрекетінің нәтижесін алдын ала бағалауға, заңды және жауапты шешім қабылдауға, қоғамдық және мектеп мүлкіне құрметпен қарауға үйрету.

Тапсырманы орындау арқылы оқушылар:



- вандализм белгілерін таниды;
- мүлікке зиян келтірудің салдарын түсінеді;
- түнгі уақытта көшеде жүру мәселесін қауіпсіздік және жауапкершілік тұрғысынан талдайды;
- құқық бұзушылықтың алдын алу үшін нақты әрекет алгоритмін ұсынады.

Тапсырманы дайындау алгоритмі:

Жағдаяттық сурет немесе кейс дайындау.

Мұғалім екі жағдаят ұсынады:

1-жағдаят: Бірнеше оқушы сабақтан кейін мектеп қабырғасына бояумен жазу жазып, сурет салады. Олар мұны «жай шығармашылық» деп түсіндіреді.



2-жағдаят: Кәмелетке толмаған жасөспірім сағат 23:00-ден кейін көшеде достарымен жүр. Оны полиция қызметкері тоқтатып, ата-анасының қайда екенін сұрайды.





Жағдаяттар арналған сұрақтар тізбесі. Әр топқа мына сұрақтардан тұратын жұмыс парағы беріледі:

- Бұл жерде қандай жағдай болды?
- Қандай әрекет дұрыс емес болуы мүмкін?
- Бұл әрекет кімге немесе неге зиян келтіреді?
- Қандай құқықтық немесе тәртіптік салдар болуы мүмкін?
- Бұл жағдайды қалай болдырмауға болады?
- Ең дұрыс шешім қандай?

3-қадам. Топтық рөлдерді бөлу. Оқушылар 4 топқа бөлінеді:

1-топ - оқушының көзқарасы

2-топ - ата-ананың көзқарасы

3-топ - мектеп әкімшілігінің көзқарасы

4-топ - құқық қорғау қызметкерінің көзқарасы

Әр топ берілген жағдайды өз рөлі тұрғысынан талдайды.

4-қадам. Әрекет - салдар - шешім кестесін дайындау. Мұғалім тақтаға немесе параққа мына үлгіні береді:

1-кесте. Әрекет - салдар - шешім

Әрекет	Салдары	Дұрыс шешім
Мектеп қабырғасына жазу жазу	Мүлік бүлінеді, жауапкершілік туындауы мүмкін	Арнайы рұқсатпен шығармашылық бұрыш жасау
Сағат 23:00-ден кейін ересексіз көшеде жүру	Қауіпсіздікке қауіп төнеді, ата-ана жауапкершілігі қаралуы мүмкін	Үйге уақытында қайту, ата-анамен келісу

Тапсырманы орындау алгоритмі:

Жағдаятпен танысу. Оқушылар ұсынылған суретті немесе мәтінді мұқият қарайды/оқиды. Олар жағдайдағы негізгі әрекетті анықтайды.

Құқықтық мәселені анықтау. Оқушылар бұл әрекеттің неліктен проблема екенін түсіндіреді.

Мысалы мектеп қабырғасына рұқсатсыз жазу - мүлікке зиян келтіру; қоғамдық орында түнгі уақытта ересексіз жүру - қауіпсіздікке байланысты мәселе.

Әрекеттің салдарын талдау. Оқушылар әрекеттің ықтимал салдарын жазады:

- мектеп мүлкінің бүлінуі;
- тазалау немесе қалпына келтіру шығыны;
- ата-ананың шақырылуы;
- мектеп әкімшілігінің араласуы;
- полициямен түсіндіру жұмысы;
- жасөспірімнің қауіпсіздігіне қатер.

Жауапты шешім ұсыну. Оқушылар әр жағдай бойынша дұрыс шешім ұсынады. Мысалы, граффити жағдайында: қабырғаға рұқсатсыз жазбау,



шығармашылық ой болса, мектеп әкімшілігінен рұқсат сұрау, арнайы стенд, арт-бұрыш ұсыну, бүлінген жерді қалпына келтіруге көмектесу.

23:00-ден кейін көшеде жүру жағдайында ата-анаға алдын ала айту, үйге уақытында қайту, кешкі уақытта қауіпсіздік ережесін сақтау, полиция қызметкерімен сабырлы және сыпайы сөйлесу, ата-анасына хабарласуға мүмкіндік сұрау.

Алдын алу алгоритмін құру. Әр топ «Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін 5 қадам» алгоритмін жасайды.

Мысалы:

- Әрекет жасамас бұрын салдарын ойла.
- Ортақ мүлікке зиян келтірме.
- Түнгі уақытта қауіпсіздік ережесін сақта.
- Ата-анаңмен және мұғаліммен келіс.
- Заңды әрі жауапты шешім таңда.

Қорытынды қорғау. Әр топ өз шешімін қорғайды. Қорғау кезінде мына сөйлемді аяқтайды: «Жауапты оқушы болу дегеніміз - ...»

Дескриптор:

- оқушылар вандализм ұғымын қарапайым тілмен түсіндіреді.
- мектеп немесе қоғамдық мүлікке зиян келтірудің салдарын анықтайды.
- «мектеп қабырғасындағы граффити» жағдайын құқықтық және тәрбиелік тұрғыдан талдайды.
- кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көшеде жүруіне қатысты қауіпсіздік мәселесін түсіндіреді.
- әрекет пен салдар арасындағы байланысты анықтайды.
- құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарын ұсынады.
- қоғамдық және мектеп мүлкіне құрметпен қарау қажеттігін дәлелдейді.
- полициямен немесе ересек адаммен қарым-қатынаста сабырлы және сыпайы мінез-құлық ұсынады.
- топтық талқылауға қатысып, өз ойын нақты жеткізеді.
- жауапты мінез-құлық алгоритмін құрастырады.

Жағдаяттық тапсырмалар.

1-жағдаят. «Мектеп қабырғасындағы граффити»

Сабақтан кейін бірнеше оқушы мектеп ауласында қалып қойды. Бір оқушы сөмкесінен бояу шығарып, мектеп қабырғасына үлкен жазу жаза бастады. Достары оны видеоға түсіріп, күліп тұрды. Бір оқушы: «Бұл дұрыс емес, мектеп қабырғасын бүлдіруге болмайды», - деді. Ал жазу жазған оқушы: «Бұл жай ғана сурет, ешкімге зияны жоқ», - деп жауап берді.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай әрекет жасалды?
- Мектеп қабырғасына рұқсатсыз жазу жазу неге дұрыс емес?
- Бұл әрекет кімге немесе неге зиян келтіреді?
- «Бұл жай ғана сурет» деген пікірмен келісесің бе? Неге?



- Достарының видеоға түсіріп, күлуі дұрыс па?
- Егер оқушы шығармашылық идеясын көрсеткісі келсе, қандай заңды жол ұсынуға болады?

2-жағдаят. «Сағат 23:00-ден кейін көшеде»

8-сынып оқушысы кешкі уақытта достарымен серуендеп жүрді. Уақыт байқалмай өтіп, сағат 23:00-ден асып кетті. Сол кезде полиция қызметкері оларды тоқтатып, неге ересек адамсыз жүргенін сұрады. Оқушылардың бірі қобалжып, қашып кетуді ұсынды. Екінші оқушы: «Қашпайық, сабырлы сөйлесейік, ата-анамызға хабарласайық», - деді.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай мәселе туындады?
- Неге түнгі уақытта ересексіз жүру қауіпті болуы мүмкін?
- Қашып кету дұрыс шешім бола ала ма? Неге?
- Полиция қызметкерімен қалай сөйлесу керек?
- Оқушы ата-анасына хабарласуды сұрай ала ма?
- Бұл жағдайдың алдын алу үшін оқушы не істеуі керек еді?

3-жағдаят. «Қоғамдық орындықты бүлдіру»

Саябақта бірнеше жасөспірім орындыққа өткір затпен жазу жазып отырды. Біреуі: «Бәрібір бұл біздің үй емес қой», - деді. Қасындағы оқушы: «Бұл - ортақ мүлік, оны бәріміз пайдаланамыз. Бүлдірсек, басқа адамдарға да ыңғайсыз болады», - деп тоқтатуға тырысты.

Сұрақтар:

- Орындыққа жазу жазған жасөспірімнің «Бұл біздің үй емес қой» деген пікіріне сен келісесің бе? Неліктен?
- Ортақ мүлікті бүлдірудің қоғамға қандай кері әсері болуы мүмкін? Екінші оқушының әрекетін қалай бағалайсың? Ол дұрыс әрекет жасады ма?
- Егер сен осы жағдайдың куәгері болсаң, қандай әрекет жасар едің?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Бұл тақырыпты 8-сыныпта оқыту кезінде мұғалім вандализм мен түнгі уақытта көшеде жүру мәселесін тек тыйым немесе жазалау тұрғысынан емес, құқықтық мәдениет, қауіпсіздік және жауапкершілік тұрғысынан түсіндіруі қажет. Оқушыларға әр әрекеттің салдары бар екенін, тіпті «жай әзіл», «жай сурет», «жай серуен» сияқты көрінетін әрекеттер де құқықтық және әлеуметтік мәселеге айналуы мүмкін екенін көрсету маңызды.

Сабақ басында мұғалім оқушылардан: «Ортақ мүлік дегеніміз не?», «Мектеп қабырғасы кімге тиесілі?», «Түнде көшеде жүру неге қауіпті болуы мүмкін?» деген сұрақтар қою арқылы тақырыпқа қызығушылық тудыра алады. Бұл сұрақтар оқушыларды өз тәжірибесімен байланыстырып ойлануға жетелейді.

Бөлім: Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар

Сабақтың тақырыбы: Жеке деректерді қорғау. Фишинг және вишинг.

Оқу мақсаты: Telegram/WhatsApp қолданбасындағы күдікті сілтемелер мен хабарламаларды талдайды



Сабақ форматы: Талдау және шешім қабылдау сабағы

Тапсырма түрі. Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырма: «Хабарламаны тексер, сенуге болады ма?»

Тапсырманың мақсаты: Оқушылардың Telegram және WhatsApp желілеріндегі күдікті хабарламалар мен сілтемелерді анықтау, фишинг және вишинг белгілерін ажырату, сондай-ақ жеке деректерді қорғау бойынша қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырманы орындау алгоритмі: Оқушыларға мессенджерлердегі хабарламалардың мысалдары ұсынылады. Олардың міндеті – хабарламаларды талдап, қауіп деңгейін анықтау және қауіпсіз әрекет алгоритмін ұсыну.

1-хабарлама. Telegram:

Құттықтаймыз! Сіз смартфон ұтып алдыңыз! Сыйлығыңызды алу үшін мына сілтемеге өтіп, жеке деректеріңізді толтырыңыз: gift-prize2026.site

Сұрақтар: Хабарлама қауіпсіз бе? Қандай белгілер күмән тудырады? Бұл қандай интернет-алаяқтық түріне жатады? Қандай әрекет жасау керек?

2-хабарлама. WhatsApp:

Сәлеметсіз бе! Мен банк қызметкерімін. Сіздің картаңыз бұғатталды. Қазір маған карта нөмірін және SMS кодын айтыңыз.

Сұрақтар: Бұл хабарламаға сенуге болады ма? Қандай деректерді ешқашан беруге болмайды? Бұл қандай қауіп түрі? Дұрыс әрекет қандай?

3-хабарлама. Telegram:

Сәлем! Мен Арманмын ғой. Телефоным бұзылып қалып, саған басқа номерден жазып тұрмын. Маған тез арада ақша аударып жібересе аласың ба, телефонымды жөндеуге берейін деп едім.

Сұрақтар: Бұл хабарламаны қалай тексеруге болады? Қандай күдікті белгілер байқалады? Алаяқтықтың алдын алу үшін не істеу керек?

Қорытынды тапсырма. «Менің цифрлық қауіпсіздік ережелерім»

Оқушылар «Жеке деректерді қорғаудың 5 ережесі» атты шағын жадынама құрастырады.

Мысалы: Бейтаныс сілтемелерге өтпеу, SMS-кодтарды ешкімге айтпау, Құпия сөздерді жарияламау, Ақпаратты бірнеше дереккөз арқылы тексеру, Күмәнді хабарламаларды бұғаттау.

Жеке деректерді қорғау ережесін әзірлеу нәтижесін инфографика түрінде рәсімдеу.



Дескриптор:

- күдікті хабарламалардың белгілерін анықтайды;
- фишинг пен вишингті ажыратады;
- жеке деректерді қорғау тәсілдерін түсіндіреді;
- қауіпсіз әрекет алгоритмін ұсынады;
- цифрлық қауіпсіздік ережелерін құрастырады.

Күтілетін нәтиже: Сабақ соңында оқушылар Telegram және WhatsApp платформаларындағы күдікті хабарламалар мен сілтемелерді талдай алады, фишинг пен вишинг белгілерін ажыратады және жеке деректерді қорғаудың негізгі қағидаларын түсіндіреді. Олар интернет-алаяқтықтың ықтимал қауіптерін бағалап, қауіпсіз шешім қабылдау дағдыларын қолданады. Сонымен қатар оқушылар цифрлық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлық ережелерін өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып түсіндіре алады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Тегін интернет туралы хабарлама»

Әли WhatsApp желісінде белгісіз нөмірден хабарлама алды. Хабарламада: *«Сізге 100 ГБ тегін интернет берілді. Белсендіру үшін мына сілтемеге өтіп, телефон нөміріңізді және SMS арқылы келген кодты енгізіңіз»,* - деп жазылған. Әли қуанып, сілтемені ашпақ болды, бірақ ағасы оған алдымен хабарламаны тексеруге кеңес берді.

Сұрақтар:

- Бұл хабарламада қандай күдікті белгілер бар?
- Әли қандай ақпаратты ешкімге бермеуі керек?
- Мұндай жағдайда қауіпсіз әрекет қандай болуы тиіс?

2-жағдаят. «Банк қызметкерінің қоңырауы»

Айданаға белгісіз адам телефон шалып, өзін банк қызметкері ретінде таныстырды. Ол Айдананың банк картасынан күмәнді операция байқалғанын



айтып, картаны бұғаттамау үшін оның нөмірін, жарамдылық мерзімін және телефонға келген кодты айтуды талап етті. Айдана қатты алаңдап, не істерін білмей қалды.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай интернет-алаяқтық түрі қолданылған?
- Алаяқтар қандай психологиялық тәсілдерді пайдаланады?
- Айдана мұндай жағдайда қандай әрекет жасауы керек?

3-жағдаят. «Досының аккаунты»

Ерасыл Telegram-да жақын досынан хабарлама алды. Досы шұғыл түрде ақша сұрап, қиын жағдайға тап болғанын айтты. Сонымен қатар ақша аудару үшін банк картасының нөмірін жіберді. Ерасыл көмектескісі келді, бірақ досының хабарламалары әдеттегіден өзгеше жазылғанын байқады.

Сұрақтар:

- Ерасыл қандай күдікті белгілерді байқады?
- Ақпараттың шынайылығын қалай тексеруге болады?
- Мұндай жағдайларда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Бұл сабақта басты назар оқушылардың цифрлық қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға аударылуы тиіс. Мұғалім фишинг пен вишинг ұғымдарын тек теориялық тұрғыдан түсіндіріп қана қоймай, оларды нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыруы қажет.

Практикалық тапсырманы орындау кезінде оқушыларға дайын жауап бермей, күдікті белгілерді өз бетінше анықтауға мүмкіндік жасау ұсынылады. Мұғалім «Бұл хабарлама неліктен күмән тудырады?», «Алаяқтар қандай мақсат көздейді?», «Сен бұл жағдайда не істер едің?» деген бағыттаушы сұрақтарды қолданғаны жөн. Жағдаяттарды талдау барысында оқушылардың жеке деректердің құндылығын түсінуіне және ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Сабақ соңында оқушылардың өздері құрастырған қауіпсіздік ережелерін талқылау және оларды күнделікті өмірде қолданудың маңызын атап өту ұсынылады. Бұл тәсіл оқушылардың функционалдық және цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бөлім: Тәртіп және жауапкершілік

Сабақтың тақырыбы: Деструктивті діни ағымдар мен экстремистік ұйымдарға тартудың алдын алу.

Оқу мақсаты: Әлеуметтік желідегі манипуляция әдістерін талдайды

Сабақ форматы: Медиа анализ сабағы

Тапсырма түрі. Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырма: «Манипуляцияны анықта»

Тапсырманың мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік желілерде кездесетін манипуляция элементтерін анықтау, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және қауіпті ықпал ету белгілерін ажырату дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырманы орындау алгоритмі:



Оқушыларға әлеуметтік желілердегі ойдан құрастырылған, бірақ өмірде кездесуі мүмкін хабарламалардың үзінділері ұсынылады. Олардың міндеті – мәтіндерді талдап, манипуляция белгілерін анықтау.

1-жазба. «Сен басқаларға ұқсамайсың. Бізге дәл сендей ақылды әрі ерекше адамдар қажет. Біздің топта ғана шынайы білім бар.»

Талдау сұрақтары:

Сұрақ	Жауап
Қандай эмоцияға әсер етеді?	
Қандай манипуляция қолданылған?	
Қандай қауіп бар?	
Қандай әрекет жасау керек?	

2-жазба «Егер сен бізге сенсең, бұл туралы ешкімге айтпа. Басқалар сені түсінбейді.»

Сұрақ	Жауап
Қандай психологиялық әсер ету тәсілі қолданылған?	
Неліктен құпия сақтауға шақырады?	
Қандай қауіп белгілері байқалады?	
Сен не істер едің?	

3-жазба. «Қазір шешім қабылдауың керек. Бұл мүмкіндік ертең болмайды.»

Сұрақ	Жауап
Қандай қысым көрсету тәсілі қолданылған?	
Неліктен асықтыру қауіпті?	
Мұндай жағдайда қандай әрекет жасау керек?	
Кімнен кеңес сұрауға болады?	

Қорытынды: тапсырма негізінде анықталған манипуляция белгілері негізінде «Әлеуметтік желідегі манипуляцияның 5 белгісі» жадынамасын әзірлейді.



(сурет ЖИ-мен генерацияланған)

Дескриптор:

- әлеуметтік желідегі манипуляция белгілерін анықтайды;
- психологиялық ықпал ету тәсілдерін сипаттайды;
- қауіп факторларын түсіндіреді;
- қауіпсіз мінез-құлық стратегияларын ұсынады.

Күтілетін нәтиже: Сабақ соңында оқушылар әлеуметтік желілерде қолданылатын манипуляция әдістерін анықтай алады және олардың адамның эмоциясы мен мінез-құлқына қалай әсер ететінін түсіндіреді. Олар күмәнді ақпарат пен ықпал ету әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалайды, қауіпті белгілерді ажыратады және қауіпсіз мінез-құлық стратегияларын қолдану жолдарын ұсынады. Сонымен қатар оқушылар ақпараттық қауіпсіздік пен жауапты цифрлық мінез-құлықтың маңызын түсінеді.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Жаңа топқа шақыру»

Нұрдәулет әлеуметтік желіде жаңа таныспен сөйлесе бастады. Бірнеше күннен кейін жаңа танысы оны жабық чатқа шақырып, бұл чаттағы адамдардың «ерекше көзқарастағы», «шындықты білетін» адамдар екенін айтты. Ол Нұрдәулеттен чаттағы ақпаратты ешкімге айтпауды сұрады және ата-анасының бұл туралы білмеуі керектігін ескертті.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай манипуляция белгілері байқалады?
- Неліктен адамды құпия сақтауға итермелеу қауіпті?
- Нұрдәулет қандай әрекет жасауы керек?

2-жағдаят. «Түсінетін адамдар»

Әлеуметтік желіде Аружанға белгісіз адам жиі хат жаза бастады. Ол Аружанның қиындықтарын түсінетінін айтып, оның достары мен отбасы оны



толық түсінбейтінін бірнеше рет қайталады. Кейін ол Аружанды тек өздері қатысатын онлайн кездесулерге шақыра бастады.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай психологиялық ықпал ету тәсілдері қолданылған?
- Неліктен адамды жақын ортасынан алыстатуға тырысу қауіпті?
- Аружан кімнен көмек немесе кеңес сұрауы керек?

3-жағдаят. «Шұғыл шешім»

Данияр әлеуметтік желіде белгісіз топтың жазбасын көрді. Онда: «Тек бүгін қосылуға болады. Ертең кеш болады. Егер қазір шешім қабылдасан, үлкен мүмкіндіктен айырыласың» деп жазылған. Сонымен қатар топ мүшелері басқа ақпарат көздеріне сенбеуге шақырды.

Сұрақтар:

- Бұл хабарламада қандай манипуляция тәсілдері қолданылған?
- Неліктен адамды асықтырып шешім қабылдату қауіпті?
- Осындай жағдайда ақпаратты қалай тексеруге болады?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Бұл сабақта мұғалім әлеуметтік желілердегі манипуляция әдістерін талдауға басымдық беруі тиіс. Сабақ барысында деструктивті немесе экстремистік идеялардың мазмұнын талқылаудан гөрі, оларды тарату кезінде қолданылатын психологиялық ықпал ету әдістеріне назар аударған жөн.

Оқушыларды сыни ойлауға бағыттау үшін мұғалім ашық сұрақтарды қолдануы қажет: «Бұл хабарлама қандай эмоцияға әсер етеді?», «Неліктен адамды асықтырады?», «Неге құпия сақтауды сұрайды?» сияқты сұрақтар оқушылардың өздігінен қорытынды жасауына ықпал етеді.

Жағдаяттарды талдау барысында оқушыларға кез келген күмәнді ақпаратты тексеру, сенімді ересек адамдармен кеңесу және әлеуметтік желілерде қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын сақтау қажеттілігі түсіндірілуі тиіс. Сабақ соңында оқушылардың өздері анықтаған қауіп белгілерін жинақтап, күнделікті өмірде қолдануға болатын қауіпсіздік ережелерін қорытындылау ұсынылады.

Бөлім: Тәртіп және жауапкершілік

Сабақтың тақырыбы: Жоба қорғау: «Менің құқығым. Менің қауіпсіздігім», «Алаяқтардан сақ болыңыз!» жадынама/буклет презентациясы.

Оқу мақсаты: Құқықтық өнімді (қауіпті жағдайдағы әрекет алгоритмін) құрастырады және ұсынады

Сабақ форматы: Шығармашылық шеберхана.

Тапсырманың мақсаты: Оқушылардың құқықтық және цифрлық қауіпсіздік туралы білімдерін жүйелеу, қауіпті жағдайларда дұрыс әрекет ету алгоритмін құрастыру, ақпаратты көрнекі және түсінікті түрде ұсыну дағдыларын дамыту.

Практикалық тапсырма: «Алаяқтардан сақ болыңыз!» жадынама-буклетін әзірлеу және таныстыру



Тапсырманы орындау алгоритмі: Оқушылар «Алаяқтардан сақ болыңыз!» тақырыбында жадынама немесе буклет дайындайды. Жұмыс қағаз түрінде немесе электронды форматта орындалуы мүмкін.

1. Қауіпті жағдайды таңдау: білім алушы берілген тапсырмаға сәйкес төмендегі жағдайлардың бірін таңдайды:

- телефон арқылы жасалатын алаяқтық;
- әлеуметтік желідегі алаяқтық;
- жалған сыйлықтар мен ұтыстар;
- фишингтік сілтемелер;
- жалған интернет-дүкендер;
- бейтаныс адамдардың жеке деректерді сұрауы.

Жадынамада қауіп белгілерін анықтау үшін келесі сұрақтарға жауап берілуі тиіс:

- Алаяқтықтың қандай белгілері бар?
- Адам қандай жағдайда күмәндануы керек?
- Қандай ақпаратты ешқашан беруге болмайды?

Әрекет алгоритмін құрастыру үшін оқушылар қауіп туындаған кездегі әрекет ретін жазады.

Мысалы:

1. Сабыр сақтау.



2. Ақпаратты тексеру.



3. Жеке мәліметтерді бермеу.



4. Сенімді ересек адамға хабарлау.



5. Күмәнді аккаунтты немесе хабарламаны бұғаттау.

Аталған тапсырмаларды ретімен орындау арқылы жадынама немесе буклетті рәсімдейді. Рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Тақырып;
- Қауіпті жағдай сипаттамасы;
- Қауіп белгілері;
- Әрекет алгоритмі;
- Қауіпсіздік ережелері;

– Қорытынды кеңес. Оқушылар «Алаяқтардан сақ болыңыз!» тақырыбында әзірлеген жадынама немесе буклетті презентация жасап таныстырады. Оқушылар өз жұмыстарын 2-3 минут ішінде таныстырады. Қандай қауіпті жағдайды таңдағанын, неліктен бұл тақырып маңызды екенін, қандай қауіпсіздік ережелерін ұсынғанын түсіндіреді.

Дескриптор:

- қауіпті жағдайды анықтайды;



- алаяқтық белгілерін сипаттайды;
- әрекет алгоритмін құрастырады;
- қауіпсіздік ережелерін ұсынады;
- құқықтық өнімді көрнекі және түсінікті түрде рәсімдейді;
- өз жұмысын сауатты таныстырады.

Күтілетін нәтиже: Сабақ соңында оқушылар түрлі алаяқтық әрекеттердің белгілерін анықтай алады және қауіпті жағдайларда әрекет ету алгоритмін құрастырады. Олар құқықтық және цифрлық қауіпсіздік туралы білімдерін практикалық жағдайда қолданады, жеке қауіпсіздік ережелерін жүйелейді және оларды көрнекі түрде ұсына алады. Сонымен қатар оқушылар ақпаратты талдау, жүйелеу, қорытынды жасау және өз көзқарасын дәлелді түрде ұсыну дағдыларын дамытады.

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят. «Жалған интернет-дүкен»

Айсұлу әлеуметтік желіде танымал брендтің киімдерін өте арзан бағамен сататын парақшаны көрді. Парақшада көптеген әдемі суреттер мен «тек бүгінгі жеңілдік» деген жарнамалар жарияланған. Айсұлу сатушыға хабарласып, тауарға тапсырыс бергісі келді. Сатушы тауарды жіберу үшін алдын ала толық төлем жасауды сұрады және төлем жасалғаннан кейін ғана жеткізу жүзеге асатынын айтты. Айсұлу төлем жасауға дайындалып жатқанда, оның анасы интернет-дүкен туралы ақпаратты тексеруді ұсынды.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай күдікті белгілер байқалады?
- Интернет арқылы сатып алу кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет?
- Айсұлу алаяқтыққа тап болмас үшін қандай әрекет жасауы керек?

2-жағдаят. «Жалған қайырымдылық акциясы»

Данияр әлеуметтік желіде ауыр науқас балаға шұғыл көмек жинау туралы хабарландыруды көрді. Жазбада әсерлі суреттер мен адамдарды тез арада ақша аударуға шақыратын мәтін жарияланған. Сонымен қатар хабарламада: «Егер дәл қазір көмектеспесеңіз, кеш болуы мүмкін» деген сөздер жазылған. Данияр көмектескісі келді, бірақ ұйым туралы нақты ақпаратты таба алмады.

Сұрақтар:

- Бұл хабарламада қандай алаяқтық белгілері болуы мүмкін?
- Қайырымдылық қорлары туралы ақпаратты қалай тексеруге болады?
- Данияр қандай қауіпсіз әрекет жасауы тиіс?

3-жағдаят. «Жалған жұмыс ұсынысы»

Берікке мессенджер арқылы белгісіз адам хабарласып, оған үйден шықпай-ақ көп ақша табуға болатын жұмыс ұсынды. Хабарламада арнайы білім мен тәжірибе қажет еместігі айтылған. Жұмысты бастау үшін Берік өз жеке деректерін, банк картасының нөмірін және жеке куәлігінің суретін жіберуі керек болды. Сонымен қатар жұмыс беруші шешімді тез қабылдауды талап етті.

Сұрақтар:



- Бұл ұсыныста қандай күмәнді белгілер бар?
- Неліктен жеке деректерді бейтаныс адамдарға жіберуге болмайды?
- Берік мұндай жағдайда қандай әрекет жасауы керек?

Мұғалімге арналған әдістемелік ұсынымдар:

Бұл сабақта мұғалім оқушылардың құқықтық және цифрлық қауіпсіздік туралы білімдерін практикалық қызмет арқылы бекітуге назар аудару ұсынылады. Жадынама немесе буклет әзірлеу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылығы қатар дамиды.

Мұғалім тапсырма әзірлеуде оқушыларға олардың өздігінен шешім қабылдауына және қауіпсіз әрекет алгоритмін құрастыруына мүмкіндік беретін жағдайларды ескеру ұсынылады. Бағыттаушы сұрақтар ретінде: «Бұл жағдайда қандай қауіп бар?», «Адам өзін қалай қорғай алады?», «Қандай ақпаратты жариялауға болмайды?» деген сұрақтарды қолдану қажет.

Жұмыстарды таныстыру барысында оқушылардың тек көркем безендіруіне емес, ұсынылған әрекет алгоритмінің дұрыстығына, логикалық құрылымына және қауіпсіздік ережелерінің нақтылығына назар аудару маңызды. Сабақ соңында барлық жұмыстарды талқылап, оқушылармен бірге «Қауіпсіздік кодексін» құрастыруға болады. Бұл тәсіл оқушылардың құқықтық мәдениетін, цифрлық сауаттылығын және өмірлік қауіпсіздік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

9-сыныпқа арналған «Заң мен Тәртіп» курсының мазмұны

№	Бөлім	9-сынып
		Тақырыптық мазмұн
1	Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық	Кіріспе. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтық мәртебесі. Конституция – Ата заң.
		Алғашқы жұмыс: заңды түрде қалай орналасуға болады? Еңбек шарты
		Желідегі оңай табыс: дропперлік және алаяқтық
		Практикум: Жасөспірімдерге арналған онлайн жұмыс ұсыныстары: мүмкіндіктер, тәуекелдер және құқықтық қауіпсіздік
2	Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері	Буллинг үшін менің жауапкершілігім
		Цифрлық ортадағы авторлық құқық. TikTok/Instagram желілеріндегі плагиат.
		Цифрлық гигиена. Дербес деректер. Фишинг және вишинг
3	Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар	Әкімшілік жауапкершілік: айыппұлдар, коменданттық сағат
		Қылмыстық жауапкершілік. Баптарға шолу (ұрлық, алаяқтық, есірткі)
		Сыбайлас жемқорлық: сыйлық па, пара ма?



4	Тәртіп және жауапкершілік	Экстремизм және жалған жаңалықтар. Репосттар үшін жауапкершілік
		Практикум: «Қолайлы мінез-құлық және құқық бұзушылық: қалай ажыратуға болады?»
		Қалпына келтіретін әділеттілік. Медиация. Мектептегі татуластыру қызметі
		Рөлдік ойын: «Мектеп медиация кеңесі» (сыныптастар арасындағы жанжалды шешу)
		Жасөспірім басқалардың өміріне заңды түрде қалай әсер ете алады? е-Отinish, әкімдікке, мектептің өзін-өзі басқаруына өтініштер.
		Қорытынды конференция: «Менің мектебім – құқықтық тәртіп аумағы» әлеуметтік жобасын қорғау

«Заң мен Тәртіп» курсы бойынша 9- сыныпқа арналған сабақ үлгілері

Бөлім: Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық

Тақырыбы: Кіріспе. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтық мәртебесі.

Конституция – негізгі заң.

Оқу мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциясының жасөспірімге қатысты баптарын талдау

Сабақ мақсаты:

– жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттеріне қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарын талдайды;

– өз құқықтары мен міндеттерін күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастырады;

– Конституцияның азаматтардың құқықтық мәртебесін айқындайтын негізгі заң ретіндегі маңызын түсіндіреді.

Жұмыс түрі: жұптық, топтық жұмыс, кейс талдау, сұрақ-жауап

Кіріспе. «Поэзия минуты» Мұғалім өлең жолдары арқылы оқушылардың назарын аударып, алдыңғы сынып курсына алынған білімдерін еске түсіреді.

Ата Заңым – елдігімнің тұғыры,

Азаматтың еркі менен құқығы

Негізгі заң – тәртіп пенен теңдіктің,

Бастауы мен кепілінің ғұмыры.

Оқушыларға қойылатын сұрақтар:

– 8 сыныпта «Заң мен Тәртіп» оқу курсынан не есіңізде қалды?

– Бұл білімдердің күнделікті өмірде көмегі тиді ме? Қалай ойлайсыздар?

Ой қозғау. «Сөздер бұлты»

Мұғалім слайд немесе көрнекілік түрінде төмендегі ұғымдардан «Сөздер бұлтын» құрастырып, жаңа тақырып атауына қатысты оқушыларды ойландырады. Берілген ұғымдарды байланыстырып, тақырып атауын болжап көрейікші?!

МЕМЛЕКЕТ, АЗАМАТ, МЕН, ҚҰҚЫҚ, ЗАҢ, МІНДЕТ, МӘРТЕБЕ



Сіздерге таныс бұл ұғымдарды қалай байланыстыруға болады? Бұл тақырыпты ашатын 9- сыныптың «Құқық негіздері» пәнінен қандай мәліметтермен бөлісе аласыздар?

Топтастыру: Оқушыларды 9 сыныптың «Құқық негіздері» пәнінің бастапқы тақырыптарымен өзара байланыс орнатуға бағыттайды.

- Нені бұрыннан білемін?



Жұптық жұмыс. «Аялдамалар»

Мұғалім оқушыларды жұпқа бөліп, «Аялдамалар» бойынша сағат тілімен қозғалу ретін, тапсырма шартын түсіндіреді. Мұғалім алдын-ала Қазақстан Республикасы Конституциясының баптары берілген таратпа материалдарды аялдамаларға қойып шығады және әрбір жұпқа «Сараптамалық кестені» үлестіреді.

Шарты: Қазақстан Республикасының Конституциясының 20, 21, 33, 35, 36, 40 баптарын қолданып, мазмұны бойынша екі бағанға бөліп орналастыру тапсырмасы беріледі..

«Сараптамалық кестенің» үлгісі

Менің жеке қорғанысым (құқықтарым)	Менің қоғам алдындағы жауапкершілігім (міндеттерім)

Кері байланыс

– Бұл Конституцияның баптарындағы талаптар күнделікті өмірде қатаң сақтала ма?

– Кімдер жауапты болуы керек?

– Не себепті Конституция елдің негізгі заңы болып табылады?

Топтық жұмыс. «Кейс-стади»

Мұғалімге оқушы топтарына жасөспірімнің мектеп өмірінде бастан кешетін ар-намыс, жеке құпия, білім, құрмет, мәдени мұра, өзін-өзі басқару



ұйымына сайлау мәселелеріне қатысты жағдаяттарды ұсынады, топтық, кейін кеңейтілген талқылау жұмысын ұйымдастыру ұсынылады.

Жағдаяттар бойынша ұсынылатын ортақ сұрақ: Бұл жағдаятты әділ шешу үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының қандай бабына жүгінуге болады?

Бағалау дескрипторлары:

– Конституцияның жасөспірімдерге қатысты баптарын анықтайды және түсіндіреді;

– Құқықтық жағдаяттарды Конституция нормалары негізінде талдайды;

– Құқықтық мәселенің шешу жолдарын ұсынып, өз пікірін дәлелдейді.

Өзара бағалау жүргізу ұсынылады. орындалды / орындалмады

Рефлексия. «3 – 2 – 1»

Мұғалім тақырыпты қорытындылау үшін «3 – 2 – 1» стратегиясын қолданады. Оқушылардың Қазақстан Республикасы азаматының құқықтық мәртебесіне қатысты ой-толғанысын жазбаша немесе ауызша түрде алу кезінде Конституцияның үш маңызды баптарын саралау арқылы құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, өмірмен байланысты өзіне жақын сыни ойландырған екі жағдаяттың шешімін бекітуге, әлі де білгісі келетін бір сауалын жадыда сақтауы арқылы оқуға деген ішкі мотивациясын оятуға басымдық беріледі.

Мен үшін маңызды болғаны: Мені ойландырғаны: Әлі де білгім келетіні:

Үй тапсырмасы. «Адал азамат» портретін жасау.

Мұғалім шығармашылық тапсырманы орындауда жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынады. Оқушының тақырыптан алған білімін ұшқыр қиялын іске қосу арқылы иллюстративті-көрнекі түрде көрсете алуы бағаланатыны ескертіледі.

Құқықтық жағдаяттар

1-жағдаят: «Сөздің салмағы және сыйластық ортасы»

9-сынып оқушысы Айдана сыныптастарының алдында жауап бере алмай қиналып қалады. Сол кезде сыныптағы бір оқушы: «Сен ештеңе білмейсің, сабаққа дайындалмайсың!» деп мазақ етеді. Кейбір оқушылар күліп жібереді. Айдана өзін ыңғайсыз сезініп, көңілі түсіп кетеді және келесі сабақтарда жауап беруге қорқатын болады.

Талқылау сұрақтары:

– Жеңіл (Білу): Бұл жағдаятта кімнің конституциялық құқығы бұзылды?

– Орташа (Талдау): Айдананың орнында болсаң, заңды негізге ала отырып, қалай әрекет етер едің?

– Күрделі (Баға беру): Өз сөзің арқылы біреудің ар-намысына тиіп қоймау үшін не істеу керек? Осындай жағдайды алдын алу үшін сыныпқа қандай ережелер құрастыруға болады?

Заңдық негіздеме: №1 кейс бойынша Конституцияның 20-бабына сәйкес Ар-намыс пен қадір-қасиетті қол сұғуға тыйым салынады. Сөз бостандығы



қорлауға құқық бермейді. Оқушылар сыныпта «Сөз бостандығы – бұл жауапкершілік» атты ереже қабылдауы керек.

2-жағдаят: «Дауыс беру – болашақты жоспарлау»

Республика күні қарсаңында мектептегі өзін-өзі басқару ұйымына президент сайлауы белгіленді. 10 сынып оқушысы Данат «біз дауыс берсек те, бермесек те ештеңе өзгермейді» деп, сайлауға қатыспауға шешім қабылдап, үміткерлердің бағдарламаларымен танысуда енжарлық танытады.

Талқылау сұрақтары:

– Жеңіл (Білу): Данаттың әрекеті қандай құқығын пайдалануға мүмкіндік бермеді?

– Орташа (Талдау): Оқушының дауыс беруден бас тартуы арқылы азаматтық бостандығын пайдаланып тұр ма?

Күрделі (Баға беру): Егер оқушы өз құқықтарын пайдаланып, белсенді дауыс берсе, бұл мектептің дамуына қандай оң өзгерістер әкелуі мүмкін?

Заңдық негіздеме: 2-жағдаят бойынша Конституцияның 35-бабына сәйкес сайлауға қатысу азаматтық құқық болып табылады. Данат өз құқығын пайдаланбады. Азаматтық бостандық ортақ шешімге қатысу мүмкіндігі екенін және белсенді дауыс беру мектептегі оқушылардың жағдайын жақсартуға әсер ететінін түсіндіру қажет.

3-жағдаят: «Мектеп – мүмкіндіктер мен міндеттер алаңы»

Мектепте оқу жылының ортасында Динара сабаққа жиі кешігіп, биология сабағына дайындықсыз келеді. Ол: «Мектепке бару міндетті болғанымен, маған бұл пән болашақта қажет болмайды, сондықтан оқып не керек?» деген көзқараспен сабаққа немқұрайлы қарайды. Мұғалім оқушымен жеке сөйлесіп, оған білімнің тек баға үшін емес, әр азаматтың өзін-өзі дамытуы және қоғамда өз орнын табуы үшін қажет екенін түсіндіреді.

Талқылау сұрақтары:

– Жеңіл (Білу): Динараның көзқарасы конституциялық талаптарға қайшы келе ме? Қалай?

– Орташа (Талдау): «Білім алу – бұл құқық, ал оқу – бұл міндет» деген сөзді қалай түсінесің? Барлық оқушылардың бірдей базалық білімді меңгеруі неліктен мемлекет үшін маңызды деп ойлайсың?

– Күрделі (Баға беру): Сен өз мектебіндегі білім алу мүмкіндіктерін толықтай пайдаланып жүрсің бе?

Заңдық негіздеме: 3- жағдаят бойынша Конституцияның 33-бабына сәйкес білім алу конституциялық құқық әрі міндет болып табылады. Білім жеке тұлғаның даму кепілі екенін ұғындыру керек.

4-жағдаят: «Тарихтың тірі куәгері»

Мектептегі «Өлкетану» үйірмесінің оқушылары жетекшісімен бірге ауыл маңындағы көне құлпытастарды зерттеуге барады. Ескерткіштің кейбір жерлері тозып, жазылған мәтіндері көрінбейді. Үйірме мүшесі Тілек бірден құлпытастың үстіне шығып селфи жасап, қысқаша ақпарат жазып, әлеуметтік желіге жүктейді.

Талқылау сұрақтары:



– Тілек жақсы бастамасы кезінде қандай конституциялық міндеттерді ескермеді?

– Заң баптарын қолданып, Тілекке қандай кеңес берер едіңіздер?

– Тұрғылықты жердегі тарихи ескерткіштерді неліктен сақтау керек?

Заңдық негіздеме: 4-жағдаят бойынша Конституцияның 40-бабына сәйкес тарихи мұраны сақтау азаматтық міндет болып табылады. Тілекке тарихи ескерткішті қорғау ортақ борыш екенін, селфи емес, құндылықты сақтау бірінші орында тұруы керектігін түсіндірілуі тиіс.

5-жағдаят: «Жауапкершілік көпірі»

9-сынып оқушылары мектепте сәрсенбіде «Мейірімділік – жүректен» қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастыруды жоспарлады. Ол үшін үйлерінен өздері қолдан пісірген тағамдарын әкелді. Қайырымдылықтан түскен қаржы Асыл атты сыныптастарының қатерлі ісікке шалдыққан анасына көмек көрсетуге жұмсалатыны бірауыздан шешілді. Жәрмеңке кезінде тағамдардың неге қымбат екендігін сұраған сатып алушыларға Рысбек дауыстап қаражаттың қайда кететінін жария етеді. Шетте тұрған Асыл ыңғайсызданып, көзінің жасын көрсетпеуі үшін жақын тұрған қыздар әжетханасына дереу кіріп кетеді.

Талқылау сұрақтары:

– Қайырымдылық жәрмеңкесінде кім Конституциясының 36-бабын ескермеді?

– Асылдың құқығы мен ар-намысын сақтау үшін 9 сынып оқушылары заңнама талаптарына негізінде қалай әрекет етуі тиіс еді?

– Қайырымдылық жәрмеңкелерін өткізу секілді бастамаларды қолдау қаншалықты маңызды?

Заңдық негіздеме: 5-жағдаят бойынша Конституцияның 36-бабына сәйкес заңнаманы сақтау және басқаның құқығын құрметтеу қарастырылады. Асылдың отбасылық құпиясын сақтау маңыздырақ, себебі қайырымдылық сыйластыққа негізделіп және ерікті бастамамен жасалуы керек.

6-жағдаят: «Цифрлық кеңістік және жеке шекара»

Мектептегі «Цифрлық сауаттылық» жобасы аясында оқушылар топтық жұмыс жасау үшін ортақ цифрлық платформаға тіркеледі. Нұрдәулет досы Ризаттың телефон нөмірін, үй мекенжайын және отбасылық суреттерін платформаға рұқсатсыз жүктеп, оны барлығына қолжетімді етіп ашық қалдырады. 1 айдан соң Ризатқа белгісіз нөмірлерден хабарламалар келе бастайды.

Талқылау сұрақтары:

– Нұрдәулет Ризаттың қандай деректерін заңсыз таратты?

– Ризат өз құқығын қорғау үшін 21-бапқа сүйеніп қандай қадамдар жасай алады?

– Жеке өмірді құрметтеу – бұл тек заңдық талап па, әлде заманауи мәдениеттің көрсеткіші болып табылады ма?

Заңдық негіздеме: 6-жағдаят бойынша Конституцияның 21-бабына сәйкес дербес деректерді қорғау құқығы көрсетілген. Ризат мектеп әкімшілігіне



шағымдана немесе деректерді өшіруді талап ете алады. Жеке дерек жеке меншік секілді қорғалуы тиіс.

«Заңнамалық қоржын»

Қазақстан Республикасы Конституциясы:

20-бап: 1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.

21-бап: 1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.

33-бап: 1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында ақы төлемей орта білім алуына кепілдік беріледі. Бастауыш және негізгі орта білім міндетті.

35-бап: 2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар.

36-бап: 1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

40-бап: Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұраның сақталуына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

Құқықтық жағдаяттарды шешу алгоритмдері, Оқушыларға арналған тапсырманы орындау қадамдары:

- Оқиғаға қатысы бар кейіпкерлердің іс-әрекетіне назар аудару;
- Мәселенің туындау себептері мен салдарын анықтау;
- Шешім жолдарын ұсынуда Конституция баптары арқылы дәлелдеу;
- Болашақта ескеруі үшін өзіндік қорытынды шығару.

Мұғалімге арналған әдістемелік қсынымдар:

1. Жағдаятпен танысу кезінде орын алған оқушылардың көңіл-күйі мен сезімдеріне назар аудару;

2. «Неліктен?», «Қалай?», «Егер... болса, не болар еді?» форматында ашық сұрақтарды алдын ала құрастыру;

3. Конституцияның әр оқушының ар-намысы мен жеке шекарасын қорғайтын негізгі заң екеніне көз жеткізу;

4. Өртүрлі пікірлердің барлығын тыңдап, ескеру;

5. Нақты әрекет жоспарын құратындай шешімдерді бірлесіп шығару;


6. Оқушылардың заң баптары бойынша дәлел келтіре білу дағдысын мадақтау.

Жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану бойынша ұсыныстар


1. Сабақтың басында жаңа тақырып атауын анықтау үшін <https://ahaslides.com/kk/features/live-word-cloud-generator/> (Қаралған күні:



21.07.2026 ж.) платформасында «Сөздер бұлты» тапсырмасын құрастыру ұсынылады:



2. Білім алушыларға келесі сабаққа дейін орындауға берілген «Адал азамат» портретін жасауға арналған шығармашылық тапсырманы түсіндіру кезінде <https://notebooklm.google.com>, <https://gemini.google.com/> платформаларында жасалған ақпараттық графиктерді үлгі ретінде көрсетуге болады:





Бөлім: Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық

Тақырыбы: Алғашқы жұмыс: заңды түрде қалай орналасуға болады?

Оқу мақсаты: Еңбек шарты жобасын жасау (кәмелетке толмағандар үшін); Үлгілік шартты талдау үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі бойынша білімін қолдану

Сабақтың мақсаттары:

- Еңбек шартының мазмұнын түсіндіреді;
- Үлгілік еңбек шартының Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкестігін тексереді;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сүйене отырып, кәмелетке толмағандардың еңбек қатынастарындағы ерекшеліктерді саралайды.

Жұмыс түрі: жеке, топтық жұмыс, кейс құрастыру, талдау, сұхбат

Сабақтың құрылымдық бөлімі: Үй тапсырмасын талқылау. «ЖИ көрме»

Мұғалім оқушылардың дайындап келген «Адал азамат» портретін таныстыруы үшін көрме ұйымдастырады және Конституциядағы жасөспірімнің құқықтық мәртебесіне қатысты баптар негізінде мемлекеттің адал азаматының қасиеттерін дәлелдеуге басымдық береді.

Қалыптастырушы бағалау. «Үздік жұмыс» аталымы: Қазіргі кезең азаматының бейнесін заң мен тәртіп, әділдік пен жауапкершілік құндылықтары негізінде қорытындылайды.

Ой ашар. «1 сауал» (1Q)

«- Егер ертең жұмысқа орналасуды жоспарласаң, ең бірінші қандай құжат қажет болады?»

Жеке жұмыс. «Толықтыр»

Мұғалім оқушыларға Еңбек шартының үлгісіндегі бос орындарды мазмұны бойынша толықтырып жазуға тапсырма береді. Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылар Еңбек кодексінің 28-бабын басшылыққа алады. Оқушылар Еңбек шартын толықтырған соң, мұғалім дұрыс үлгіні интерактивті тақтаға шығарады.

Еңбек шартын толтыру үлгісі:



ЕҢБЕК ШАРТЫ № ____

Қала: _____ Күні: «__» _____ 202 жыл

Біз, бір тараптан:
Жұмыс беруші: [Мекеме атауы], ЕСН _____, заңды мекенжайы: _____, өкілі (директор/менеджер): _____, бұдан әрі – «Жұмыс беруші» деп аталатын,
 және екінші тараптан:
Қызметкер: [Аты-жөні], ЖСН _____, жеке куәлік № _____, бұдан әрі – «Қызметкер» деп аталатын,
 осы Еңбек шартын (бұдан әрі – Шарт) жасастық.

- 1. Еңбек функциясы (Міндеттер)**
 - 1.1. Жұмыс беруші Қызметкерді [Лауазым атауы] қызметіне қабылдайды.
 - 1.2. Қызметкердің негізгі міндеттері: [Міндеттерді нақтылау: мысалы, сату процесін жүргізу, есеп беру, тауарды қабылдау].
- 2. Жұмыс орны**
 - 2.1. Қызметкердің жұмыс орны мына мекенжайда орналасқан: [Толық мекенжайы].
- 3. Жұмыс уақыты және демалыс**
 - 3.1. Жұмыс режимі: аптасына 40 сағаттық жұмыс аптасы, [күндері] күндері, сағат [уақытынан] – [уақытына] дейін.
 - 3.2. Қызметкерге ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жылдына кемінде 24 күнтізбелік күнге ақылы еңбек демалысы беріледі.
- 5. Тараптардың міндеттері мен жауапкершілігі**
 - 5.1. Жұмыс берушінің міндеті: Еңбек жағдайын қамтамасыз ету, жалақыны уақытылы төлеу, еңбек қауіпсіздігін сақтау.
 - 5.2. Қызметкердің міндеті: Еңбек тәртібін сақтау, тапсырмаларды сапалы орындау, коммерциялық құпияны сақтау.
 - 5.3. Тараптар осы Шартты бұзған жағдайда, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Жұмыс беруші: _____ (қолы)
М.О. (бар болса)

Қызметкер: _____ (қолы)
М.О. (бар болса)

ЕҢБЕК ШАРТЫ № ____

Қала: _____ Күні: «__» _____ 202 жыл

Біз, бір тараптан:
Жұмыс беруші: [Мекеме атауы], ЕСН _____, заңды мекенжайы: _____, өкілі (директор/менеджер): _____, бұдан әрі – «Жұмыс беруші» деп аталатын,
 және екінші тараптан:
Қызметкер: [Аты-жөні], ЖСН _____, жеке куәлік № _____, бұдан әрі – «Қызметкер» деп аталатын,
 осы Еңбек шартын (бұдан әрі – Шарт) жасастық.

- 1. Еңбек функциясы (Міндеттер)**
 - 1.1. Жұмыс беруші Қызметкерді [Лауазым атауы] қызметіне қабылдайды.
 - 1.2. Қызметкердің негізгі міндеттері: [Міндеттерді нақтылау: мысалы, сату процесін жүргізу, есеп беру, тауарды қабылдау].
- 2. Жұмыс орны**
 - 2.1. Қызметкердің жұмыс орны мына мекенжайда орналасқан: [Толық мекенжайы].
- 3. Жұмыс уақыты және демалыс**
 - 3.1. Жұмыс режимі: аптасына 40 сағаттық жұмыс аптасы, [күндері] күндері, сағат [уақытынан] – [уақытына] дейін.
 - 3.2. Қызметкерге ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жылдына кемінде 24 күнтізбелік күнге ақылы еңбек демалысы беріледі.
- 4. Еңбек ақы төлеу**
 - 4.1. Лауазымдық жалақы мөлшері айына _____ (_____) теңге.
 - 4.2. Жалақы айына кемінде бір рет, әр айдың [күні] күніне дейін төленеді.
- 5. Тараптардың міндеттері мен жауапкершілігі**
 - 5.1. Жұмыс берушінің міндеті: Еңбек жағдайын қамтамасыз ету, жалақыны уақытылы төлеу, еңбек қауіпсіздігін сақтау.
 - 5.2. Қызметкердің міндеті: Еңбек тәртібін сақтау, тапсырмаларды сапалы орындау, коммерциялық құпияны сақтау.
 - 5.3. Тараптар осы Шартты бұзған жағдайда, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.
- 6. Шарттың қолданылу мерзімі**
 - 6.1. Шарт [күнінен] бастап [мерзімсіз / мерзімді] күшіне енеді.

Жұмыс беруші: _____ (қолы)
М.О. (бар болса)

Қызметкер: _____ (қолы)
М.О. (бар болса)

/ <https://gemini.google.com/> арқылы генерацияланған/

Өзін-өзі бағалау. «+/-» Мұғалім оқушылардың орындаған жұмысын тексеруіне жағдай жасайды және өзін-өзі бағалау талдамасын «жұмысымның жақсы орындалған тұсы (+)», «жұмысымның жақсартуды қажет ететін тұсы (-)» түрінде ұсынуына бағыттайды.

Топтық жұмыс. «Жағдаяттар құрастыру»

Мұғалім Еңбек кодексінің баптарын негізге алып, кәмелет жасына толмаған жұмысшымен жасалған еңбек шартын жасауда жіберілетін олқылықтарды көрсететін құқықтық жағдаяттар құрастыру тапсырмасын береді. Жағдаяттарды құрастыруда ЖИ құралдарын қолдану кезінде Еңбек кодексінің талаптарымен тексеру ескертіледі. Оқушылардың топта бірлесіп, жиі кездесетін шынайы кейстер құрастыра алуы үшін мұғалім тарапынан уақытылы бағыт-бағдар беріледі.

Топтық жұмыс. «Заңды шешім»

Топтардың құрастырған кейстері сағат тілі бойынша өзге топтарға ұсынылады. Берілген жағдаятты талдау кезінде бағалау дескрипторларына сәйкес мәселені шешу жолдары іздестіріледі.

Бағалау дескрипторлары:

- Еңбек шартының негізгі талаптарын анықтайды;
- Үлгілік еңбек шартын ҚР Еңбек кодексі талаптарына сәйкес талдайды;



– Кәмелетке толмағандардың еңбек құқықтарына қатысты жағдаяттарды заң нормалары негізінде шешеді.

Өзара бағалау. «Бізге ұнаған жауабың, келесі жолы.....» Заңды шешім шығарған топты жағдаятты құрастырған топ мүшелері бағалайды. Бағалау дескрипторларын ескеріп, «бізге ұнағаны» сөз тіркесі арқылы жағдаятты шешу кезіндегі топтың жетістігін, ал «келесі жолы» сөз тіркесі арқылы түзетуді қажет ететін кеңестерін ауызша жеткізеді.

ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ АРНАЛҒАН ЧЕК-ЛИСТ «КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖҰМЫСКЕРМЕН ЕҢБЕК ШАРТЫН ЖАСАУ ТАЛАПТАРЫ»			
Ұйым атауы: _____			
Тексеру күні: _____			
Жауапты тұлға: _____			
№	Талаптар	Иә	Жоқ
1	Қызметкердің жасы анықталды (жеке куәлігі тексерілді)	☐	☐
2	Қызметкер 14 жасқа толған жағдайда заңды өкілінің (ата-анасының, қамқоршысының) жазбаша келісімі алынды	☐	☐
3	Еңбек шарты жазбаша түрде екі данада жасалды	☐	☐
4	Қызметкердің еңбек функциясы мен міндеттері нақты көрсетілді	☐	☐
5	Жұмыс орны еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді	☐	☐
6	Ұсынылған жұмыс ауыр, зиянды немесе қауіпті жұмысқа жатпайды	☐	☐
7	Жұмыс орны түнгі ойын-сауық мекемесі емес	☐	☐
8	Жұмыс алкоголь, темекі өнімдерін өндіру, тасымалдау немесе сатумен байланысты емес	☐	☐
9	Қызметкерге толық материалдық жауапкершілік жүктелмейді	☐	☐
10	Жұмыс уақыты жас ерекшелігіне сәйкес белгіленді	☐	☐
11	14–16 жас аралығындағы жұмыскер үшін апталық жұмыс уақыты 24 сағаттан аспайды	☐	☐
12	16–18 жас аралығындағы жұмыскер үшін апталық жұмыс уақыты 36 сағаттан аспайды	☐	☐
13	Қызметкер түнгі уақыттағы жұмысқа (22:00–06:00) тартылмайды	☐	☐
14	Қызметкерге еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқама жүргізілді	☐	☐
15	Еңбек шарты бойынша барлық құқықтар мен міндеттер түсіндірілді	☐	☐
Қорытынды ☐ Кәмелетке толмаған жұмыскермен еңбек шартын жасауға болады. ☐ Кәмелетке толмаған жұмыскермен еңбек шартын жасауға болмайды.			
Жауапты тұлғаның қолы: _____			

/ <https://gemini.google.com/> арқылы генерацияланған/

Еңбек инспекциясы қызметкерімен сұхбат. «Заңгерден кеңес»

Мұғалім оқушылардың тақырып бойынша орын алған сұрақтарын осы сала маманына қою арқылы ойландырған мәселелерге қатысты дәлелді түсіндірме алу алаңын ұйымдастырады. «ТВ шоу» форматына ауыстыру оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Рефлексия. «Бүгінгі сабақтағы қызметім»

Оқушыларға парақтар үлестіріледі. Берілген тұжырымдардың біреуін таңдайды, бүгінгі сабақтағы жұмысына дәлелді ой-толғанысын, өткен тақырыпқа қатысты пікірін жеткізу үшін ойды жалғастырып жазады.

- Жұмысым өнімді болды, жауабым сенімді болды, себебі...

- Жұмысым өнімсіз болды, жауабым сенімсіз болды, себебі...

Үй тапсырмасы:

Жұмыс беруші ретінде кәмелет жасына толмаған жұмысшымен еңбек шартын жасау талаптарына чек-лист (бақылау парағын) дайындау тапсырмасы



беріледі. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің баптарын басшылыққа алу қатаң ескертіледі. Төмендегі үлгіні мысал ретінде көрсеткен тиімді.

Тақырып бойынша материалдар жинағы

Құқықтық жағдаяттарды құрастыру үлгілері

Жағдаяттар: «Алғашқы жұмыс тәжірибесі: заңды ма әлде заңға қайшы ма?»

1-жағдаят: Айдос 9-сыныпты бітіріп, жазғы демалыста дүкенге сатушы көмекшісі болып жұмысқа тұрғысы келеді. Жұмыс беруші онымен еңбек шартын жасаудан бас тартып, «18 жасқа толмағандарды жұмысқа алмаймыз» дейді.

– Жұмыс берушінің әрекеті заңды ма?

– Айдоспен еңбек шартын жасауға бола ма? (ҚР ЕК 31-бабына сәйкес, негізгі орта білім алған 15 жасқа толған азаматпен еңбек шартын жасауға болады)

– Қандай шарттар сақталуы керек? (ҚР ЕК 31-бабының 3-тармағына сәйкес, еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның заңды өкілдерінің біреуі қол қоюға тиіс)

2-жағдаят. 15 жастағы Әлия «Алтындар» гипермаркетінде кіші қызметкер болып жұмыс істейді. 3 ай өткен соң дүкеннің менеджері шақырып, үлгілі қызметіне байланысты жалақысын көтеру мақсатында сағат 8.00-ден 23:00-ге дейін жұмыс уақытын ұзартуға ұсыныс тастайды. Әлия қуана келіседі.

– Жұмыс берушінің ұсынысы қаншалықты заңды болып табылады? (ҚР ЕК 76-бабына сәйкес, 18 жасқа толмаған жұмыскерлер түнгі уақыттағы (сағат 22-ден 6-ға дейінгі уақыт) жұмысқа жіберілмейді);

– Әлия үшін жұмыс уақытының ұзақтылығы қандай болу керек? (ҚР ЕК 69-бабына сәйкес, он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін аптасына 24 сағаттан аспайтын жұмыс уақытын құрайды);

– Еңбек инспекциясының тексерісі кезінде кім жауапты болады? (Жұмыс беруші).

3-жағдаят. 17 жастағы Аружан жазғы демалыс кезінде жаңа оқу жылына киім-кешек алу үшін табыс тапқысы келеді. Ол қаладағы танымал «Сиберия» ресто-клубқа даяшы болып жұмысқа орналасуға өтініш береді. Клуб директоры еңбек шартын жасап, жұмысқа қабылдауға келіседі.

– Аружанның даяшы болып жұмыс істеуіне кедергілер бар ма?

– Клуб директорының Аружанмен еңбек шартын жасауы дұрыс па? Неліктен? (ҚР ЕК 26-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, он сегіз жасқа толмаған азаматтармен түнгі ойын-сауық орындарындағы жұмысқа еңбек шартын жасасуға жол берілмейді)

– Тағы қандай жағдайларда кәмелетке толмағандармен еңбек шартын жасауға болмайды?

Құқықтық жағдаяттарды шешу жолдарын анықтау кезінде «Заңнамалық қоржын» бөлімін басшылыққа алу ұсынылады.



2. «Заңнамалық қоржын»: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі

24-бап. Еңбек шартының нысанасы

Еңбек шарты бойынша жұмыскер жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесі қағидаларын сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді.

25-бап. Еңбек шартын жасасу кезі мүмкіндіктер теңдігінің кепілдіктері

1. Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жүктілік, үш жасқа дейінгі балаларының болуы, кәмелетке толмағандық, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектемейді.

28-бап. Еңбек шартының мазмұны

1. Еңбек шартында:

1) тараптардың деректемелері:

жұмыс беруші жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні;

жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);

жұмыс беруші заңды тұлғаның және оның орналасқан жерінің атауы, жұмыс беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысы (еңбек функциясы);

3) жұмыстың орындалатын орны болуға тиіс.

Қашықтан жұмыс істеу кезінде, қашықтан аралас жұмыс істеуді қоспағанда, жұмыстың орындалатын орны көрсетілмейді;

4) еңбек шартының мерзімі;

5) жұмыстың басталу күні;

6) жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі;

7) еңбекке ақы төлеу мөлшері мен өзге де шарттары;



8) егер жұмыс ауыр жұмыстарға жататын болса және (немесе) зиянды және (немесе) қауіпті жағдайларда орындалатын болса, еңбек жағдайларының сипаттамасы, кепілдіктер мен жеңілдіктер;

9) жұмыскердің құқықтары мен міндеттері;

10) жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері;

11) еңбек шартын өзгерту мен тоқтату тәртібі;

12) тараптардың жауаптылығы;

13) жасалу күні мен реттік нөмірі болуға тиіс.

31-бап. Еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас мөлшері

1. Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі.

2. Еңбек шарты:

1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда, он бес жасқа толған азаматтармен;

2) оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушылармен;

3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағында айқындалған жағдайларда еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның заңды өкілдерінің біреуі қол қоюға тиіс.

69-бап. Жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы

1. Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер үшін:

1) он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан аспайтын;

2) он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді

76-бап. Түнгі уақыттағы жұмыс

3. Сағат 22-ден 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі. Түнгі уақыттағы жұмысқа: он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер жіберілмейді.

26-бап. Еңбек шартын жасасуға және жұмысқа орналасуға салынатын тыйымдар және қойылатын шектеулер

1. Мынадай: 2) ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға, сондай-ақ жұмыс берушінің мүлкі мен басқа да құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жұмыскердің толық материалдық жауаптылығы көзделетін лауазымдар мен жұмыстарға, сондай-ақ орындалуы олардың денсаулығы мен имандылық тұрғысынан дамуына зиян келтіруі мүмкін жұмыстарға (ойын бизнесі, түнгі ойын-сауық орындарындағы жұмыс, алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын, есірткі, психотроптық заттар



мен прекурсорларды өндіру, тасымалдау мен сату) он сегіз жасқа толмаған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол берілмейді.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 86-бап. Адамды еңбек шартын жасаспай жұмысқа жіберу.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған әрекет (әрекетсіздік) - лауазымды адамдарға - елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

Қосымша ақпарат

1. Қазіргі таңда еңбек шарттарының электронды түрде ресімделуі <https://www.enbek.kz/kk> платформасы арқылы жүргізіледі.

2. Еңбек шартының талаптары туралы түсінікті тілде жазылған мақаланы <https://egov.kz/cms/kk/articles/employment/dogovora-v-ESUTD> сілтемесін басу арқылы танысуға болады.

3. Кәмелет жасына толмағандармен еңбек қатынасының ерекшеліктері туралы қосымша ақпаратпен төмендегі сілтеме арқылы өтіп танысу ұсынылады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana/press/news/details/1230832?lang=kk>

Бөлім: Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық

Тақырыбы: Желідегі оңай табыс: дропперлік және алаяқтық

Оқу мақсаты: Жеке банктік картасын үшінші тұлғалардың пайдалану тәуекелдерін анықтау

Сабақтың мақсаттары:

- Дропперлік пен қаржылық алаяқтықтың мәнін түсіндіреді;
- Жеке банктік картаны немесе банк шотын басқа адамдарға пайдалануға берудің қауіптері мен салдарын анықтайды;
- Желідегі «оңай табыс» туралы күмәнді ұсыныстарды талдап, қауіпсіз шешім қабылдау жолдарын ұсынады.

Жұмыс түрі: жеке, топтық жұмыс, кейс талдау, рөлдік ойын

Сабақтың құрылымдық бөлімі

Үй тапсырмасын талқылау. «Менің түйгенім»

Жұмыс беруші ретінде кәмелет жасына толмаған жұмысшымен еңбек шартын жасау талаптарына арналған чек-листтер (бақылау парақтары) тексеріледі. Оқушылар тапсырманы орындау кезінде түйген ойларымен бөліседі.

Ой қозғау. «Таныс па?»

1. Жадынамалардағы ұғымдар
2. Жадынамадағы ақпарат



ала



Мұғалім алдын-дайындалған жадынамаларды оқушыларға үлестіреді немесе интерактивті тақтаның көмегімен көрсетеді.

Жадынамадағы ұғымдар мен ақпарат туралы бастапқы білімдерін анықтау үшін «Таныс па?» сұрағын қояды. Оқушылардың ой бөлісуіне алаң жасақтайды.

Сұрақ: Оларға ортақ қандай тақырып қоюға болады?



Оқушылар

жадынамалардағы дропперлік және қаржылық алаяқтық ұғымдарын ажыратады. Жаңа тақырып атауын болжайды.

Жеке жұмыс. «Жеке деректер аудиті»

- Логиндер
- Парольдер
- ЖСН
- Телефон нөмерлері
- Жеке суреттер,

бейнесюжеттер

- Геолокация
- Банк реквизиттері
- Банк картасының CVV

коды

Кері байланыс:

Мұғалім оқушылардың қауіптілік деңгейін анықтап, жеке және жалпыға қолжетімді ақпараттарды ажырата алуы үшін төмендегі сұрақтарды қояды.

– Сенің әлеуметтік желідегі парақшаң жабық па? Бейтаныс адам көре алатын артық дерек (телефон, мекенжай, мектеп нөмірі) бар ма? Сенің барлық аккаунттарына әртүрлі және күрделі парольдер қойылған ба? Смартфоныңызда қандай қауіпсіздік баптаулары қосылған?

– Цифрлық кеңістікте жеке деректер құпия түрде сақталмаса, не болуы мүмкін?


Оқушыларды бағыттауға арналған жауаптар:

- алаяқтардың заңсыз түрде несие рәсімдеуі;
- көмек сұрау хабарламаларын, жалған ақпарат таратуы;
- спам-қоңыраулар, фишингтік сілтемелер жіберуі;
- шоттағы барлық қаражатты бір сәтте аударуы;
- қауіпсіздіктің бұзылуы.

Топтық жұмыс. «Рөлдік ойын» Мұғалім топтарға жағдаяттарды бөледі және иммитациялауға тапсырма береді. Ресурс ретінде Қылмыстық кодекстің 190, 232, 232-1 баптары ұсынылады. Жағдаятты тамашалаған өзге топтар дропперлік пен алаяқтылықтың қауіптері мен салдарын талдау кезінде бағалау дескрипторларын қолданады.

Бағалау дескрипторлары:

- Дропперлік пен қаржылық алаяқтықтың белгілерін анықтайды;





– Жеке банк картасын пайдалануға берудің тәуекелдері мен салдарын түсіндіреді;

– Қауіпті жағдайларда қауіпсіз шешім қабылдау жолдарын ұсынады.

Талқылауға арналған сұрақтар. «Жанды микрофон»

Әр рөлдік қойылымнан соң мұғалім өзі таңдаған оқушыға сауалын микрофон арқылы қояды және микрофонды жауап беруші тарапқа бағыттайды. Бұл ретте сабаққа қатыспай отырған оқушыларды тарту ұсынылады.



<https://www.vecteezy.com>

Рөлдік қойылым бойынша заң баптары негізге алынып, қауіпсіз шешімдер шығарылады.

Рефлексия. «Бүгінгі тақырып бойынша білгенім»

Оқушылар сабақ бойынша ой-пікірлерін төменде берілген тұжырымдардың бірін таңдау, әрі жалғастыру арқылы ауызша жеткізеді.

– Мен үшін пайдалы болды, себебі..

– Мен үшін пайдалы болмады, себебі.....

Үй тапсырмасы. «Дропперлік және алаяқтықтан сақтану жолдары» тақырыбына стори-бук құрастыру.

Тақырып бойынша материалдар

Құқықтық жағдаяттар: 1-жағдаят: «Жеңіл ақша»

9-сынып оқушысы Арманға Telegram желісі арқылы белгісіз адам хабарласады: «Картанды уақытша пайдалануға берсең, ай сайын 50 000 теңге аласың. Ешқандай жұмыс істемейсің. Тек картаға түскен ақшаны біз көрсеткен шоттарға аударып отырсаң жеткілікті»-дейді. Қосымша табыс тапқысы келген Арман ұсынысқа келіседі.

– Арманға қандай ұсыныс жасалды?

– Бұл ұсыныста қандай күмәнді белгілер бар?

– Егер Арманның әрекеті нәтижесінде алаяқтық жолмен алынған ақша аударылғаны анықталса, оның қандай құқықтық және әлеуметтік салдары болуы мүмкін?

– Арман өзінің әрекетінің заңсыз екенін білмесе, оның банк картасын қылмыстық схемада пайдалану жауапкершіліктен босата ма? Неліктен?

Заңдық негіздеме: ҚР ҚК 232-1-бабына сәйкес, банк карталарын, шоттарды немесе төлем құралдарын үшінші тұлғаларға беру, пайдалану немесе заңсыз



айналымға қатыстыру (дропперлік) болып табылады және қылмыстық жауапкершілікке тартады.

2- жағдаят: «Арзан телефон»

Айдана әлеуметтік желіден нарық бағасынан әлдеқайда арзан соңғы үлгідегі айфондардың жарнамасын көреді. Айдананың сауалына сатушы: «Алдын ала 100% төлем жасасаңыз, бірден жібереміз. Бүгін акцияның соңғы күні екенін ескертеміз»-деп жауап береді. Айдана дереу ақшасын аударады, бірақ кейін сатушы байланысқа шықпай қояды. Парақша да өшірілген.

- неліктен Айдана аяқ астынан телефон сатып алу шешімін қабылдайды?
- сатушының әрекетінен қандай күмәнді белгілерді байқауға болады?
- интернеттегі барлық арзан ұсыныстарды алаяқтық деп санауға бола ма?

неліктен?

– алаяқтықтың құрбанына айналмауы үшін Айданаға қандай кеңес беруге болады?

Заңдық негіздеме: ҚР ҚК 190-бабына сәйкес, алдау арқылы ақша немесе мүлікті иемдену алаяқтық болып табылады және ақшадан айырылуға әкеліп соғады.

3- жағдаят: «Оқыс қоңырау»

Даниярға белгісіз нөмірден қоңырау келеді. Қоңырау шалушы өзін банктің қауіпсіздік бөлімінің қызметкері ретінде таныстырады: «Сіздің картаңыздан күмәнді операция анықталды. Қауіпсіздік үшін SMS-кодты айтып жіберіңіз»-дейді. «Депозитте жатқан қаражатынан айырылып қаламын» деп үрейге берілген Данияр SMS-кодты бірден жібереді. Біраз уақыттан кейін депозит шотында жиналған 1 млн теңгенің жоқ болып кеткенін анықтайды.

– Қоңырау шалушы Даниярдан қандай ақпарат сұрады?

– Неліктен SMS-код немесе банк картасының деректерін бөгде адамдарға айту қауіпті болып табылады?

– Алаяқтар адамдарды алдау үшін көбіне қандай психологиялық тәсілдерді қолданады және олардан қалай қорғануға болады?

Заңдық негіздеме: ҚР ҚК 232-бабына сәйкес, төлем құралдарын және банктік деректерді заңсыз пайдалану интернет-алаяқтыққа жатады және қаржылық шығынға батырады.

Мұғалімдерге «фактіні анықтау - қауіпті белгілерді талдау - құқықтық баға беру» алгоритмі арқылы қойылатын сұрақтарды біртіндеп күрделендіру ұсынылады.

«Заңнамалық қоржын»:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, 190-бап. Алаяқты

1. Алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

4) ақпараттық жүйені немесе Интернет желісін пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен;

5) мемлекеттік сатып алу саласында жасалған алаяқтық мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

232- бап. Жалған төлем карточкалары мен өзге де төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе өткізу

1. Жалған төлем карточкаларын, сондай-ақ бағалы қағаздар болып табылмайтын өзге де төлем және есеп айырысу құжаттарын өткізу мақсатында жасау немесе өткізу мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған немесе қылмыстық топ жасаған дәл сол іс-әрекеттер мүлкі тәркіленіп, үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

232-1- бап. Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру

1. Материалдық сыйақы және (немесе) мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаға өзінің банктік шотына не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну не оларды үшінші тұлғаға пайдалануға заңсыз беру мүлкі тәркіленіп, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, айтарлықтай мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, ірі мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекеттер мүлкі тәркіленіп, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға



тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына банктік шотын не төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру мүлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, айтарлықтай мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

6. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, ірі мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет мүлкі тәркіленіп, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

7. Заңсыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында банктік шотты не төлем құралын не сәйкестендіру құралын басқаруға қолжетімділікті заңсыз алу мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған, бұл туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ осы құқық бұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>


Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 232-1-бабының қысқаша түсіндірмесі: 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қазақстанда дропперлік үшін жеке қылмыстық жауапкершілік енгізілді:

– Өз картасы немесе шотын беру – 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру;

– Үшінші тұлғалар мүдделері үшін аударымдар мен төлемдер жасау – 5 жылға дейін;



– Қасақана басқа адамның қолжетімділігін қылмыстық схемаларда пайдалану – 7 жылға дейін.



Қосымша ақпарат: Осы тақырып бойынша кеңінен танысу мақсатында «Қаржылық сауаттылық» платформасының мақалалары мен суреттерін қолдану ұсынылады:

«Қаржылық сауаттылық» платформасы материалдары:

<https://fingramota.kz/kk/news/post/alayatar-dy-olshopary-bolma-dropperlikke-zho-de>




Берілген заң баптарын оқушылардың практикаға бағытталған құзіреттіліктерін дамыту үшін құқықтық жағдаяттардың себептері мен шешу жолдарын талдау барысында «Заңнамалық қоржын», «Білу маңызды» тақырыптарымен берілген материалдарды қолдану




ұсынылады.

Жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану бойынша ұсыныстар:

Үй тапсырмасын «Storybook» түрінде орындау үшін білім алушыларға <https://gemini.google.com/> платформасының көмегімен жасалынған жұмыс үлгісін көрсету тиімді болады. Дайын иллюстративті кітап pdf форматында жүктелінеді.





Бөлім: Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық

Тақырыбы: Практикум: Жасөспірімдерге арналған онлайн жұмыс ұсыныстары: мүмкіндіктер, тәуекелдер және құқықтық қауіпсіздік

Оқу мақсаты: Алаяқтық белгілерін, заңсыз әрекетті және қауіпті жұмыс ұсыныстарын анықтау; Интернетте жұмыс іздеу кезінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы білімді қолдану.

Міндеттері:

– Цифрлық ортада жұмыс іздеу кезінде алаяқтық түріндегі заңсыз әрекеттерді және қауіпті жұмыс ұсыныстарын анықтай алады;

– Интернетте жұмыс іздеу кезінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен қауіпсіздік ережелерін қолданады;

– Онлайн жұмыс іздеу барысында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтап, өзін құқықтық тұрғыдан қорғай білу дағдыларын қалыптастырады.

Жұмыс түрі: кино талдау, сұрақ-жауап

Сабақтың құрылымдық бөлімі

Үй тапсырмасын талқылау. «Storybook сөйлейді»

Мұғалім оқушылардың «Дропперлік және алаяқтықтан сақтану жолдарын» иллюстративті-көрнекі түрде көрсетуіне жағдай жасайды. Шағын топтарда үздік шыққан жұмыстар барлық сыныпқа таныстырылады.

Өзара бағалау. «Ең үздік storybook» аталымы.

Барлық оқушыларға бағалау таяқшалары үлестіріледі. Әр жұмыстан соң «қалыпты ақпарат» / идея алдым» ұғымдары арқала өз пікірлерін білдіреді. Таныстырушы тараптың сараптамалық бағалау бойынша қарсылығына дәйекті тұжырымын жеткізеді.

Ой шақыру. «Актерден сұрақ, сіздерден жауап»: Оқушыларға кино залының атмосферасын сезіну үшін билеттер үлестіріледі. Мұғалім фильм көрсетілімінен бұрын тақырыпқа байланысты сұрақтарды <https://www.d-id.com/> платформасында жасалған жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейне кейіпкер арқылы береді. Көрсетілетін фильмнің басты кейіпкерін алу ұсынылады.

- Дропперлік пен алаяқтық қай салада жиі кездеседі?
- Онлайн жұмыс дегенді қалай түсінесіздер?
- Сіздер қандай жұмыстарды интернет арқылы орындай аласыздар?



– Интернеттен жұмыс іздеу қауіпсіз бе? Қалай ойлайсыздар?

Оқушылардың өткен тақырыппен байланыс орнату арқылы сұрақтарға ойланып жауап беруіне жағдай жасалынады.

«Cinema-time». «Алаяқтар» (Мошенники) фильмінен үзінді.

<https://youtu.be/JhHsAqpKxL8?si=uddVgYJHBrv71RLH>

Бағытталған қаралым. «Содан кейін»: Мұғалім фильмнің шиеленісті әрі тақырыпқа қатысты тұсында тоқтатып, келесі сюжеттердің желісін болжатуға сауалдар қояды.

- Бұл жағдай сіздерге таныс па?
- Енді оқиға қалай өрбуі мүмкін?
- Бұл жайтты қалай алдын-алуға болады?

Бағалау дескрипторлары:

- алаяқтық белгілерін анықтайды;
- заңсыз әрекеттерді ажыратады;
- кәмелетке толмағандардың құқықтарын түсіндіреді;
- қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қолданады;
- өз шешімін дәлелдейді.

Қорытынды сұрақ: Кәмелетке толмағандар жұмыс іздеу кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек?

Рефлексия. «Кино-сарапшы»: Мұғалім әрбір оқушының берілген критерийлер бойынша фильмнен алған әсерімен бөлісуі үшін билеттің артқы бетіне қысқаша жазба түсіреді. 3-4 түрлі кино-сараптамасы тыңдалынып, қорытындыланады. Тақырыпқа сәйкес фильмді сыйлаған эмоциясы, сюжеті, кейіпкерлер образы, идеясы мен тәрбиелік мәні бойынша қорытындылайды

Үй тапсырмасы

Онлайн жұмыс ұсыныстарының қауіпсіздік нұсқаулығын дайындауға тапсырма беріледі. «Онлайн жұмыс табу – мүмкіндік, бірақ қауіпсіздік пен заң талаптарын сақтау – міндет» екенін түсіндіру ұсынылады.

Үлгі:

1. Жұмыс берушіні, ол басқаратын ұйымды зертте;
2. Жеке деректерді еңбек шартын жасамай берме;
3. Тым жоғары табыс уәдесіне сенбе;
4. Ата-анамен кеңесуді ұмытпа!

Сонымен қатар «Kaspi.kz» пен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі дайындаған тақырыптық қысқа бейнесюжеттерді қосымша беру тақырыптың жадыда сақталуына көмектеседі:

https://youtube.com/playlist?list=PLRLZbDT_Oenq3x2MBv83I6Q6nBhyEFqV7&si=yqsQOy3XcZDgYVe5

«Кино-тайм» форматында өткізілетін курс сабағын өткізу алгоритмі

1. Кабинетті кино залы ретінде алдын ала дайындау, терезелерді қараңғы болатындай жабу;
2. Кабинеттің отырғыштарын реттеу, парталарды бір-біріне қосу және сынып тақтасын суреттермен (3d көзілдірік, кинолента) безендіру;



3. Оқушыларға үлестірілетін билеттерді дайындау және оның арты жағына «Кино-сарапшысы» үшін критерийлерді орналастыру;

4. Кинотеатр аурасын сезіндіру үшін пластикалық стакандарға шырындарды құйып, поп-корндарды салып қою (мүмкін болса);

5. Оқу мақсатын жүзеге асыруды көздейтін осы сабаққа жоспарланған фильмнің сапасын, дыбысын алдын ала тексеру;

6. Фильмді алдын ала көріп алып, тоқтататын тұстарын белгілеп алу;

7. Стоп-кадрларға қатысты қойылатын сұрақтарды құрастыру, сабақтың оқу мақсатына бағыттау;

8. Стоп-кадрлар бойынша жұмысқа барынша көбірек оқушыларды жұмылдыру;

9. Фильмнен алған әсерімен бөлісуді жұпта ұйымдастыру және тыңдау;

10. Үздік сарапшыларды мадақтау, ынталандыру.

Бөлім: Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері

Тақырыбы: Буллинг үшін менің жауапкершілігім

Оқу мақсаты: Буллинг мен кибербуллинг үшін жеке жауапкершілікті, олардың қатысушыларға тигізетін салдарын түсіндіру;

Сабақ мақсаттары: Буллинг, кибербуллингтен туындайтын құқықтық жауапкершілік пен оның салдары туралы талдау жасайды;

Ресурстар: Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінен үзінділер, жұмыс парақтары, ЖИИ құралдары

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақтың бастапқы кезеңінің нұсқаларын педагог өз қалауы бойынша таңдауға болады

Сабақтың бастапқы кезеңіне ұсыныстар:

1. Оқушыларға пазл түрінде ұғымдар беру.

2. Бейнетаспа көрсету

3. Комикс немесе кинолардан, ертегілерден үзінділер көрсету арқылы сабақтың тақырыбын жариялайды

1-тапсырма. Оқушыларға ұсынылатын сұрақтардың үлгілері

– Буллинг қылмыс па, әлде ойын ба?

– Кибербуллинг туралы не білесіздер?

– Буллинктің құрбанына қандай психологиялық зиян келуі мүмкін?

– Буллинг пен кибербуллинг үшін жауапкершілік қандай болуы мүмкін?

Мұғалім оқушылардың жауаптарын нақтылап, Қазақстан Республикасы Конституциясында адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылғанына назар аударады. Буллинг пен кибербуллинктің адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, психологиялық және әлеуметтік зардаптарға әкелетін құқыққа қайшы әрекеттер екенін түсіндіреді. Сонымен қатар олардың ауыр салдары болуы мүмкін екендігін атап өтеді.



Білім алушылар: Өз пікірлерін нақты мысалдар арқылы негіздейді. Сабақтың тақырыбы бойынша болжам жасап, буллинг пен кибербуллингтің жеке адамға, ұжымға және қоғамға тигізетін зардаптарын талдайды. Бұл әрекеттердің психологиялық күйзеліске, әлеуметтік оқшаулануға және өзге де ауыр салдарға әкелуі мүмкін екендігі туралы қорытынды жасайды. Негізгі ұғымдар мен тұжырымдарды дәптерлеріне жазады.

Конституцияның тиісті баптарымен және басқа да нормативтік құқықтық актілердің үзінділерімен жұмыс істейді. Мұғалімнің сұрақтарына жауап беріп, кері байланыс береді. Конституцияда бекітілген негізгі құқықтар мен құндылықтарды анықтайды. Буллинг пен кибербуллингтің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырып, олардың ерекшеліктерін түсіндіреді.

«Буллинг пен кибербуллинг құқыққа қайшы әрекеттер болып табылады және олардың жекелеген түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін.»

1 тапсырма. Жеке жұмыс. Заң әлемі

Мұғалім оқушыларға заңның баптарынан үзінділер алынған қиындылар, нақты тапсырмалардың нұсқаларын таратып береді. Оқушылар мәтінді оқып шығып, берілген тапсырмаларды орындайды

ЖИИ құралдары арқылы сыныпты топқа бөлу ұсынылады.

Тапсырманың шарты:

- Буллингтің жиі кездесетін түрлеріне талдау жасайды;
- Қоғам және адам өміріне келтіретін зардаптарын анықтайды
- Оқушылар өмірінде жиі кездесетін буллинг түрлеріне талдау жасайды.

Оқушылар топқа бөліну арқылы тапсырмаларды постер қорғау презентация жасау Күнделікті оқиғаны талдау арқылы, өздеріне ыңғайлы әдістерді еркін тандай отырып, берілген тапсырманы қорғайды





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

- ✓ Адамның ар-намысы мен қадір-қасиеті заңмен қорғалады.
- ✓ Ешкімді қорлауға, кемсітуге немесе қатыгездік көрсетуге болмайды.



БУЛЛИНГТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ



АР-НАМЫСТЫ ҚОРЛАУ

Біреудің ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз сөздермен немесе әрекеттермен қорлау.

ҚР ҚК 131-бап



БОПСАЛАУ

Қорқыту, күш қолдану немесе беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату арқылы ақша немесе мүлік талап ету.

ҚР ҚК 194-бап



ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН САЛУ

Ұрып-соғу немесе денсаулыққа зиян келтіру.

ҚР ҚК 106, 107, 108-баптар



ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУГЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ

Жүйелі қорлау, қысым көрсету арқылы адамды суицидке итермелеу.

ҚР ҚК 105-бап

ЕГЕР БУЛЛИНГКЕ ТАП БОЛСАҢ:



Үндемей қалма!



Ата-анаңа айт.



Мұғалімнен көмек сұра.



Досыңа қолдау көрсет.



Буллинг – бұл күшіктің емес, әлсіздіктің белгісі! Құрмет пен мейірім әрдайым күшті!

ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП – БӘРІМІЗДІҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ!



Жағдаяттық тапсырмалар:

8 сынып оқушысы Жанар жаңа мектепке ауысты. Келген күннен бастап сыныптастары оны ұната қоймады.

Соңғы күндері сыныптастары өздері отыратын чатта, ол туралы мазақ сөздер жазып, күлкіге айналдыра бастады. Мұндай әрекеттер алғашқы кезде сыныптасы Ж-дан басталған еді. Дәлізде итеріп кету, сабақ үстінде келемеждеп күлу, телефон арқылы Ж-ның «егер мамаңа айтсаң өлтіремін» деген қоқан-лоққы әрекетіне ұласты. Жанар анасының онсызда қиналып жүргенін ойлап өзіне қол жұмсау туралы ойлана бастады.

Жағдаяттық тапсырма сұрақтары:

- Жанарға қиындықтан шығудың жолдарын ұсыныңыздар
- Жанардың өзін-өзі қорғау алгоритмін жасап, көмек беріңдер
- Конституцияда бекітілген қандай қағидат бұзылғанын талдандар
- Қандай баптар бойынша құқық бұзушылық жасалды. Жаза қандай болмақ?

Жағдаят: Қаладағы мектептердің бірінде оқушыларға күш қолдану,» күш қолданам» деп қорқыту арқылы ақша жинау оқиғасы болды. Жоғарғы сыныпта



оқитын С. деген оқушы өзінің достарымен бірге төменгі сыныптағы Қ. деген оқушыны қорқытып, ақша әкелмегені үшін соққыға жықты.

Салдарынан оқушы ашық бас жарақатын алды, қабырғалары сынды, ауыр халге түсті. Қ -ның анасы Сізден заң кеңесін алғысы келеді

Тапсырма сұрақтары:

Ата анаға өтініш беруге көмек беру жолын ұсыну

1. Қандай мемлекеттік органдарға шағым жасауға болады?

2. Аталаған заң бұзушылық бойынша қандай баптар қолданылады?

3. Осындай әрекеттер болмау үшін қорғану жобасын жасаңыздар.

Топтарда қорғауға ұсыныңыздар.

Білім алушылар тапсырма бойынша буллинг және кибербуллинг ұғымдарын ажыратады. Нақты қандай баптар құқық бұзушылық жасалғанын анықтайды. Қиын жағдайдан шығудың жолдарын ұсынады. Буллингтен қорғанудың алгоритмін жасайды. Ұқсас оқиғалар орын алған жағдайда шағым жасайтын органдар туралы біледі

Үй тапсырмасы: Буллинг- қоғам үшін неге қауіпті? Оны тоқтаудың жолдары қандай? зерттеу сұрақтары негізінде Эссе жазу.

Мұғалімге әдістемелік ұсынымдар: Сабақ барысында білім алушылардың құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару ұсынылады. Ол үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің тиісті баптарымен жүйелі жұмыс ұйымдастыру қажет. Мұғалім оқушыларды құқықтық нормаларды тек оқып қана қоймай, оларды нақты өмірлік жағдаяттарды талдау кезінде қолдануға бағыттайды.

Буллинг және кибербуллинг тақырыбын оқытуда күнделікті өмірден, бұқаралық ақпарат құралдарынан немесе білім алушылардың жас ерекшелігіне бейімделген жағдаяттар негізінде әзірленген кейс-тапсырмаларды пайдалану ұсынылады. Кейс мазмұны оқушыларды мәселенің құқықтық қырын анықтауға, құқық бұзушылық белгілерін ажыратуға және заң талаптарына сәйкес шешу жолдарын ұсынуға бағыттауы қажет.

Кейс-тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар құқықтық жағдайды талдап, тиісті нормативтік құқықтық актіні және оның бабын өз бетінше табуға, құқықтық нормаларды нақты жағдаятқа қолдануға, өз шешімдерін заң талаптарына сүйене отырып негіздеуге және ықтимал құқықтық салдарды болжауға дағдылануы тиіс.

Мұғалім оқушыларға дайын жауап беруден гөрі, бағыттаушы сұрақтар қою арқылы олардың ізденісін қолдап отырғаны тиімді. Мысалы: *«Бұл жағдайда қандай құқық бұзылды?», «Қай заңның немесе кодекстің нормасын қолдануға болады?», «Ұсынылған шешім заң талаптарына сәйкес келе ме?»* сияқты сұрақтар оқушылардың құқықтық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Мұндай жұмыс түрі білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, заң нормаларын өмірлік жағдаяттарда саналы әрі дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастырады.



Құқықтық жағдаяттар:

1- жағдаят. «Мектептегі буллинг»

8-сынып оқушысы Ержан сыныптастарының тарапынан үнемі мазаққа ұшырайды. Олар оның киімін келемеждеп, қорлайтын сөздер айтып, үзіліс кезінде итеріп, басқа оқушылардың көзінше кемсітеді. Сонымен қатар сыныптың WhatsApp тобында Ержан туралы жағымсыз пікірлер жазып, келемеждейтін жазбалар жариялайды.

Нәтижесінде Ержанның сабаққа қызығушылығы төмендеп, тұйықтала бастайды. Үйде көбіне жалғыз болуды қалайды, анасының сұрақтарына жауап беруден қашқақтайды және мектепке барғысы келмейтінін айтады.

Сұрақтар:

– Бұл әрекеттерді буллинг деп бағалауға бола ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

– Ержанның қандай құқықтары бұзылды?

– Бұл әрекеттерді буллинг деп бағалауға бола ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

– Ержанның қандай құқықтары бұзылды?

– Мұғалім мен мектеп әкімшілігі қандай шаралар қабылдауы тиіс?

– Буллинг жасаған оқушылар қандай құқықтық жауапкершілікке тартылуы мүмкін?

Ержанға қолдау көрсету және буллинктің алдын алу бойынша әрекет алгоритмін құрастырыңыз.

2- жағдаят. «Әлеуметтік желідегі кибербуллинг»

Айдана мектепшілік іс-шараларға белсенді қатысады. Іс-шара барысында түскен фотосуреттері мен бейнежазбаларын мектеп әлеуметтік желідегі ресми парақшасына жариялайды.

Біраз уақыттан кейін Айдананың жеке парақшасына қорлайтын хабарламалар келе бастайды. Белгісіз адамдар оны мазалап, танысуға мәжбүрлейді. Кейін Telegram арнасында оның фотосуреттері рұқсатсыз жарияланып, жағымсыз сипаттағы жазбалармен бірге таратылады.

Сұрақтар

Бұл жағдайды кибербуллинг деп атауға бола ма? Неліктен?

Айдананың қандай құқықтары бұзылды?

Ол кімнен және қай мекемелерден көмек сұрай алады?

Мектеп әкімшілігі оқушылардың фото және бейнематериалдарын жариялау кезінде қандай талаптарды сақтауы тиіс?

Айдананың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеңіз.

3- жағдаят. «Жалған аккаунт»

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде мұғалімдерді ар намысына тиетін бейнематериалдар жиі тарала бастады. Кейбір оқушылар жалған аккаунт ашып, ұстаздардың ар-намысына тиетін жазбалар жариялап, бейнематериалдар орналастырды. Олар аккаунтты өзгерту немесе жою арқылы жауапкершіліктен



құтыламыз деп ойлады. Алайда құқық қорғау органдары құқық бұзушыларды анықтап, заңнамаға сәйкес шара қолданды.

Сұрақтар

- Бұл әрекеттер қандай құқықтарды бұзады?
- Мұғалімдер өз құқықтарын қорғау үшін қайда жүгіне алады?
- Мұндай әрекеттер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қандай жауапкершілік көзделген?

- Әлеуметтік желі әкімшілігінің мұндай жағдайдағы міндеті қандай?
- Мұғалімнің құқықтарын қорғау алгоритмін әзірлеп, таныстырыңыз.

4- жағдаят. «Қорқыту хабарламалары»

9-сынып оқушысы Әмірге белгісіз нөмірден күн сайын қорқыту сипатындағы хабарламалар келеді. Хабарлама жіберуші оның жеке фотосуреттерін интернетке жариялаймын деп қорқытып, ақша талап етеді. Егер талап орындалмаса, суреттерін әлеуметтік желілерде тарататынын айтады.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда кибербуллингтен басқа қандай құқық бұзушылық белгілері байқалады?
- Әмір өз құқықтарын қорғау үшін қандай әрекеттер жасауы керек?
- Ата-анасы қандай қолдау көрсете алады?
- Құқық қорғау органдары қандай көмек көрсете алады?
- Әмірге құқықтық кеңес беріп, оның құқықтарын қорғау алгоритмін әзірлеңіз.

5- жағдаят. «Бейнероликті заңсыз тарату»

Мектеп оқушылары ата-аналарының келісімімен жағажайда демалады. Демалыс кезінде бір оқушының жүзуге арналған киімі болмай, ол өзін ыңғайсыз сезінеді. Кейбір сыныптастары оны келемеждеп, рұқсатынсыз бейнежазбаға түсіреді. Кейін олардың бірі сол оқушының бейнесі көрінетін бейнеролик пен фотосуреттерді әлеуметтік желіге жариялайды. Соның салдарынан оқушы психологиялық күйзеліске ұшырайды.

Сұрақтар:

- Бұл жағдайда қандай құқықтар бұзылды?
- Бейнематериалды түсіріп, жариялаған адамның қандай құқықтық жауапкершілігі туындауы мүмкін?
- Зардап шеккен оқушы өз құқықтарын қорғау үшін қандай әрекеттер жасауы тиіс?
- Мұндай жағдайдың алдын алуда ата-аналардың, мектептің және оқушылардың жауапкершілігі қандай?

Жағдаяттар бойынша сұрақтарды заң нормаларын қолдануға бағыттау ұсынылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Бала құқықтары туралы» Заңды, «Білім туралы» Заңды және қажет болған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті немесе Қылмыстық кодексті пайдаланып, жағдаятқа құқықтық талдау жасау, қандай құқық



бұзылғанын, қолданылатын заң нормасын және мәселені шешудің құқықтық жолдарын көрсетуге көңіл бөлу ұсынылады. Бұл тапсырма оқушыларды нақты нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге және заң баптарын өз бетінше зерделеуге үйретеді.

«Заңнамалық қоржын»:

Қазақстан Республикасының Конституциясы

15-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады

15-бап

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.

2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

18-бап

1. Әр адамға жеке бас бостандығы мен жеке басына қол сұғылмау құқығына кепілдік беріледі..

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.



Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 131-бап. Қорлау. 1. Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Көпшілік алдында немесе масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға

жазаланады.

211-бап. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату

1. Азаматтардың дербес деректерін немесе Қазақстан Республикасының заңдары немесе олардың меншік иесі немесе иеленушісі қолжетімділікті шектеген өзге де мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі

127-2-бап. Кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг)

1. Кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг) – ескерту жасауға немесе он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, он екі жастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған әрекет – ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасауға немесе он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. 44-бап. Жеке бастың құпиясын сақтау құқығы

1. Азаматтың жеке өмір құпиясын, оның ішінде хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, күнделіктер, естеліктер, жазбалар, бала асырап алу, туу құпиясын, адвокаттық құпияны, медицина қызметкерінің, банк салымдарының құпиясын және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны қорғауға құқығы бар. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей белгіленген жағдайларда ғана жеке өмір құпиясын ашуға болады.

143-бап. Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау

1. Азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.

2. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.





Бөлім: Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері

Тақырыбы: Цифрлық ортадағы авторлық құқық. TikTok/Instagram желілеріндегі плагиат

Оқу мақсаты: Бейтаныс адамның контентін пайдаланудың заңдылығын бағалау («Авторлық құқық туралы» Заңның 13-бабы);

Сабақ мақсаттары: Әлеуметтік желідегі контенттерді пайдаланудың заңдылығын бағалайды («Авторлық құқық туралы» Заңның 13-бабы)

Ресурстар: ҚР заңнамаларынан үзінділері, жұмыс парақтары, ЖИ құралдары

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақтың бастапқы кезеңінің нұсқаларын педагог өз қалауы бойынша таңдауға болады. Тақтадан мұғалім комикс шығарып қояды. Оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады:

Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын ашуға жетелейтін сұрақтардың үлгісі?

Суреттегі оқиғалардан нені байқадыңыздар?

Әлеуметтік желілер арқылы бөтеннің құқығын бұзуға болады ма?

Автор бұзылған құқығын қалай қалпына келтіреді деп ойлайсыздар?

Ғаламтор желісіндегі ақпараттарды еркін таратуға қалай қарайсыздар?

Педагогтың ұсынған әдістемелік нұсқаулығы бойынша сұрақтарға жауап береді. Берілген суреттер бойынша болжамдар жасайды

Өз ойларын ортаға салады

Күнделікті өмірден мысалдар келтіреді

Оқушылардың жауаптарын қорытындылай отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсаттары жарияланады

1-тапсырма.

Жағдаяттық тапсырмалар. «Әлеуметтік желі- әлімжеттілік құралы емес».

9-сынып оқушысы Алинұр музыка жазуды ұнатады. Ол сабақ үстінде ойына келген әуенді қайталап айта бастады. Өзіне ұнайтын сияқты.

Оның бұл әрекетін сыныптасы видеоға түсіріп, тіпті өзін де байқатпай суретке түсіріп желіге жүктеді.

Үйіне келгеннен кейін досынан естіген әуенді қайтадан өңдеп, шамалы өзгертін өз атынан желіге жариялап жіберді

Тосынан түсірілген бұл музыка тез таралды. Заңсыз жарияланған туынды досын танымалдыққа әкелді. Оның беделі де, танымалдығы да арта түсті.

Ал, Алинұр бейнелеген суреттер әртүрлі жағымсыз пікірлерге түрткі болды. Бұл оның көңіл күйін бұзды. Ол анасына әннің өзінікі екендігін айтты.

Анасы сотқа шағымдануға шешім қабылдады

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
i		



Сабақтың басы		
Сабақтың ортасы	<i>Мұғалімге ұсыныс:</i> Кейстерді шешуге нақты нормаларды қолдануға үйрету. Оқушылардың өз өмірлерінен, құқықтарының бұзылуы жағдайларына көбірек назар аударыңыз. Заңға сәйкес қорғану алгоритмін беріңіздер Заң үзінділері: <i>Қазақстан Республикасының Конституциясы</i> <i>21-бап</i> 1. Жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі. <i>ҚР-ның Азаматтық Кодексі</i> <i>15 бап. 8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа, азамат өз есімі оның келісімінсіз пайдаланылған жағдайда, оған тыйым салынуын талап етуге құқылы.</i> 9. Азаматтың есімін заңсыз пайдалану нәтижесінде оған келтірілген зиян сәйкес өтелуге <i>145-бап. Өз бейнесіне құқық</i> 2. Басқа адам бейнелеген бейнелеу туындыларын (сурет, фотосурет, кинофильм және басқалар) - бейнеленген адамның келісімімен, ал ол қайтыс болғаннан кейін оның балалары мен артында қалған жұбайының келісімімен ғана жариялауға,	Жағдаят бойынша пайз құрастыру, постер жасау әдістері бойынша тапсырманы орындайды Қорытынды жасайды Оқушылар заңның нақты баптарымен жұмыс жасайды Тапсырма: 1. Алинұрдың анасына баласының құқықтарын қорғау жолдарын түсіндіріп беріңіздер 2. Алинұрдың қандай құқықтары бұзылды? 3. Тұлғаның бет- бейнесіне деген құқығы Сіздің өміріңізде қорғалған ба? 4. Сіздің суреттеріңіз, сіз түскен бейнетаспалар әлеуметтік желілерге қалай жүктеліп жүр 5. Алинұрдың анасына құқықтық көмек алгоритімін жасап қолдау беріңіздер Конституцияда айқындалған тұлғалардың ақпараттық кеңістіктегі құқықтарын бұзудан қорғану құқығы туралы өз ойларын ортаға салады Авторлық құқықтың бұзылуы мен әлеуметтік желідегі құқықтарды бұзу ұғымдарының ұқсас ұғымдар екендігін біледі Оқушылар топқа бөліну арқылы тапсырмаларды орындайды Постер қорғау және Презентация жасау Күнделікті оқиганы талдау арқылы, өздеріне ыңғайлы әдістерді еркін таңдай отырып, берілген тапсырманы қорғайды



қайта шығаруға, пайдалануға және таратуға жол беріледі <i>Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі</i> 198-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу 1. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын өткізу мақсатында иемдену, сақтау, алып өту немесе дайындау не авторлықты иемденіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу – сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады. 2. Кейс тапсырма. Ерхан экология тақырыбында жүргізіліп жатқан онлайн конкурсқа қатысуға ниет білдірді. Конкурстың шарты бойынша: бейнетаспа әзірлеп желіге жүктеу керек. Бұл мәселені оңай шешу үшін желідегі өзіне ұнаған бейнетаспаны қиып алып, өз атынан жүктей салды. Бұл бейнетаспа желіде тез таралып, оқырмандар қызығушылығын оятты. Бұл әрекеттің, туындының шынайы авторы байқап қалды. Ол Ерханға: контентті желіден алуды, кешірім сұрауды немесе автор ретінде сілтеме көрсетуді	Оқушылардың еркін ойлауына, шығармашылығына еркіндік беріледі Нақты кейстермен жұмыс жасайды Шешудің жолдарын нақты баптарды қолдану арқылы талдайды Тапсырма бойынша буллинг және кибербуллинг ұғымдарын ажыратады. Нақты қандай баптар құқық бұзушылық жасалғанын анықтайды Қиын жағдайдан шығудың жолдарын ұсынады 2. Әлеуметтік желілердегі контенттерді бағалайды Ұқсас оқиғалар орын алған жағдайда Шағым жасайтын органдар туралы біледі Әлеуметтік желілер арқылы авторлық Және сабақтастық құқықты бұзу заңнамасынан үзінділер оқиды Заңмен жұмыс жасауды үйренеді Тапсырманы топпен немесе жеке орындау ұсынылады Кері байланыстар жасайды Заң нормаларымен жұмыс жасайды Кейс тапсырмалардың шешімдерін ұсынады топта жұмыс жасайды
---	--



талап етті. Әрекеттер орындалмаса сот тәртібінде материалдық шығындарды өтеу туралы талап қоятындығын айтты Тапсырма: 1. Ерханның әрекетінде құқықбұзушылық белгілері бар ма? Заңға сілтеме жасай отырып қандай құқықбұзушылықтар бар екендігін саралаңдар 2. Туынды авторының талаптарына қатысты талдау жасаңыздар 3. Ерханға материалдық шығындар қою туралы талап қоюға баға беріңіздер 4. Әлеуметтік желіде құқығыңды қалай құқығыңызды қорғап жүргеніңіз туралы ойыңызды айтыңыз Мұғалімге ұсыныс: Кейстерді шешуге нақты нормаларды қолданыңыз Заң үзінділері: Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 971-бап. Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар (авторлық құқық объектілері) 1. Авторлық құқық шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына олардың бағытына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ оларды білдіру әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады.	Авторлық құқықтық бұзу құқықтық жауапкершілікке әкелетіндігіне назар аударады. Әлеуметтік желілер арқылы авторлық құқықтық бұзу, заңды жауаптылық негізі болатындығын түсінеді. Оқушылар алған білімдерін өз өмірлеріне қолдана білуге үйренеді. Екінші тапсырма бойынша: Өздеріне ұнайтын немесе жиі қолданатын әлеуметтік желіні таңдайды. Соңғы жарияланған жазбаларын, суреттерін немесе бейнероликтерін қарап шығады Жариялаған контенттерінің мазмұнын, танымдық қызметін анықтайды (танымдық, ойын-сауық, жарнамалық, ақпараттық және т.б.). Контентте авторлық құқықты бұзу жағдаяттары ба ма? Басқа адамның құқықтарын бұзу фактілерін анықтайды Жарияланымдардың этикалық және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалайды. Егер болып жатса, жариялаудан алып тастауды ұсынамыз Жеке мәліметтердің қорғалу деңгейін тексереді Контенттің аудиторияға әсері туралы қорытынды жасайды.
--	--



	2. Авторлық құқық халыққа таратылған (жарияланған, жарыққа шыққан, басып шығарылған, көпшілік алдында орындалған, көпшілікке көрсетілген), сондай-ақ халыққа таратылмаған туындыларға қандай да бір объективті нысанда: 1) жазбаша (қолжазба, машинаға басылған, нота жазбасы және т.б.); 2) ауызша (көпшілік алдында айту, көпшілік алдында орындау және т.б.); 3) дыбыс немесе бейне жазу (механикалық, цифрлық, магнитті, оптикалық және т.б.); 4) бейнелеу (сурет, эскиз, картина, жоспар, сызба, кино, теле, бейне немесе фото кадр және т.б.); 5) көлемдік-кеңістікті (мүсіндеме, модель, макет, құрылыс және т.б.); 6) өзге де нысандарда қолданылады. 15-бап. Мүліктік емес жеке құқықтар¹. <i>1. Автордың өз туындысына қатысты мынадай мүліктік емес жеке құқықтары болады:</i> <i>2) туындының авторы деп танылу құқығы және оны тануды, соның ішінде, егер іс жүзінде мүмкін болса, туынды кез келген жария пайдаланылған кез келген жағдайда оның даналарына автордың есімін тиісті түрде көрсету арқылы тануды талап ету құқығы (авторлық құқық);</i>	
--	--	--



18-бап. Туындыны жеке мақсатта автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей көшірмелеу

1. Заңды түрде жарияланған туындыны автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей жеке тұлғаның тек өз мақсаты үшін және табыс алмай, осы Заңның 26-бабында көзделген реттерді қоспағанда, жалғыз дана етіп көшірмелеуіне жол беріледі.

Тапсырмалар мұғалімге бойынша ұсыныстар:

Педагог кейс тапсырмаларды шешуге оқушыларды ынаталандырады.

Оқушылардың жауаптары нақты болмаса да, дұрыс болжам жасау дағдыларына көңіл аударуы қажет.

Тапсырмалар бойынша қасқаша қорытынды жасайды

Оқушыларға: Авторлық құқықтық бұзу құқықтық жауапкершілікке әкелетіндігіне назар аударады.

Әлеуметтік желілер арқылы авторлық құқықтық бұзу, заңды жауаптылық негізі болатындығын түсінеді. Оқушылар алған білімдерін өз өмірлеріне қолдана білуге үйренеді.

2 тапсырма. Менің әлеуметтік желідегі- әлемім



Тапсырманың

шарты:

Өзің жақсы білетін блогердің, жақын досыңның немесе ата –анаңның әлеуметтік парақшасына талдау жасап көріңіз. Өз парақшаңызды да алған біліміңізді басшылыққа ала отырып зерделеп шығуыңызға болады.

Талдауды контенттің авторлық құқыққа қатысты бөлігінде ғана жасау ұсынылады.

Мақсаты: Танымал әлеуметтік желідегі контенттерді сыни тұрғыдан бағалау, қауіпсіз және жауапты цифрлық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырманы орындауға арнайы нұсқаулық:

1. Instagram, TikTok, YouTube немесе басқа әлеуметтік желіден бір жарияланымды немесе бір парақшаны (пост, бейне немесе сторис) таңдаңыз.

2. Контентті төмендегі сұрақтар бойынша талдаңыз:

Талдау критерийі :

Контенттің тақырыбы қандай?

Туынды авторы қандай мақсаттарды көздеген? (ақпарат беру, жарнама жасау, оқырмандар санын көбейту)



	Мақсатты аудиториясы қандай? Берілген ақпарат шындыққа жанасады ма? Басқа парақшадан көшіріліп алынған ба? Контентте қойылған музыкада немесе мәтінде қолданылан туындыларға сілтемелер берілген бе? Контенттің мазмұны қоғамдағы тұлғаларға немесе жастар мен балаларға тәрбиелік мәні бар ма? Осы контентті бөлісу сізді құқықтық жауаптылыққа әкелуі мүмкін бе? Өз парақшаңызда қандай контенттер бересіз? Біреудің контентін көшіру, өзіңіз тиым салынған немесе жағымсыз әсер қалдыратын ұғымдарды жазып жүрсіз бе? Қорытынды: Контенттің пайдалы және зиянды жақтарын көрсетіп, құқық бұзушылық болса дәлелдер ұсыныңыз Ескерту: Талдау кезінде белгілі болған жеке мәліметтерді жарияламаңыз және басқа адамдардың ар-намысына тиетін пікірлер жазбаңыз. Бұл тапсырманы буллингтің алдын алу тақырыбына бейімдеп те жасауға болады.	
Сабақтың соңы	Сабақтың басында қойылған оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне қайта оралып, олардың қаншалықты орындалғанын талқылау.	«Әлеуметтік желіде контент жасауда авторлық құқықты сақтау» туралы нұсқаулық жасау



--	--	--

Бөлім: Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері

Сабақ тақырыбы: Цифрлық гигиена. Дербес деректер. Фишинг және вишинг

Оқу мақсаты: күдікті сілтемелер мен хабарламаларды анықтау алгоритмін қолдану, цифрлық ортада дербес деректерді қорғау шараларын қолдану.

Сабақтың практикалық мақсаты білім алушылардың электрондық поштада, мессенджерде, әлеуметтік желіде және телефон қоңырауы кезінде кездесетін алаяқтық белгілерін анықтау, хабарламаның шынайылығын қауіпсіз тәсілмен тексеру және дербес деректерді жарияламау дағдысын жетілдіру болып табылады. Сабақ соңында білім алушы күдікті хабарламаның нақты белгілерін көрсетіп, қауіпсіз әрекет ету алгоритмін түсіндіреді және өзінің цифрлық қауіпсіздік жоспарын әзірлейді.

Сабақты «Цифрлық қауіпсіздік зертханасы» форматында ұйымдастыру ұсынылады. Сынып бірнеше сараптамалық топқа бөлінеді. Әр топ күдікті хабарламаларды зерттейтін шағын қауіпсіздік орталығы ретінде жұмыс істейді. Топ мүшелері хабарлама сарапшысы, сілтеме тексерушісі, дербес деректер жөніндегі кеңесші, қоңырау талдаушысы және қорытынды жасаушы міндеттерін атқарады.

Сабақ барысында нақты фишингтік сілтемелер, жұмыс істейтін QR-кодтар немесе алаяқтардың шынайы телефон нөмірлері қолданылмайды. Барлық хабарламалар педагог әзірлеген ойдан құрастырылған үлгілер түрінде беріледі. Сілтемелер белсенді болмауы немесе қауіпсіз оқу доменімен алмастырылуы қажет. Білім алушыларға күдікті сілтемені тәжірибе ретінде ашуға да рұқсат етілмейді.

Сабақтың бастапқы кезеңі: «Отыз секундтағы шешім»

Педагог экранға мынадай хабарламаны көрсетеді:

«Сіздің мектеп akkaунтыңыз бұғатталады. Akkaунтты сақтау үшін бес минут ішінде төмендегі сілтеме арқылы құпиясөзіңізді растаңыз».

Білім алушылар отыз секунд ішінде үш шешімнің бірін таңдайды: сілтемеге өту, хабарламаны тексеру немесе оны бірден жою. Педагог жауаптарды бірден бағаламай, әр шешімнің себебін сұрайды.

Одан кейін білім алушылар хабарламадағы қауіп белгілерін анықтайды. Оларға асықтыру, қорқыту, құпиясөз сұрау, күмәнді сілтеме және хабарламаны жіберуші туралы нақты ақпараттың болмауы жатады. Педагог алаяқтық хабарламалардың адамның логикалық ойлауына емес, қорқынышына, қызығушылығына немесе пайда табу ниетіне әсер етуге тырысатынын түсіндіреді.

Фишинг және вишинг ұғымдары



Фишинг электрондық хат, әлеуметтік желі, мессенджер, жалған сайт немесе QR-код арқылы адамның құпия мәліметтерін алуға бағытталған алдау тәсілі ретінде түсіндіріледі. Мұндай хабарламалар банк, мемлекеттік орган, мектеп әкімшілігі, интернет-дүкен немесе таныс адам атынан келуі мүмкін.

Вишинг телефон арқылы жасалатын алдау әрекетін білдіреді. Қоңырау шалушы өзін банк қызметкері, полиция өкілі, байланыс операторы немесе жақын адамның танысы ретінде таныстырып, адамның қобалжуын пайдаланады. Ол құпия кодты айтуға, қосымша орнатуға, ақша аударуға немесе шоттағы қаражатты «қауіпсіз шотқа» көшіруге көндіруі мүмкін.

Педагог білім алушыларға алаяқтардың сыртқы көрінісі немесе сөйлеу мәнері арқылы бірден танылмайтынын түсіндіреді. Олар сыпайы сөйлеп, адамның аты-жөнін білуі, ресми терминдерді қолдануы немесе таныс ұйымның логотипін көшіруі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік шешімі адамның өзін қалай таныстырғанына емес, оның қандай ақпаратты сұрап отырғанына негізделуі керек.

«КҮМӘН» тексеру алгоритмі

К – кім жібергенін тексер. Хабарлама жіберушінің атына ғана емес, электрондық мекенжайына, телефон нөміріне және аккаунт атауына назар аудару қажет. Ресми атауға ұқсайтын, бірақ бір әрпі өзгертілген мекенжай күмән туғызуы тиіс.

Ү – үгіттеу мен асықтыру белгілерін анықта. «Дереу төлеңіз», «бес минут ішінде растаңыз», «ешкімге айтпаңыз» немесе «соңғы мүмкіндік» деген тіркестер адамға ойлануға уақыт бермеуге бағытталады.

М – мәлімет сұралып тұрғанын анықта. Құпиясөз, банк картасының толық деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі, бір реттік код, құжаттың көшірмесі немесе аккаунтқа кіру ақпараты сұралса, әрекетті тоқтату қажет.

Ә – әрекетті қауіпсіз арна арқылы тексер. Хабарламадағы телефон нөміріне немесе сілтемеге сүйенбей, ұйымның ресми қосымшасын, ресми сайты немесе ресми байланыс нөмірін пайдалану керек. Таныс адам ақша сұраса, оған бұрыннан белгілі нөмір арқылы қайта хабарласу қажет.

Н – нақты шешім қабылда. Хабарлама күмәнді болса, сілтемені ашпау, файлды жүктемеу, жауап жазбау, кодты айтпау және сенімді ересек адамға хабарлау қажет.

Педагог алгоритмді тақтаға іліп қоюмен шектелмей, оны әр кейс бойынша қолдануды ұйымдастырады. Топтар әр қадамды нақты дерекпен толтырып, қорытындысын түсіндіреді.

1-кейс. «Мектеп әкімшілігінен келген хат»

Оқушының электрондық поштасына «Мектеп әкімшілігі» деген атпен хат келеді. Хатта электрондық журнал жаңартылатыны және оқушының аккаунтын сақтау үшін берілген сілтеме арқылы логин мен құпиясөзді енгізу қажеттігі жазылған. Жіберушінің мекенжайында мектеп атауы дұрыс жазылғанымен, доменінде артық бір әріп бар.



Білім алушылар хаттың жіберушісін, мәтінін, сұралған мәліметті және сілтеменің сыртқы көрінісін талдайды. Педагог «Хатта мектеп атауының болуы оның ресми екенін дәлелдей ме?», «Құпиясөзді қайта енгізуді неге сұрап отыр?», «Бұл ақпаратты қауіпсіз жолмен қалай тексеруге болады?» деген сұрақтар қояды.

Топтың қауіпсіз шешімі электрондық хаттағы сілтемеге өтпеу, құпиясөзді енгізбеу және ақпаратты сынып жетекшісі немесе мектептің ресми цифрлық жүйесі арқылы тексеру болуы тиіс.

2- кейс. «Сыйлық ұтып алдыңыз»

Әлеуметтік желіде оқушыға белгілі дүкеннің атынан хабарлама келеді. Онда оның смартфон ұтып алғаны, сыйлықты алу үшін жеткізу құнын төлеуі және банк картасының мәліметтерін енгізуі қажеттігі көрсетілген. Аккаунт кеше ғана ашылған, ал атауында дүкеннің ресми атауына ұқсас қосымша белгі бар.

Білім алушылар күтпеген ұтыс, алдын ала төлем, карта деректерін сұрау және жаңадан ашылған аккаунт белгілерін анықтайды. Педагог «Оқушы бұл байқауға қатысты ма?», «Сыйлық алу үшін неліктен карта деректері қажет?», «Ресми дүкеннің парақшасын қалай табуға болады?» деген сұрақтар ұсынады.

Қауіпсіз шешім ретінде хабарламаға жауап бермеу, сілтемеге өтпеу, ресми парақшаны бөлек іздеу және күмәнді аккаунт туралы платформаға шағым беру ұсынылады.

3- кейс. «Досымның жаңа нөмірі»

Оқушыға белгісіз нөмірден: «Бұл менің жаңа нөмірім. Телефоным сынып қалды. Маған тез арада ақша аударып жіберші, кейін қайтарамын» деген хабарлама келеді. Хабарлама авторы оқушының досының атын атайды және ешкімге айтпауды сұрайды.

Топтар таныс адамның атын білу хабарламаның шынайылығын дәлелдемейтінін анықтайды. Педагог «Неліктен басқа адамға айтпауын сұрап отыр?», «Досының кім екенін қалай тексеруге болады?», «Белгісіз нөмірге ақша аударудың қандай қаупі бар?» деген сұрақтар береді.

Қауіпсіз әрекет ретінде бұрыннан белгілі нөмір арқылы досына немесе оның ата-анасына хабарласу, ақша аудармау және хабарламаның скриншотын сенімді ересек адамға көрсету ұсынылады.

4- кейс. «Банк қауіпсіздік қызметі»

Оқушының ата-анасына өзін банк қызметкері ретінде таныстырған адам қоңырау шалады. Қоңырау шалушы шоттан күмәнді ақша аударымы жасалып жатқанын айтып, операцияны тоқтату үшін телефонға келген бір реттік кодты сұрайды. Ол қоңырауды үзбеді және банк бөлімшесіне хабарласпауды талап етеді.

Білім алушылар қоңыраудағы қорқыту, асықтыру, құпия кодты сұрау және басқа адамдармен кеңесуге кедергі жасау белгілерін анықтайды. Педагог «Шынайы банк қызметкері бір реттік кодты сұрауы тиіс пе?», «Неліктен қоңырауды үзбеді талап етеді?», «Бұл жағдайды қалай тексеруге болады?» деген сұрақтар қояды.



Қауіпсіз шешім қоңырауды тоқтату, ешқандай код айтпау және банк картасының артында немесе ресми қосымшада көрсетілген нөмір арқылы банкке өз бетінше хабарласу болып табылады.

5- кейс. «Полициядан қоңырау»

Жасөспірімге қоңырау шалған адам өзін құқық қорғау органының қызметкері ретінде таныстырады. Ол жасөспірімнің атына қылмыстық іс тіркелгенін айтып, мәселені шешу үшін ата-анасының банк картасы туралы ақпарат беруді талап етеді. Бұл туралы ата-анасына айтса, жағдай қиындайтынын ескертеді.

Білім алушылар билік өкілінің беделін пайдалану, қорқыту, құпия сақтауды талап ету және қаржылық мәлімет сұрау белгілерін анықтайды. Педагог ресми орган өкілінің телефон арқылы жасөспірімнен банк деректерін немесе ақша талап етпейтінін түсіндіреді.

Қауіпсіз әрекет ретінде әңгімені тоқтату, ешқандай жеке мәлімет бермеу және ата-анаға немесе педагогке дереу хабарлау ұсынылады. Жасөспірім қоңырау шалушымен өз бетінше дауласпауға және оның айтқан нөміріне қайта хабарласпауға тиіс.

6- кейс. «QR-код арқылы дауыс беру»

Мектеп чатында «Сыныбымызға дауыс беріңіз» деген хабарлама таралады. Хабарламада QR-кодты сканерлеп, әлеуметтік желідегі аккаунт арқылы кіру қажеттігі жазылған. Хабарламаны кімнің алғаш жібергені белгісіз.

Білім алушылар QR-кодтың да сілтеме қызметін атқаратынын түсінеді.

QR-кодтың сыртқы көрінісінен оның қай сайтқа апаратынын анықтау қиын болуы мүмкін. Сондықтан белгісіз QR-кодты тексермей сканерлеуге болмайды.

Педагог «Дауыс беру үшін аккаунт құпиясөзі неге қажет?», «QR-кодты кім жасаған?», «Оның қауіпсіз екенін қалай тексеруге болады?» деген сұрақтар ұсынады. Қауіпсіз шешім ретінде хабарламаны жіберген адамнан бастапқы дереккөзді сұрау, мектептің ресми арнасы арқылы тексеру және күмәнді QR-кодты ашпау ұсынылады.

Дербес деректерді жіктеу тапсырмасы

Педагог білім алушыларға әртүрлі ақпарат жазылған карточкалар береді. Олар ақпаратты «ашық жариялауға болатын», «шектеулі ортада ғана бөлісуге болатын» және «құпия сақталуы тиіс» деген үш санатқа бөледі.

Құпия сақталуы тиіс деректерге құпиясөздер, бір реттік кодтар, банк картасының толық нөмірі, қауіпсіздік коды, жеке құжаттардың көшірмелері және аккаунтты қалпына келтіру кодтары жатады.

Шектеулі ортада ғана бөлісуге болатын ақпаратқа телефон нөмірі, тұрғылықты жері, күнделікті жүретін бағыты, оқу кестесі, отбасы мүшелері туралы мәлімет және нақты уақыттағы орналасқан жері жатады.

Адамның аты немесе қызығушылығы сияқты деректер қауіпсіз көрінуі мүмкін. Алайда оларды басқа мәліметтермен біріктіру арқылы адамның жеке өмірі туралы көп ақпарат жинауға болатыны түсіндіріледі. Сондықтан дербес деректерді қорғау тек құпиясөзді жасырын ұстаумен шектелмейді.



«Цифрлық із» практикалық тапсырмасы

Педагог ойдан құрастырылған әлеуметтік желі парақшасын ұсынады. Парақшада оқушының мектебі, туған күні, күнделікті бағыты, демалысқа кеткен отбасының фотосуреті және үй мекенжайын анықтауға мүмкіндік беретін белгі көрсетілген.

Топтар парақшадағы қандай ақпараттың қауіп туғызуы мүмкін екенін анықтайды. Олар әр жарияланымды өшіру, шектеу, өзгерту немесе қалдыру жөнінде шешім қабылдайды.

Бұл тапсырмада білім алушылар жеке мәліметтерді бір жарияланымнан ғана емес, бірнеше жазбаны біріктіру арқылы анықтауға болатынын түсінеді. Мысалы, мектеп атауы, сабақ аяқталатын уақыт және тұрақты маршрут баланың қай уақытта қай жерде болатынын көрсетуі мүмкін.

«Қоңырауды тоқтат» рөлдік ойыны

Бір білім алушы күмәнді қоңырау шалушының, екіншісі жасөспірімнің рөлін орындайды. Қоңырау шалушы қорқыту, асықтыру немесе сыйақы ұсыну тәсілдерінің бірін қолданады. Жасөспірім әңгімені қауіпсіз аяқтауы керек.

Қауіпсіз жауап мынадай мазмұнда болуы мүмкін: «Мен телефон арқылы жеке мәлімет бермеймін. Ақпаратты ресми нөмір арқылы тексеремін». Бұдан кейін жасөспірім қоңырауды тоқтатып, сенімді ересек адамға хабарлайды.

Бақылаушылар жасөспірімнің құпия ақпарат бермегенін, әңгімені ұзартпағанын, қоңырау шалушының нұсқауын орындамағанын және қауіпсіз тексеру жолын таңдағанын бағалайды.

«Фишинг зертханасы» топтық жұмысы

Әр топқа төрт хабарлама беріледі. Олардың біреуі ресми, біреуі күмәнді, біреуі анық фишингтік, ал біреуінде шешім қабылдауға ақпарат жеткіліксіз болады.

Топтар хабарламаларды мына белгілер бойынша талдайды: жіберуші, мәтіндегі қысым, орфографиялық немесе мағыналық сәйкессіздік, сұралған деректер, сілтеменің құрылымы, тіркелген файл және тексерудің қауіпсіз жолы.

Әр топ «қауіпсіз», «күмәнді», «фишинг белгілері бар» немесе «қосымша тексеру қажет» деген шешім шығарады. Қорытынды нақты дәлелдермен түсіндіріледі.

Педагог ресми хабарламаның өзінде де сілтемеге автоматты түрде өтуге болмайтынын ескертеді. Алаяқтар бұрын келген шынайы хаттың стилін немесе ұйым логотипін көшіре алады. Сондықтан тексеру әдеті барлық маңызды хабарламаға қолданылуы қажет.

Цифрлық гигиенаның негізгі шаралары

Әр аккаунт үшін бөлек және күрделі құпиясөз қолдану ұсынылады. Бір құпиясөз бірнеше аккаунтта қайталанса, бір сервистегі деректердің таралуы басқа аккаунттарға да қауіп төндіреді.

Мүмкіндік болған жағдайда екі факторлы растау қосылады. Бұл құпиясөз бөтен адамның қолына түскен күннің өзінде аккаунтқа кіруді қиындатады.



Құрылғылар мен қосымшалар уақтылы жаңартылып отыруы керек. Жаңартулар жаңа қызметтерді ғана емес, қауіпсіздік осалдықтарын түзетуді де қамтиды.

Қосымшаларды тек ресми дүкендерден жүктеу қажет. Белгісіз сайттан жіберілген файлды, әсіресе құрылғыны қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламаны орнатуға болмайды.

Әлеуметтік желідегі құпиялық параметрлері жүйелі түрде тексеріледі. Жарияланымдарды кім көре алатыны, кім хабарлама жібере алатыны және орналасқан жердің автоматты түрде көрсетілуі реттеледі.

Ортақ немесе бөтен құрылғыда аккаунтқа кірген жағдайда жүйеден толық шығу қажет. Құпиясөзді браузерде сақтамау және құрылғыны қараусыз қалдырмау ұсынылады.

Қоғамдық сымсыз желіні пайдаланғанда банк операцияларын жасауға, құпия құжаттарды жіберуге немесе маңызды аккаунттардың құпиясөзін өзгертуге болмайды.

Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі

Күдікті хабарлама немесе қоңырау келгенде асықпай тоқтау қажет. Сілтемені ашпау, QR-кодты сканерлемеу, тіркелген файлды жүктемеу және телефон арқылы ешқандай құпия код айтпау керек.

Хабарламаның немесе қоңыраудың шынайылығы бөлек, ресми арна арқылы тексеріледі. Хабарламадағы байланыс деректері пайдаланылмайды.

Күмәнді әрекеттің скриншотын қауіпсіз түрде сақтап, ата-анаға, педагогке немесе ұйымның жауапты маманына көрсетуге болады. Скриншотта банк картасының толық деректері немесе өзге құпия ақпарат көрінсе, оны басқа адамдарға таратуға болмайды.

Егер білім алушы сілтемеге өтіп немесе құпиясөзін енгізіп қойған болса, оны жасырып қалмауы керек. Интернет байланысын тоқтатып, сенімді ересек адамға хабарлау, құпиясөзді қауіпсіз құрылғыдан өзгерту, барлық белсенді сессиядан шығу және қажет болған жағдайда банкке немесе тиісті қызметке хабарласу қажет.

Егер бір реттік код, банк картасының деректері немесе ақша беріліп қойса, уақыт жоғалтпай ата-анаға және банкке хабарлау маңызды. Педагог мұндай жағдайда білім алушыны кінәламау керектігін ескеруі тиіс. Қатені жасыру қауіптің ұлғаюына әкелуі мүмкін.

Практикумның қорытынды өнімі

Әр топ «Күдікті хабарламаға бес жауап» атты қысқа жадынама әзірлейді:

Асықпа және хабарламаны бірден орындама.

Жіберушіні және сұралған мәліметті тексер.

Сілтемені, QR-кодты және файлды ашпа.

Ақпаратты ресми арнадан нақтыла.

Сенімді ересек адамға хабарла.

Сонымен қатар әр білім алушы жеке «Цифрлық қауіпсіздік жоспарын» толтырады. Жоспарда құпиясөздерді жаңарту, екі факторлы растауды қосу,



әлеуметтік желідегі құпиялық баптауларын тексеру және қажетсіз қосымшалардың рұқсаттарын шектеу әрекеттері көрсетіледі.

Бағалау

Білім алушының оқу нәтижесі күдікті хабарламаны дұрыс немесе қате деп атауымен ғана бағаланбайды. Оның қауіп белгілерін нақты көрсетуі, тексеру алгоритмін бірізді қолдануы, қандай деректерді беруге болмайтынын түсіндіруі және қауіпсіз шешім ұсынуы ескеріледі.

Білім алушы оқу мақсатына жетті деп есептеледі, егер ол фишингтік хабарламаның кемінде үш белгісін анықтаса, вишинг кезінде құпия мәлімет бермеу қажеттігін түсіндірсе, ақпаратты ресми арна арқылы тексеру жолын ұсынса және дербес деректерді қорғаудың кемінде төрт шарасын қолдана білсе.

Бағалау өлшемі	Оқу нәтижесінің көрінісі
Қауіп белгілерін анықтау	Асықтыруды, қорқытуды, күмәнді сілтемені және құпия мәлімет сұрауды табады
Жіберушіні тексеру	Аккаунт атауын, мекенжайды және ресми арнаны салыстырады
Дербес деректерді қорғау	Құпия сақталуы тиіс деректерді дұрыс анықтайды
Алгоритмді қолдану	Күмәнді хабарламаға қатысты әрекеттерді дұрыс ретпен орындайды
Қауіпсіз шешім ұсыну	Сілтемені ашпай, ресми арнамен тексеріп, ересек адамға хабарлауды ұсынады

Рефлексия

Сабақ соңында білім алушылар мына сөйлемдерді аяқтайды:

«Күдікті хабарламаның мен үшін ең маңызды белгісі...»

«Телефон арқылы ешқашан беруге болмайтын ақпарат...»

«Сілтемені ашпас бұрын мен...»

«Қате әрекет жасап қойсам, мен...»

Қорытындыда педагог цифрлық қауіпсіздік адамның барлық технологиядан бас тартуын білдірмейтінін атап көрсетеді. Цифрлық сауатты адам қауіп белгісін таниды, ақпаратты асықпай тексереді, өз деректерінің құндылығын түсінеді және күмәнді жағдайда көмекке жүгінуден қорықпайды.

Бөлім: 3-бөлім. Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар

Тақырыбы: Әкімшілік жауапкершілік: айыппұлдар, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүруін шектеу

Оқу мақсаты: «Тыныштықты бұзу», «Түнгі серуен», «Жолдағы самокат» кейстерін талдау. Әрекеттерді әкімшілік құқық бұзушылықпен сәйкестендіру.

3-бөлім. Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқық бұзушылықтар

Сабақ тақырыбы: Әкімшілік жауапкершілік: айыппұлдар, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүруін шектеу

Оқу мақсаты: «Тыныштықты бұзу», «Түнгі серуен», «Жолдағы самокат» кейстерін талдау арқылы жасалған әрекеттерді әкімшілік құқық бұзушылық



түрлерімен сәйкестендіру, олардың ықтимал құқықтық салдарын анықтау және құқыққа сай әрекет ету жолын ұсыну.

Сабақтың практикалық мақсаты білім алушыларға әкімшілік құқық бұзушылықтың күнделікті өмірде қалай көрініс табатынын түсіндіру болып табылады. Сабақ барысында білім алушы жағдаяттағы негізгі деректерді анықтайды, әрекеттің құқыққа сай немесе құқыққа қайшы екенін ажыратады, жауапкершілік кімге жүктелуі мүмкін екенін түсіндіреді және құқық бұзушылықтың алдын алу жолын ұсынады.

Сабақты бастағанда педагог «Күнделікті өмірдегі кез келген тәртіп бұзушылық әкімшілік құқық бұзушылық болып санала ма?» деген проблемалық сұрақ ұсынады. Білім алушылар өз болжамдарын білдіреді. Педагог жауаптарды бірден дұрыс немесе қате деп бағаламайды. Талқылау нәтижесінде әрекетке құқықтық баға беру үшін оқиғаның орны, уақыты, қатысушылардың жасы, әрекеттің сипаты, келтірілген зиян және заңда белгіленген талаптар ескерілуі қажет деген қорытындыға бағыттайды.

Одан кейін әкімшілік құқық бұзушылық ұғымы білім алушылардың жасына сәйкес қысқаша түсіндіріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық заңда жауаптылық көзделген, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың құқықтарына, қауіпсіздікке немесе белгіленген басқару тәртібіне нұқсан келтіретін әрекет немесе әрекетсіздік ретінде қарастырылады. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы мәселесін түсіндіру кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған сәтте он алты жасқа толған, бірақ он сегізге толмаған адамдардың кәмелетке толмағандар ретінде жауаптылыққа тартылуы мүмкін екені айтылады. Жаза қолданғанда олардың жасы, тәрбиелену жағдайы мен жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Педагог әкімшілік айыппұлды кез келген жағдайда жасөспірімнің өзі төлейді деген қате түсініктің алдын алуы қажет. Кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың өзіндік ерекшеліктері бар. Оның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, заңда көзделген тәртіппен айыппұл ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамға салынуы мүмкін. Сабақта нақты айыппұл көлемдерін жаттатудан гөрі, жауапкершіліктің кімге және қандай жағдайда жүктелетінін түсіндіруге басымдық беріледі.

Кейстермен жұмысты ұйымдастыру үшін сынып үш топқа бөлінеді. Әр топқа бір жағдаят, талдау парағы және қысқаша құқықтық анықтама беріледі. Топ мүшелері жағдаятты оқып, маңызды деректерді белгілейді, әрекеттің құқықтық сипатын анықтайды, ықтимал салдарын түсіндіреді және қауіпсіз әрекет ету алгоритмін әзірлейді. Топтар жұмысын аяқтағаннан кейін кейстер ауыстырылып, әр топ үш жағдаятты да қарастырады.

Кейсті талдау бірыңғай алгоритм бойынша жүргізіледі. Алдымен білім алушылар кімнің, қай жерде, қай уақытта және қандай әрекет жасағанын анықтайды. Бұдан кейін қандай қоғамдық тәртіп немесе қауіпсіздік талабы бұзылуы мүмкін екенін белгілейді. Келесі кезекте жауапкершілік кімге жүктелуі



мүмкін екенін талқылайды. Соңында құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қатысушылардың қалай әрекет етуі керектігін ұсынады.

«Тыныштықты бұзу» кейсі

Сенбі күні сағат 23.40-та тоғызыншы сынып оқушысы Данияр туған күнін пәтерде достарымен бірге атап өтіп отыр. Музыка дауысы қатты шығып, балалар айқайлап сөйлеседі. Көршілер бірнеше рет музыканы бәсеңдетуді сұрайды. Данияр мен оның достары өтінішке мән бермейді. Түнгі сағат 00.20-да көршілер полицияға хабарласады.

Топ жағдаятты талдау кезінде әрекеттің болған уақытын, тұрғындардың демалу құқығына әсерін, ескертудің жасалғанын және оған қатысушылардың әрекетін анықтайды. Педагог «Құқық бұзушылықты кім жасады?», «Пәтердің иесі, баланың ата-анасы және қонақтардың жауапкершілігі бірдей ме?», «Көршілер полиция шақырмай тұрып қандай әрекет жасады?», «Музыка күндіз қатты қойылса, құқықтық баға өзгеруі мүмкін бе?» деген сұрақтар арқылы талдауды тереңдетеді.

Бұл кейсте білім алушылардың міндеті тек «айыппұл салынады» деген қорытынды жасаумен шектелмеуі тиіс. Олар тыныштықты сақтау талабының басқа адамдардың демалуына, денсаулығына және қауіпсіздігіне құрметпен қарауға негізделетінін түсіндіреді. Құқыққа сай шешім ретінде музыканы рұқсат етілген деңгейге дейін бәсеңдету, мерекені түнгі уақытқа жеткізбеу, көршілердің ескертуіне дер кезінде жауап беру және ата-ананың балалардың әрекетін бақылауы ұсынылады.

Кейсті қорытындылау кезінде педагог нақты құқықтық баға берудің барлық мән-жайды анықтауды қажет ететінін ескертеді. Сабақта білім алушылар құқық қорғау органының қызметін алмастырмайды және нақты тұлғаны кінәлі деп жарияламайды. Олар тек жағдаяттағы әрекет пен ықтимал әкімшілік құқық бұзушылық арасындағы байланысты анықтайды.

«Түнгі серуен» кейсі

Он бес жастағы Аружан құрбыларымен бірге кешкі уақытта кинотеатрға барады. Фильм сағат 22.30-да аяқталады. Құрбылары үйіне қайтады, ал Аружан сауда және ойын-сауық орталығында сағат 23.10-ға дейін қалады. Одан кейін ол заңды өкілсіз көшеде серуендеп, сағат 23.45-те полиция қызметкерлерінің назарына түседі. Аружан ата-анасы оның достарымен жүргенін білгенін айтады.

Кейсті талдау барысында ойын-сауық мекемесінде болу мен тұрғынжайдан тыс жерде болудың уақыт шектеулері ажыратылуы қажет. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланың заңды өкілсіз ойын-сауық мекемесінде сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейін болуына жол берілмейді. Заңды өкілі еріп жүрмеген баланың тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23.00-ден таңғы 06.00-ге дейін болуына да тыйым салынады.

Педагог білім алушылардың назарын «ата-анам рұқсат берді» және «заңды өкіл еріп жүрді» деген ұғымдардың бірдей еместігіне аударады. Телефон арқылы берілген рұқсат заңды өкілдің бірге жүруін алмастырмайды. Сонымен қатар



бірге жүрген ересек адамның барлығы автоматты түрде заңды өкіл болып саналмайтыны түсіндіріледі.

Талдау кезінде «Аружан қай уақыттан бастап белгіленген талапты бұзды?», «Кинотеатр мен көше үшін уақыт шектеулері бірдей ме?», «Ата-анасының білгені құқықтық жағдайды өзгерте ме?», «Бұл жағдайда кімге қатысты шара қолданылуы мүмкін?», «Аружан жағдайды қалай алдын ала жоспарлауы керек еді?» деген сұрақтар қойылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы жеке қарастырылған. Кәмелетке толмаған адамның тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23.00-ден таңғы 06.00-ге дейін заңды өкілінсіз болуы оның заңды өкілдеріне қатысты ескерту жасауға әкеп соғуы мүмкін.

Топ құқыққа сай әрекет ету алгоритмін әзірлейді. Аружан фильмнің аяқталу уақытын алдын ала білуі, сағат 22.00-ден кейін ойын-сауық мекемесінде заңды өкілінсіз қалмауы, үйге қайту жолын ата-анасымен алдын ала келісуі және сағат 23.00-ге дейін тұрғынжайға оралуы керек еді. Кешігу қаупі туындаса, заңды өкілінің келуін қауіпсіз жерде күтуі қажет.

Педагог бұл талаптарды тек жазалау шарасы ретінде түсіндірмеуі тиіс. Түнгі уақыттағы шектеудің негізгі мәні баланың өмірі мен денсаулығын қорғау, оның бақылаусыз қалуының және құқық бұзушылыққа тартылуының алдын алу екені талқыланады.

«Жолдағы самокат» кейсі

Он төрт жастағы Нұрсұлтан жалға алынған электр самокатпен мектептен үйіне қайтып келеді. Велосипед жолы болмағандықтан, ол көлік көп жүретін жолдың оң жақ шетімен қозғалады. Нұрсұлтанның жүргізуші куәлігі жоқ. Ол жаяу жүргіншілер өткеліне жақындағанда самокаттан түспей, жоғары жылдамдықпен жолды кесіп өтеді. Жолдан өтіп бара жатқан адамға соқтығыса жаздайды.

Бұл кейсте білім алушылар электр самокатты басқарушының жасын, қозғалған орнын, жүргізуші куәлігінің болуын, жаяу жүргіншілер өткеліндегі әрекетін және басқа адамдарға төнген қауіпті анықтайды. Педагог «Самокат ойыншық па, әлде жол қозғалысына қатысатын көлік құралы ма?», «Нұрсұлтан жолдың жүру бөлігімен қозғала ала ма?», «Жаяу жүргіншілер өткелінен қалай өту керек?», «Адам зардап шекпесе, әрекет құқық бұзушылық болып саналмай ма?» деген сұрақтарды ұсынады.

Он сегіз жасқа толмаған және көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігі жоқ адамның электр самокатпен жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен қозғалуына жол берілмейді. Электр самокатты жалға беру қызметін көрсететін ұйымдар да он сегіз жасқа толмаған және басқару құқығы жоқ адамдардың самокатты жалға алып, жолдың жүру бөлігінде басқаруына жол бермеуге міндетті.



Кейсті талдау кезінде самокатты пайдалану ережесін бұзу тек жүргізушінің өзіне емес, жаяу жүргіншілерге және басқа көлік құралдарына қауіп төндіретініне назар аударылады. Білім алушылар қауіп туындағаннан кейін кімнің кінәлі екенін іздеуден бұрын, оны болдырмайтын әрекеттерді ұсынады. Нұрсұлтан жолдың жүру бөлігіне шықпауы, самокатты рұқсат етілген аумақта басқаруы, жаяу жүргіншілерге басымдық беруі, өткелден өткен кезде жылдамдықты тоқтатып, қауіпсіз өту тәртібін сақтауы керек.

Кейстерді таныстыру кезеңінде әр топ өз қорытындысын «әрекет – бұзылған талап – ықтимал жауапкершілік – қауіпсіз шешім» құрылымы бойынша ұсынады. Мысалы, «заңды өкілінсіз сағат 23.45-те көшеде жүру – кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта тұрғынжайдан тыс жерде болуына қойылған талапты бұзу – заңды өкілге қатысты әкімшілік шара қолданылуы мүмкін – үйге қайту уақытын алдын ала жоспарлау және заңды өкілмен бірге жүру қажет» деген үлгіде жауап береді.

Топтардың жауаптарын салыстыру үшін педагог тақтаға сәйкестендіру кестесін орналастырады.

Кейс	Маңызды дерек	Ықтимал құқық бұзушылық	Жаяу пкершілік мәселесі	Құқыққа сай әрекет
«Тыныштықты бұзу»	Түнгі уақыт, қатты музыка, көршілердің ескертуі	Тыныштықты бұзу	Барлық мән-жай мен жауапты тұлға анықталады	Дыбысты бәсеңдету, ескертуге жауап беру, түнгі тыныштықты сақтау
«Түнгі серуен»	15 жас, сағат 22.00-ден кейін ойын-сауық орнында және 23.00-ден кейін көшеде заңды өкілінсіз жүру	Түнгі уақытта белгіленген шектеуді бұзу	Заңды өкілге және тиісті жағдайда ойын-сауық мекемесіне қатысты шара қарастырылуы мүмкін	Қайту уақытын жоспарлау, заңды өкілмен бірге жүру
«Жолдағы самокат»	14 жас, жүргізуші куәлігі жоқ, жолдың жүру	Жол қозғалысы қағидаларын бұзу	Самокат жүргізушісінің және жалға беруші ұйымның	Рұқсат етілген аумақта жүру, жаяу жүргіншілерге



	бөлігімен қозғалу		әрекеті қарастырылады	қауіп төндірмеу
--	----------------------	--	--------------------------	--------------------

Сәйкестендіру кестесі дайын жауап ретінде бірден ұсынылмайды. Алдымен білім алушылар өз нұсқаларын әзірлейді, содан кейін педагогпен бірге кестені нақтылайды. Бұл тәсіл құқықтық норманы механикалық түрде қабылдаудан гөрі, дәлелге сүйеніп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сабақтың келесі кезеңінде «Құқықтық бағдаршам» тапсырмасы өткізіледі. Педагог қысқа әрекеттерді оқиды, ал білім алушылар оларды құқыққа сай әрекет, қосымша дерек қажет жағдай немесе құқыққа қайшы әрекет ретінде үш санатқа бөледі. Мысалы, «он жеті жастағы оқушы сағат 22.30-да әкесімен бірге кинотеатрдан шықты», «он бес жастағы бала сағат 23.20-да ересек ағасымен көшеде жүр», «он төрт жастағы оқушы самокатпен тротуарда жаяу жүргіншілерге жол беріп келеді», «пәтердегі музыка көршілердің демалуына кедергі келтірді» деген жағдаяттар ұсынылады.

Бұл тапсырмада педагог бір ғана дерекке сүйеніп асығыс қорытынды жасамауға үйретеді. Мысалы, «ересек ағасы» заңды өкіл мәртебесіне ие ме, самокаттың жылдамдығы қандай болды, музыка қай уақытта қойылды, көршілердің тыныштығына нақты кедергі келді ме деген қосымша сұрақтар қажет болуы мүмкін. Білім алушының «мәлімет жеткіліксіз» деп жауап беруі де құқықтық ойлаудың маңызды көрінісі ретінде бағаланады.

Бағалау кезінде білім алушының бап нөмірін жатқа айтуы негізгі өлшем ретінде алынбайды. Оның жағдаяттағы маңызды деректерді ажыратуы, әрекетті тиісті құқықтық талаппен сәйкестендіруі, жауапкершілік субъектісін анықтауы, пікірін дәлелдеуі және құқыққа сай балама әрекет ұсынуы ескеріледі.

Білім алушы оқу мақсатына жетті деп есептеледі, егер ол үш кейстің әрқайсысындағы негізгі әрекетті анықтап, оны тиісті әкімшілік құқық бұзушылықпен сәйкестендірсе, құқықтық қорытындысын жағдаяттағы нақты деректермен негіздесе және кемінде бір қауіпсіз әрі құқыққа сай шешім ұсынса.

Сабақ соңындағы рефлексия «Бұрын ойладым – енді түсіндім – күнделікті өмірде қолданамын» құрылымымен өткізіледі. Білім алушылар сабаққа дейінгі түсінігін, жаңадан білген құқықтық талабын және оны өмірлік жағдайда қалай қолданатынын жазады. Мысалы, «Бұрын ата-анам рұқсат берсе, түнде көшеде жүруге болады деп ойладым. Енді заңды өкілдің рұқсаты мен бірге жүруі бірдей емес екенін түсіндім. Кешкі іс-шараға барғанда үйге қайту уақытын алдын ала жоспарлаймын» деген жауап берілуі мүмкін.

Үй тапсырмасы ретінде білім алушыларға «Жасөспірімнің әкімшілік құқық бұзушылыққа жол бермеу ережелері» тақырыбында қысқа жадынама әзірлеу ұсынылады. Жадынамада түнгі уақытта қауіпсіз жүру, қоғамдық тыныштықты сақтау және электр самокатты жауапкершілікпен пайдалану жөніндегі нақты әрекеттер қамтылады.

Педагог сабақ барысында «полиция ұстайды», «айыппұл төлейсің» деген қорқытуға негізделген тәсілден аулақ болуы қажет. Әкімшілік талаптар өзге



адамдардың құқықтарын, қоғамдық тыныштықты, баланың өмірі мен денсаулығын және жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қорғау мақсатында белгіленетіні түсіндіріледі. Сабақтың түпкі нәтижесі білім алушының жазадан қорқуы емес, өз әрекетінің құқықтық салдарын алдын ала бағалап, жауапты шешім қабылдай білуі болуы тиіс.

3-бөлім. Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқық бұзушылықтар

Сабақ тақырыбы: Қылмыстық жауапкершілік. Баптарға шолу: ұрлық, тонау, алаяқтық, есірткі заттарына қатысты құқық бұзушылықтар

Оқу мақсаты: кейстер негізінде ұрлық, тонау және алаяқтық арасындағы айырмашылықты анықтау, есірткі заттарына қатысты әрекеттердің құқықтық сипаты мен ықтимал жауапкершілігін талдау.

Сабақтың практикалық мақсаты білім алушылардың сырттай ұқсас көрінетін әрекеттерді құқықтық белгілері бойынша ажырата білуін қалыптастыру болып табылады. Сабақ барысында білім алушылар бөтен мүлікті иемденудің қалай жүзеге асырылғанын анықтайды, жасырын алу, ашық иемдену және алдау арқылы мүлікке қол жеткізу әрекеттерін салыстырады. Есірткі заттарына қатысты кейстерді қарастыру кезінде затты табу, алу, сақтау, тасымалдау, басқа адамға беру, сатуға қатысу немесе жарнамалау тәрізді әрекеттердің әрқайсысына жеке құқықтық баға беру қажеттігін түсінеді.

Сабақтың басында педагог білім алушыларға «Біреудің затын алып қоюдың барлық жағдайы бірдей құқық бұзушылық болып санала ма?» деген сұрақ ұсынады. Білім алушылар қысқаша пікір білдіргеннен кейін педагог құқықтық баға беру үшін заттың кімге тиесілі болғанын ғана емес, оның қалай алынғанын, иесінің бұл әрекетті көрген-көрмегенін, алдау немесе күш қолдану болған-болмағанын және мүліктің өз еркімен берілген-берілмегенін анықтау қажет екенін түсіндіреді.

Қылмыстық кодексте ұрлық бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру, тонау бөтеннің мүлкін ашық жымқыру, ал алаяқтық бөтен мүлікті немесе оған құқықты алдау не сенімді теріс пайдалану арқылы иемдену ретінде ажыратылады. Демек, бұл әрекеттердің негізгі айырмашылығы бөтен мүлікке қол жеткізудің тәсілінен көрінеді.

Сабақта баптардың мәтіні толық көлемде оқытылмайды. Педагог әр ұғымның негізгі ажыратушы белгісін білім алушыларға түсінікті тілмен ұсынады. Ұрлық кезінде адам бөтеннің мүлкін иесі немесе басқа адамдар байқамайды деп есептеп, жасырын алады. Тонау кезінде мүлік иесінің немесе өзге адамдардың көзінше ашық иемденіледі және әрекет жасаушы өзінің байқалғанын түсінеді. Алаяқтық кезінде жәбірленуші алдау немесе сенімді теріс пайдалану салдарынан мүлкін, ақшасын немесе оған қатысты құқығын өзі береді.



Кейстермен жұмысқа кіріспес бұрын білім алушыларға бірыңғай талдау

КЕЙС 1 «ЖОҒАЛҒАН ҚҰЛАҚҚАП» (ҰРЛЫҚ)



ЖАҒДАЙАТ
Арман дене шынықтыру сабағы кезінде сыныптасының сөмкесінен құлаққапты білдірмей алып, өз сөмкесіне салады. Кейін ол құлаққапты көрмегенін айтады.

**НЕ БОЛДЫ?**
Бөтен мүлік иесінің білмегенінде, жасырын түрде алынды.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА**
Бұл әрекет – ҰРЛЫҚ белгілеріне сәйкес келеді.

**НЕГІЗГІ БЕЛГІСІ**
Бөтен мүлікті жасырын түрде иемдену.

**ЫҚТИМАЛ ЖАУАПКЕРШІЛІК**
Қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін (ҚК 188-бабы «Ұрлық»).

**ҚАУІПСІЗ ШЕШІМ**

- Бөтен затты алмау.
- Затты тапсаң – иесіне немесе мұғалімге тапсыру.
- Күдікті жағдайды ересек адамға хабарлау.

алгоритмі ұсынылады. Олар алдымен кімнің қандай әрекет жасағанын анықтайды. Одан кейін мүліктің кімге тиесілі болғанын, оның қалай алынғанын, иесінің әрекетке қатынасын және алдау, жасырындық, ашықтық немесе күш қолдану белгілерінің бар-жоғын белгілейді. Соңында әрекетті тиісті құқық бұзушылық түрімен сәйкестендіріп, өз қорытындысын жағдаяттағы нақты деректер арқылы дәлелдейді.

«Жоғалған құлаққап» кейсі

Дене шынықтыру сабағы кезінде Арман киім ауыстыратын бөлмеде сыныптасының сөмкесінен құлаққапты байқайды. Бөлмеде ешкім болмаған кезде ол құлаққапты алып, өз сөмкесіне салып қояды. Кейін құлаққаптың иесі затын іздегенде, Арман оны көрмегенін айтады.

Білім алушылар бұл жағдайда мүліктің бөтен адамға тиесілі екенін, иесінің келісімі болмағанын және заттың жасырын алынғанын анықтайды. Педагог «Арманның әрекеті неге ашық иемдену болып саналмайды?», «Құлаққапты кейін қайтарып беру ниеті құқықтық бағаны бірден өзгерте ме?», «Затты тауып алу мен оны бөтеннің сөмкесінен алу

арасында қандай айырмашылық бар?» деген сұрақтар қояды.

Талқылау барысында білім алушылар әрекеттің жасырын жасалғанына сүйеніп, оны ұрлық белгілерімен сәйкестендіреді. Педагог нақты іс бойынша түпкілікті құқықтық бағаны тек уәкілетті органдар беретінін ескертеді. Сыныптағы міндет нақты адамды кінәлі деп тану емес, кейсте көрсетілген әрекеттің құқықтық белгілерін ажырату болып табылады.



КЕЙС 2
«ТЕЛЕФОНДЫ ТАРТЫП АЛУ»
(ТОНАУ)



ЖАҒДАЙАТ
Данияр басқа оқушының қолындағы телефонды сұрайды. Беруден бас тартқанда, оның көзінше телефонды қолынан жұлып алып, қашып кетеді.



НЕ БОЛДЫ?
Бөтен мүлік иесінің көзінше, ашық түрде иеленіп алынды.



ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА
Бұл әрекет – ТОНАУ белгілеріне сәйкес келеді.



НЕГІЗГІ БЕЛГІСІ
Бөтен мүлікті ашық түрде иемдену, иесінің әрекетті көріп немесе сезіп тұруы.



ЫҚТИМАЛ ЖАУАПКЕРШІЛІК
Қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін (ҚК 191-бабы «Тонау»).



ҚАУІПСІЗ ШЕШІМ

- Қақтығыстан аулақ болу.
- Қауіп төнгенде – көмекке шақыру.
- Мұндай әрекеттер туралы ересек адамға немесе полицияға хабарлау.

«Телефонды тартып алу» кейсі Мектептен қайтып келе жатқанда Данияр басқа оқушының қолындағы телефонды сұрайды. Телефон иесі беруден бас тартады. Данияр оның көзінше телефонды қолынан жұлып алып, жүгіріп кетеді. Жәбірленуші артынан айқайлап, телефонын қайтаруды талап етеді.

Бұл кейсте білім алушылар заттың иесінің көзінше және оның еркіне қарсы алынғанын анықтайды. Педагог «Данияр өзінің әрекетін телефон иесі көріп тұрғанын білді ме?», «Бұл жағдайда жасырындық белгісі бар ма?», «Телефонды қолынан жұлып алу әрекеттің сипатына қалай әсер етеді?» деген сұрақтар арқылы ашық иемдену белгісін айқындайды.

Кейстегі әрекет тонау белгілерімен сәйкестендіріледі, өйткені бөтен мүлік ашық түрде иемденілген. Егер жағдаятта өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану, қарумен қорқыту немесе өзге ауыр мән-

жайлар пайда болса, құқықтық баға өзгеруі мүмкін. Сондықтан педагог білім алушыларға шағын деректің өзі құқықтық саралауға ықпал ететінін түсіндіреді.

«Арзан телефон» кейсі

Әлеуметтік желіде жасөспірім жаңа телефонды нарықтағы бағасынан бірнеше есе арзан сататыны туралы хабарландыру жариялайды. Ол телефонның суретін интернеттен көшіріп алып, тауарды жеткізу үшін алдын ала төлем талап етеді. Сатып алушы ақша аударғаннан кейін хабарландыру авторы онымен байланысты тоқтатады. Шын мәнінде оның сататын телефоны болмаған.



КЕЙС 3 «АРЗАН ТЕЛЕФОН» (АЛАЯҚТЫҚ)



ЖАҒДАЙАТ

Әлеуметтік желіде жасөспірім арзан телефон сатамын деп жалған хабарландыру жариялайды. Сатып алушы ақшаны аударғаннан кейін, ол байланысқа шықпайды. Телефон шын мәнінде болмаған.



НЕ БОЛДЫ?

Жәбірленуші жалған ақпаратқа сеніп, ақшаға ерікті түрде береді.



ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА

Бұл әрекет – АЛАЯҚТЫҚ белгілеріне сәйкес келеді.



НЕГІЗГІ БЕЛГІСІ

Бөтен мүлікті алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы иемдену.



ЫҚТИМАЛ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін (ҚК 190-бабы «Алаяқтық»). Интернет арқылы жасалса – ауырлататын мән-жай болып саналады.



ҚАУІПСІЗ ШЕШІМ

- Бейтаныс адамдарға алдын ала төлем жасамау.
- Ақпараттың шынайылығын тексеру.
- Күдікті парақша туралы ересек адамға хабарлау.

Білім алушылар бұл кейсте жәбірленушінің ақшаны өзі аударғанын, бірақ шешімді жалған ақпаратқа сеніп қабылдағанын анықтайды. Педагог «Ақша күшпен алынды ма?», «Ақшаны аударуға не себеп болды?», «Хабарландыру авторы сатып алушының сенімін қалай пайдаланды?», «Телефон шын мәнінде болған жағдайда, бірақ кеш жеткізілсе, құқықтық баға бірдей бола ма?» деген сұрақтар қояды.

Талдау нәтижесінде білім алушылар алдау арқылы бөтеннің мүлкін иемдену белгісіне сүйеніп, әрекетті алаяқтықпен сәйкестендіреді. Қылмыстық кодексте ақпараттық жүйені немесе интернет пайдаланушысын алдау не оның сенімін теріс пайдалану арқылы жасалған алаяқтық та жеке белгі ретінде қарастырылған.

Үш кейс талданғаннан кейін педагог салыстыру жұмысын ұйымдастырады. Білім алушылар әр құқық бұзушылықтың негізгі белгісін бір сөйлеммен тұжырымдайды. Ұрлықта басты белгі заттың жасырын алынуы, тонауда ашық иемденілуі,

алаяқтықта мүліктің алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы алынуы екенін көрсетеді.

Салыстыру үшін педагог төмендегідей жұмыс кестесін қолдана алады.

Талдау белгісі	Ұрлық	Тонау	Алаяқтық
Мүлік қалай алынады?	Жасырын	Ашық	Алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы



Мүлік иесінің әрекет кезіндегі жағдайы	Әдетте әрекетті байқамайды	Әрекетті көреді немесе сезеді	Жалған ақпаратқа сеніп, мүлікті өзі береді
Негізгі ажыратушы белгі	Жасырындық	Ашықтық	Алдау
Үлгі жағдай	Сөмкеден білдірмей алу	Қолынан жұлып алу	Жалған хабарландыру арқылы ақша алу

Кесте білім алушыларға дайын күйінде берілмейді. Алдымен топтар бос ұяшықтарды кейстерге сүйеніп толтырады. Кейін педагог жауаптарды сыныппен бірге нақтылайды. Осылайша білім алушылар құқықтық ұғымдарды анықтамадан емес, жағдаяттағы әрекеттерден шығарып үйренеді.

«Құқықтық сарапшы» тапсырмасы

Педагог білім алушыларға қысқа жағдайларды кезекпен оқиды. Олар әр жағдайды ұрлық, тонау, алаяқтық немесе қосымша ақпарат қажет санаттарының біріне жатқызады.

Бірінші жағдайда оқушы дүкен сөресінен тауарды киімінің ішіне жасырып, төлем жасамай шығып кетеді. Екінші жағдайда жасөспірім басқа баланың велосипедін оның көзінше мініп кетеді. Үшінші жағдайда интернеттегі жалған қайырымдылық парақшасы арқылы ақша жиналады. Төртінші жағдайда оқушы дәлізден телефон тауып алып, оны мұғалімге тапсырады. Бесінші жағдайда бір бала досының телефонын рұқсатсыз алып, кейін қайтарады.

Соңғы жағдай әдейі толық берілмейді. Білім алушылар телефонның қалай алынғанын, иесі оны көрген-көрмегенін, затты иемдену ниеті болған-болмағанын нақтылауы тиіс. «Қосымша дерек қажет» деген жауап құқықтық ойлаудың әлсіздігі емес, керісінше асығыс қорытындыдан бас тарта білудің белгісі ретінде қабылданады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы мәселесін түсіндіру кезінде педагог жалпы ереже бойынша қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған адамға қолданылатынын айтады. Заңда көрсетілген кейбір ауыр немесе ауырлататын мән-жайлармен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық он төрт жастан басталуы мүмкін. Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 15-бабында он төрт жастан жауаптылық туындайтын әрекеттердің нақты тізбесі белгіленген. Бұл тізімге ұрлық пен тонаудың барлық жағдайы емес, заңда көрсетілген ауырлататын бөліктері енгізілген.

Осы мәселені талқылағанда педагог «он төрт жасқа толмаған адам ешқандай жауапкершілікке тартылмайды» немесе «кез келген ұрлық үшін он төрт жастан қылмыстық жауаптылық басталады» деген біржақты тұжырымдарға жол бермеуі қажет. Әрекеттің нақты құрамы, оның жасалу жағдайы, адамның жасы және өзге мән-жайлар жеке анықталады. Қылмыстық жауаптылық жасына



толмау жасалған әрекетті дұрыс деп тануды білдірмейді. Мұндай жағдайда баланың мінез-құлқына қатысты тәрбиелік, профилактикалық және өзге де заңда көзделген шаралар қолданылуы мүмкін.

Есірткі заттарына қатысты әрекеттерді талдау

Сабақтың екінші практикалық бөлігінде педагог есірткі заттарына қатысты әрекеттердің бір ғана «есірткі қолдану» ұғымымен шектелмейтінін түсіндіреді. Қылмыстық заңнамада есірткі және психотроптық заттарды өткізу мақсатынсыз заңсыз иемдену, сақтау немесе тасымалдау, өткізу мақсатында иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе өткізу, заңсыз дайындау, есірткі заттарын жымқыру, тұтынуға көндіру, насихаттау және заңсыз жарнамалау тәрізді әрекеттер жеке қарастырылады.

Педагог есірткі заттарының атауларын, оларды дайындау жолдарын немесе пайдалану тәсілдерін талқыламайды. Сабақтың мазмұны профилактикалық және құқықтық сипатта болып, күмәнді заттан бас тарту, оны ұстамау, тасымалдамау, басқа адамға бермеу және қауіпсіз ересек адамға немесе уәкілетті органға хабарлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

«Бейтаныс сәлемдеме» кейсі

Он алты жастағы Аланға интернет арқылы танысқан адам шағын ораманы көрсетілген мекенжайға жеткізіп беруді ұсынады. Ол ораманың ішінде не бар екенін ашып айтпайды, бірақ жеткізгені үшін әдеттегіден әлдеқайда көп ақша төлейтінін хабарлайды. Алан ораманың күмәнді екенін түсінсе де, ақша табу үшін оны алуға келіседі.

Талдау барысында білім алушылар «Ораманың ішінде не бар екенін білмеу жауапкершілікті автоматты түрде жоя ма?», «Ұсынылған ақының шамадан тыс көп болуы нені білдіруі мүмкін?», «Алан қандай қауіп белгілерін байқауы керек еді?», «Ол ұсыныстан қалай қауіпсіз бас тарта алады?» деген сұрақтарды қарастырады.

Педагог нақты құқықтық баға адамның заттың сипатын білген-білмегеніне, оның ниетіне, әрекеттің мазмұнына және басқа мән-жайларға байланысты берілетінін түсіндіреді. Білім алушылар күмәнді ораманы қабылдамау, бөгде адамның тапсырмасымен белгісіз затты тасымалдамау, хат алмасуды сақтап қою және сенімді ересек адамға хабарлау алгоритмін ұсынады.

«Досының өтініші» кейсі

Он жеті жастағы оқушы досының өтініші бойынша жабық қаптаманы бірнеше күн өз үйінде сақтауға келіседі. Досы қаптаманы ашпауын және бұл туралы ешкімге айтпауын сұрайды. Кейін оның ішінде заңсыз зат болуы мүмкін екені белгілі болады.

Бұл кейсте білім алушылар сақтау әрекетінің өзі құқықтық маңызға ие болуы мүмкін екенін анықтайды. «Зат өзінікі болмаса, оны сақтаған адам жауап бере ме?», «Құпия ұстауды сұрау қандай қауіп белгісін білдіреді?», «Күмән туғаннан кейін қаптаманы басқа жерге апару дұрыс па?» деген сұрақтар талқыланады.



Педагог күмәнді затты өздігінен ашуға, орнын ауыстыруға, жасыруға немесе басқа адамға жеткізуге болмайтынын түсіндіреді. Білім алушы қауіпсіз жерге шығып, ата-анасына, педагогке, мектеп әкімшілігіне немесе құқық қорғау органына хабарлауы қажет. Нақты жағдайда ересектердің және мамандардың нұсқауын орындау маңызды.

«Тегін тарату» кейсі

Жасөспірім әлеуметтік желідегі жабық топта белгісіз затты тегін байқап көруді ұсынады. Ол бұл әрекетін «сатқан жоқпын, сондықтан заң бұзған жоқпын» деп түсіндіреді.

Білім алушылар өткізу ұғымы тек ақшаға сатумен шектелмеуі мүмкін екенін талдайды. Басқа адамға заңсыз затты беру, таратуға қатысу немесе тұтынуға көндіру де дербес құқықтық бағаға ие болуы ықтимал. Педагог «Ақша алынбауы әрекетті қауіпсіз ете ме?», «Басқа адамды байқап көруге үгіттеу қандай салдарға әкелуі мүмкін?», «Әлеуметтік желідегі жазбаны бөлісу әрекетсіздік пе?» деген сұрақтар қояды.

Кейсті талқылаудың мақсаты білім алушыларға заңсыз затты сатпаса да, оны беру, таратуға көмектесу немесе басқа адамды тұтынуға көндіру жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін түсіндіру болып табылады. Қылмыстық кодексте есірткі заттарын тұтынуға көндіру, насихаттау және заңсыз жарнамалау бөлек құқық бұзушылықтар ретінде көрсетілген.

«Тауып алынған пакет» кейсі

Оқушы мектеп ауласының шетінен белгісіз ұнтақ салынған шағын пакет тауып алады. Достары оны ашып көруді, суретке түсіруді және басқа жерге апарып жасыруды ұсынады.

Бұл жағдайда білім алушылар заттың кімге тиесілі екенін анықтауға немесе оның құрамын өздігінен тексеруге әрекет жасамауы керек деген қорытындыға келеді. Белгісіз затты ұстамау, ашпау, иіскемеу, қалтаға салмау және басқа жерге тасымалдамау қажет. Оқушы қауіпсіз қашықтыққа шығып, педагогке, мектеп әкімшілігіне немесе құқық қорғау қызметіне дереу хабарлауы тиіс.

Педагог мұндай кейстерді көрсету кезінде белгісіз заттың сыртқы көрінісін егжей-тегжейлі сипаттамайды және оның түрін анықтауды білім алушыларға тапсырмайды. Сабақта қалыптастырылатын негізгі дағды затты тану емес, қауіп белгісін байқап, қауіпсіз көмекке жүгіну болып табылады.

Есірткі заттарына қатысты кейстерді талдау мынадай бірізділікпен жүргізіледі: қандай әрекет ұсынылды немесе жасалды; адам заттың сипаты туралы не білді; оның әрекеті алу, сақтау, тасымалдау, беру, өткізу, жарнамалау немесе тұтынуға көндіру белгілерінің қайсысына ұқсайды; әрекет кімге және қандай қауіп төндіреді; құқыққа сай әрі қауіпсіз шешім қандай болуы тиіс.

Топтық практикалық жұмыс

Сынып төрт топқа бөлініп, әр топқа бір кейс беріледі. Топ мүшелері жағдаятты талдаушы, сұрақ құрастырушы, құқықтық белгілерді анықтаушы және қауіпсіз әрекет алгоритмін таныстырушы рөлдерін атқарады. Жұмыс



барысында білім алушылар кейіпкерді айыптайтын сөздерді қолданбайды. Олар адамның жеке қасиетіне емес, жағдаятта көрсетілген нақты әрекетке баға береді.

Топтар нәтижесін «әрекет – құқықтық белгі – ықтимал қауіп – қауіпсіз шешім» құрылымымен таныстырады. Мысалы: «Белгісіз ораманы ақша үшін мекенжайға жеткізуге келісу – күмәнді затты тасымалдауға қатысу белгісі – адамның өзі мен өзге адамдарға құқықтық және денсаулыққа байланысты қауіп туындайды – ұсыныстан бас тартып, сенімді ересек адамға хабарлау қажет» деген үлгі қолданылады.

«Шешім қабылдау сызығы» тапсырмасы

Педагог сынып кеңістігінде «қауіпсіз әрекет», «құқықтық қауіп бар» және «қосымша ақпарат қажет» деген үш аймақ белгілейді. Қысқа жағдаяттар оқылғанда білім алушылар тиісті аймақты таңдап, шешімін бір дәлелмен түсіндіреді.

Жағдаяттар ретінде бөтен сөмкені иесіне жеткізу, досының телефонын білдірмей алу, жалған интернет дүкен ашу, белгісіз ораманы сақтау, күмәнді хабарландыруды қайта жариялау, бейтаныс адамның пакетін жеткізуден бас тарту тәрізді әрекеттер ұсынылады. Педагог білім алушының таңдаған жауабынан гөрі, оны қандай дерекпен негіздегеніне назар аударады.

Бағалау

Білім алушылардың оқу нәтижесі кейсті дұрыс атаумен ғана бағаланбайды. Бағалау кезінде олардың әрекеттің негізгі белгісін табуы, ұрлық, тонау және алаяқтықты жасалу тәсілі бойынша ажыратуы, есірткі заттарына қатысты әрекеттің сипатын анықтауы, құқықтық қорытындысын нақты деректермен негіздеуі және қауіпсіз шешім ұсынуы ескеріледі.

Білім алушы оқу мақсатына жетті деп есептеледі, егер ол ұрлықтың жасырын, тонаудың ашық, алаяқтықтың алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатынын дұрыс түсіндірсе; кемінде үш кейстегі әрекетті тиісті құқықтық белгімен сәйкестендірсе; есірткі заттарына қатысты алу, сақтау, тасымалдау, беру және жарнамалау әрекеттерінің құқықтық маңызы болуы мүмкін екенін анықтаса; күмәнді жағдайда қолданылатын қауіпсіз әрекет алгоритмін ұсынса.

Рефлексия

Сабақ соңында білім алушылар «Әрекеттің атауы – негізгі белгісі – қауіпсіз шешім» құрылымымен төрт қысқа сөйлем жазады. Мысалы: «Ұрлықтың негізгі белгісі – бөтен мүлікті жасырын алу. Тонаудың негізгі белгісі – мүлікті ашық иемдену. Алаяқтық кезінде адам мүлкін алдауға сеніп өзі береді. Белгісіз затты алуға, сақтауға немесе тасымалдауға келіспей, сенімді ересек адамға хабарлау қажет».

Педагог сабақта қылмыстық жазалардың мерзімдерін қорқыту құралы ретінде қолданбауы тиіс. Негізгі назар әрекеттің басқа адамның мүлкіне, қауіпсіздігіне, денсаулығына және болашағына келтіретін зиянына аударылады. Қылмыстық жауапкершілік туралы білім жасөспірімді жазамен үрейлендіру



үшін емес, күмәнді ұсынысты дер кезінде танып, өз әрекетінің салдарын алдын ала бағалап, заңға сай шешім қабылдауға үйрету үшін беріледі.

Кейстерді талқылау кезінде білім алушылардан өздерінің немесе отбасы мүшелерінің құқықтық мәселелерін жариялау талап етілмейді. Нақты сыныптастардың әрекетін мысал ретінде келтіруге, қауесетті талқылауға және белгілі бір адамды құқық бұзушылық жасады деп айыптауға жол берілмейді. Егер білім алушы сабақ барысында өзіне немесе басқа адамға қауіп төндіретін нақты жағдай туралы хабарласа, педагог оны сынып алдында талқыламай, білім беру ұйымының қауіпсіздік тәртібіне сәйкес жауапты мамандарға жеткізеді.

3-бөлім. Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқық бұзушылықтар

Сабақ тақырыбы: Сыбайлас жемқорлық: сыйлық па, пара ма?

Оқу мақсаты: сыйлық пен параның айырмашылығын ажырату, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін анықтау және параны ұсыну, беру, алу немесе жеткізуге қатысудың құқықтық салдарын түсіндіру.

Сабақтың практикалық мақсаты білім алушылардың күнделікті қарым-қатынастағы сыйлықты белгілі бір қызметтік әрекет үшін берілетін заңсыз сыйақыдан ажырата білуін қалыптастыру болып табылады. Сабақ барысында білім алушылар берілген заттың атауына немесе бағасына ғана емес, оны берудің мақсатына, тараптар арасындағы келісімге, сыйлық берілген уақытқа және одан күтілетін нәтижеге назар аударады.

Сабақтың басында педагог сыныпқа екі қысқа жағдай ұсынады. Бірінші жағдайда оқушы туған күнінде досына кітап сыйлайды. Екінші жағдайда азамат мемлекеттік орган қызметкеріне құжатын кезексіз рәсімдеп беру үшін қымбат сыйлық ұсынады. Білім алушылар екі әрекеттің сырттай ұқсастығын және мазмұндық айырмашылығын анықтайды.

Талқылаудан кейін педагог қарапайым қорытынды жасайды: сыйлық әдетте адамға құрмет, ізгі ниет немесе жеке қарым-қатынас белгісі ретінде беріледі және оның орнына қызметтік шешім талап етілмейді. Пара белгілі бір әрекетті жасауға, жасамауға, шешімді өзгертуге, артықшылық беруге немесе жалпы қамқорлық көрсетуге ықпал ету мақсатында ұсынылады, уәде етіледі не беріледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында сыбайлас жемқорлық лауазымдық немесе қызметтік мүмкіндіктерді жеке өзі не басқа адамдар үшін заңсыз игілік пен артықшылық алу мақсатында пайдалану, сондай-ақ осындай игіліктерді беру арқылы адамды параға сатып алу ретінде қарастырылады.

Педагог сыйлық пен параны тек заттың құнына қарап ажыратуға болмайтынын түсіндіреді. Арзан заттың өзі қызметтік шешімге ықпал ету үшін берілсе, оның құқықтық сипаты өзгеруі мүмкін. Қымбат сыйлықтың «алғыс», «кәде», «шайға» немесе «өтініш» деп аталуы да әрекетті автоматты түрде заңды етпейді. Негізгі сұрақ сыйлықтың орнына қандай әрекет күтілетінінде жатыр.



Қылмыстық заңнамада пара алу, пара беру және парақорлыққа делдал болу жеке құқық бұзушылықтар ретінде қарастырылады. Пара ақша, мүлік немесе мүліктік сипаттағы пайда түрінде берілуі мүмкін. Ол пара берушінің пайдасына қызметтік әрекет жасау, әрекетсіздік таныту, шешімге ықпал ету, қамқорлық көрсету немесе заңсыз артықшылық беру мақсатымен байланысты болады.

Кейстерді талдау алгоритмі

Әр кейспен жұмыс кезінде білім алушылар алдымен кімнің кімге не ұсынғанын анықтайды. Одан кейін ұсыныстың белгілі бір қызметтік әрекетпен байланысын табады. Келесі кезекте кімнің қандай пайда немесе артықшылық алатынын, тараптар арасында алдын ала келісім болған-болмағанын және әрекетке басқа адамның қатысқан-қатыспағанын талдайды. Соңында сыйлық, пара ұсыну, пара беру, пара алу немесе делдалдық белгілерінің қайсысы байқалатынын көрсетіп, қауіпсіз шешім ұсынады.

1-кейс. «Алғыс ретінде берілген кітап»

Азамат мемлекеттік мекемеден заңда белгіленген тәртіппен қажетті анықтамасын алды. Қызметкер оған кезектен тыс артықшылық бермеді және қосымша қызмет көрсетпеді. Бірнеше күннен кейін азамат мекеме қызметкеріне ризашылығын білдіріп, кітап сыйлағысы келетінін айтты.

Білім алушылар «Сыйлық белгілі бір шешімге дейін немесе кейін ұсынылды ма?», «Алдын ала уағдаластық болды ма?», «Қызметкер азаматқа заңсыз артықшылық берді ме?», «Мемлекеттік қызметші мұндай сыйлықты қабылдай ала ма?» деген сұрақтарды талдайды.



1-КЕЙС

«АЛҒЫС РЕТІНДЕ БЕРІЛГЕН КІТАП»

ЖАҒДАЙАТ

Азамат мемлекеттік мекемеден заңда белгіленген тәртіппен қажетті анықтамасын алды. Қызметкер оған кезектен тыс артықшылық бермеді және қосымша қызмет көрсетпеді. Бірнеше күннен кейін азамат мекеме қызметкеріне ризашылығын білдіріп, кітап сыйлағысы келетінін айтты.



ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ



1. ҚАШАН ҰСЫНЫЛДЫ?

Сыйлық қызмет көрсетуден кейін, алдын ала уағдаластықсыз ұсынылды.



2. НЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ?

Азамат ризашылығын білдіргісі келеді, ешқандай қызметтік шешімге ықпал ету мақсат етілмеген.



3. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӘРЕКЕТІ

Қызметкер заңда белгіленген тәртіппен жұмысын орындаған, артықшылық бермеген.



4. СЫЙЛЫҚТЫ ҚАБЫЛДАУҒА БОЛА МА?

Мемлекеттік қызметшілерге сыйлықтарды қабылдауға арнайы шектеулер бар. Қабылдамау дұрыс.



5. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА

Бұл жағдай параға жатпайды, алайда сыйлық қабылдау тәуекелі бар.

СЫЙЛЫҚ ПЕН ПАРАНЫ АЖЫРАТАТЫН НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕР



СЫЙЛЫҚ



ПАРА



Мақсаты

Құрмет, алғыс, ізгі ниет

Қызметтік шешімге ықпал ету



Оның орнына не күтіледі?

Қарсы қызмет күтілмейді

Шешім, қамқорлық, артықшылық күтіледі



Қашан беріледі?

Кейін, мереке, жеке оқиға бойынша

Алдын ала немесе шешім қабылдандар алдында/кезінде



Қатынас сипаты

Жеке, ресми емес, ашық

Жасырын келісім болуы мүмкін



Нәтижесі

Ешкімнің құқығы бұзылмайды

Басқа адамдардың құқығы бұзылады

ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ДҰРЫС ӘРЕКЕТ

1



Сыйлықты қабылдамаңыз. Сыпайы түрде бас тартуды айтыңыз.

2



Себебін түсіндіріңіз. «Мемлекеттік қызметшілер сыйлықтарды қабылдай алмайды».

3



Алғысты басқа жолмен білдіруді ұсыныңыз. Ресми алғыс, оң пікір, басшылыққа хат түрінде жеткізіңіз.

4



Мекеме ережесін ұстаныңыз. Сыйлықтарды қабылдау тәртібі туралы ішкі ережеге сүйеніңіз.

5



Күмәнді жағдай туындаса – хабарлаңыз. Басшыға немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті органға жүгініңіз.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

- Сыйлықтың құны аз болса да, егер оның орнына қызмет күтілсе – бұл пара.
- «Алғыс», «қаде», «шайға», «өтініш» деген атаулар әрекетті заңды етпейді.
- Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті – заңға сай және әділ қызмет ету.



АДАЛДЫҚ –
СЕНІМДІҢ НЕГІЗІ!

Бұл кейсте бірден «заңды сыйлық» деген қорытынды жасауға болмайды. Сыйлықтың қызмет көрсетілгеннен кейін және алдын ала келісімсіз берілуі оның белгілі бір қызметтік әрекетті сатып алу үшін ұсынылмағанын көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын өзге адамдар үшін сыйлықтарды қабылдауға байланысты арнайы талаптар бар. Сондықтан құқыққа сай шешім ретінде қызметкердің сыйлықты қабылдамай, азаматқа алғысын ресми пікір, жазбаша алғыс немесе мекеме басшылығына жолданған оң бағалау арқылы білдіруді ұсынуы

қарастырылады.

Педагог Қылмыстық кодекстегі құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйақы туралы ескертуді «екі айлық есептік көрсеткішке дейін сыйлық беруге болады» деген жалпы ереже ретінде түсіндіруге болмайтынын атап көрсетеді. Бұл норма тек бұрын жасалған заңды әрекетке, алдын ала уағдаластықтың болмауына және өзге де нақты шарттарға байланысты қолданылады. Қызметтік шешімге ықпал ету мақсатымен алдын ала ұсынылған аз мөлшердегі сыйақының өзі пара белгілерін иеленуі мүмкін.

2-кейс. «Құжатты тездету»

Азаматқа рұқсат құжатын алу үшін бірнеше күн күту қажет болды. Ол мекеме қызметкеріне конверт ұсынып: «Құжатымды бүгін дайындап берсеңіз, бұл сізге алғысым болсын», – деді. Қызметкер ақшаны қабылдап, құжатты кезектен тыс рәсімдеуге келісті.

Кейсті талдау кезінде білім алушылар конверттің қызметтік шешім қабылданғанға дейін ұсынылғанын, азаматтың нақты артықшылық күтетінін және қызметкердің сол әрекетті орындауға келіскенін анықтайды.



Педагог «Ақшаны алғыс деп атау оның құқықтық сипатын өзгерте ме?», «Қызметкер құжатты бәрібір рәсімдеуге міндетті болса, ақша алуға бола ма?», «Кезектен тыс қызмет алу басқа азаматтардың құқықтарына қалай әсер етеді?» деген сұрақтар қояды.

Талдау нәтижесінде білім алушылар азаматтың әрекетінен пара ұсыну немесе беру, ал қызметкердің әрекетінен параны талап ету немесе алу белгілері байқалуы мүмкін екенін түсіндіреді. Парақорлықта заңсыз әрекет жасау ғана емес, қызметкер өзінің міндетіне кіретін заңды әрекетті пара үшін орындаған жағдай да құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Қолданыстағы Қылмыстық кодексте пара алу мен пара беру үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Құқыққа сай шешім ретінде азаматтың қызметті заңда белгіленген мерзімде алуы, рәсімнің созылуына қатысты ресми өтініш немесе шағым беруі ұсынылады. Қызметкер заңсыз ұсыныстан бас тартып, ұйымның ішкі тәртібіне сәйкес басшылыққа немесе уәкілетті органға хабарлауы тиіс.

3-кейс. «Конвертті жеткізіп берші»

Он алты жастағы Нұржанның танысы оған жабық конверт беріп, оны мемлекеттік мекемеде жұмыс істейтін адамға жеткізуді сұрайды. Конвертті берген адам: «Ол менің мәселемді шешуге көмектеседі. Сен тек апарып бер, ішінде не барын сұрама», – дейді. Кейін Нұржан конвертте ақша болуы мүмкін екенін түсінеді.

Білім алушылар Нұржанның өзі ақша алмаса да, оның әрекеті екі тарап арасындағы келісімді іске асыруға көмектесуі мүмкін екенін талдайды. Педагог «Конверттің ішінде не барын білмеу жауапкершілікті автоматты түрде жоя ма?», «Күмән туғаннан кейін оны жеткізуге бола ма?», «Тек апарып берген адам әрекетке қатысушы болып санала ма?» деген сұрақтар ұсынады.

Пара алушы мен пара беруші арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе оны жүзеге асыруға көмектесу парақорлыққа делдал болу ретінде бағалануы мүмкін. Ақшаны немесе өзге игілікті бір адамнан екінші адамға тапсырманың мәнін біле тұра жеткізу де құқықтық жауапкершілік мәселесін туындатады.

Қауіпсіз шешім ретінде Нұржан конвертті жеткізуден бас тартуы, оны ашпауға және басқа адамға бермеуге тиіс. Ол өзіне жасалған ұсыныс туралы ата-анасына, педагогке немесе сенімді ересек адамға хабарлайды. Нақты қауіп немесе құқық бұзушылық белгісі болған жағдайда уәкілетті органдарға жүгіну қажет.

4-кейс. «Байқауда көмектесу»

Кәсіпкер мемлекеттік сатып алу байқауына қатысады. Ол комиссия мүшесінің туысына қымбат телефон сыйлап, өз өтініміне қолдау көрсетуді сұрайды. Сыйлық комиссия мүшесінің өзіне емес, оның жақын адамына беріледі.

Білім алушылар сыйлықтың кімге берілгенін ғана емес, оның түпкі мақсатын анықтайды. Педагог «Сыйлық қызметкердің өзіне берілмесе, пара белгілері жойыла ма?», «Комиссия мүшесінің шешіміне ықпал ету мақсаты бар ма?», «Мұндай әрекет басқа қатысушылардың құқықтарына қалай әсер етеді?» деген сұрақтар қояды.



Сыбайлас жемқорлық әрекеті мүліктік пайда тек лауазымды адамның өзіне берілген жағдайда ғана туындамайды. Игілік басқа адамға беріліп, оның көмегімен қызметтік шешімге ықпал ету көзделсе, бұл мән-жай да құқықтық бағалауда ескеріледі. Сыбайлас жемқорлық ұғымы үшінші тұлғалардың пайдасына заңсыз артықшылық алуды да қамтиды.

5-кейс. «Мерекелік жинақ»

Ата-аналар тобы мереке қарсаңында мектеп қызметкеріне ортақ сыйлық алуды ұсынады. Сол уақытта олардың балалары қатысатын байқаудың нәтижесі әлі шығарылмаған. Ата-аналардың бірі: «Сыйлықты қазір берсек, балаларымызға жақсы қарайтын шығар», – дейді.

Бұл жағдайда педагог білім алушыларға жеке тұлғаларды айыптамай, мүдделер қақтығысы мен шешімге ықпал ету қаупін талдатуы қажет. Сыйлықтың мерекеге байланысты ұсынылуы оның мәнін бірден анықтамайды. Байқау нәтижесі шықпай тұрып берілуі және одан ерекше қатынас күтілуі құқықтық әрі әдептік тәуекел туғызады.

Білім алушылар «Сыйлықтың мақсаты қандай?», «Оның орнына нақты немесе жасырын түрде артықшылық күтіле ме?», «Бұл жағдай басқа білім алушыларға әділетсіздік туғыза ма?», «Алғыс білдірудің қандай қауіпсіз жолдары бар?» деген сұрақтарға жауап береді.

Бұл кейсте параның қылмыстық-құқықтық белгілері бар деп бірден қорытынды жасауға болмайды. Ол үшін сыйлық алушының мәртебесі, тараптардың ниеті, келісімнің болуы және қызметтік әрекетке ықпал ету мақсаты анықталуы қажет. Алайда шешім қабылданар алдында сыйлық беру бейтараптыққа күмән туғызып, мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін. Мүдделер қақтығысы жеке мүдде мен қызметтік міндет арасындағы қайшылық ретінде танылады.

Сыйлық пен параны ажырату кестесі

Талдау белгісі	Сыйлық	Пара
Берудің мақсаты	Құрмет, ізгі ниет, жеке қарым-қатынас	Қызметтік әрекетке немесе шешімге ықпал ету
Оның орнына не күтіледі?	Қарсы қызмет немесе артықшылық күтілмейді	Шешім, қамқорлық, жеңілдік, әрекет немесе әрекетсіздік күтіледі
Қашан беріледі?	Жеке оқиғаға байланысты болуы мүмкін	Қызметтік шешімге дейін, шешім кезінде немесе уағдаластық бойынша кейін берілуі мүмкін
Кімге беріледі?	Жеке адамға жеке қатынас негізінде	Лауазымды адамға, делдалға немесе оның мүддесіндегі басқа адамға берілуі мүмкін
Жасырындық қажет пе?	Әдетте жасырын шарт болмайды	Жасырын келісім, ишара немесе бүркемеленген өтініш болуы ықтимал



Негізгі сұрақ	«Бұл адамнан ештеңе күтпеймін бе?»	«Осы арқылы қандай шешімге ықпал еткім келеді?»
---------------	------------------------------------	---

«Сыйлық па, пара ма?» практикалық тапсырмасы

Педагог қысқа жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар оларды «сыйлық», «сыбайлас жемқорлық қаупі бар», «пара белгілері бар» немесе «қосымша ақпарат қажет» санаттарына бөледі.

Досының туған күніне кітап сыйлау сыйлық ретінде бағаланады. Мемлекеттік қызметкерге құжатты тездету үшін ақша ұсынуға пара белгілері бар. Қызмет көрсетілгеннен кейін қызметкерге гүл беру жағдайында сыйлықты қабылдауға қойылатын арнайы шектеулерді нақтылау қажет. Байқау қорытындысы шығар алдында комиссия мүшесіне қымбат зат беру сыбайлас жемқорлық қаупін туғызады. Басқа адамның өтінішімен жабық конвертті лауазымды тұлғаға жеткізу делдалдық белгілерін қамтуы мүмкін.

Педагог «қосымша ақпарат қажет» жауабын да қабылдауы керек. Құқықтық баға беру үшін кейде сыйлықтың кімге берілгенін, адамның қандай лауазым атқаратынын, қандай шешім күтілгенін, алдын ала келісімнің болғанын және сыйлықты қабылдау тәртібін анықтау қажет.

Рөлдік жаттығу: «Заңсыз ұсыныстан бас тарту»

Бір білім алушы қызмет алушының, екіншісі мемлекеттік мекеме қызметкерінің рөлін орындайды. Қызмет алушы құжатын тездету үшін «шағын алғыс» ұсынады. Қызметкер ұсыныстан сыпайы әрі анық бас тартып, қызметтің заңды тәртібін түсіндіруі керек.

Қызметкердің жауабы мынадай мазмұнда құрылуы мүмкін: «Мен сыйақы қабылдай алмаймын. Сіздің өтінішіңіз белгіленген тәртіппен қаралады. Қызмет көрсету мерзімі бұзылса, ресми өтініш немесе шағым бере аласыз».

Бақылаушылар қызметкердің ұсынысты бірден тоқтатқанын, екіұшты сөз қолданбағанын, заңды рәсімді түсіндіргенін және жағдайды жасыруға тырыспағанын бағалайды.

Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі



Күмәнді ұсыныс жасалған кезде білім алушы ақшаға, сыйлыққа немесе жабық затқа қол тигізбеуі тиіс. Ұсыныстың мазмұнын нақтылау үшін ұзақ келіссөз жүргізбей, одан анық бас тарту қажет. Өзіне қауіп төнбесе, хабарламалар мен хат алмасуды өшірмей сақтаған дұрыс. Оқиға туралы ата-анаға, педагогке, ұйым басшылығына немесе уәкілетті органға хабарланады. Дайындалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адам жоғары тұрған басшыға, ұйым басшылығына немесе уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлай алады.

Бағалау

Бағалау кезінде білім алушының сыйлық пен параны берудің мақсаты бойынша ажыратуы, қызметтік шешіммен байланысты анықтауы, пара

беруші, пара алушы және делдал әрекеттерін бөлуі, құқықтық қорытындысын кейстегі деректермен дәлелдеуі және қауіпсіз әрекет ету жолын ұсынуы ескеріледі.

Білім алушы оқу мақсатына жетті деп есептеледі, егер ол сыйлықтың орнына қызметтік артықшылық күтілмейтінін, ал параның белгілі бір шешімге ықпал ету мақсатымен байланысты болатынын түсіндірсе; кейстердегі пара ұсыну, беру, алу және делдалдық белгілерін ажыратса; сыйлықтың атауы мен бағасы әрекеттің заңдылығын өздігінен анықтамайтынын негіздесе; күмәнді ұсыныс жасалған жағдайда қауіпсіз әрі заңға сай әрекет ету алгоритмін ұсынса.

Рефлексия

Сабақ соңында білім алушылар «Мен шешім қабылдар алдында қоятын төрт сұрақ» атты қысқа жадынама әзірлейді:

Бұл зат кімге ұсынылып отыр?

Оның орнына қандай әрекет немесе артықшылық күтіледі?

Бұл ұсыныс қызметтік шешімге ықпал ете ме?

Ұсыныс туралы ашық айтуға бола ма?



Егер ұсыныс жасырын жасалса, оның орнына белгілі бір шешім күтілсе немесе «ешкім білмесін» деген талап қойылса, білім алушы мұны қауіп белгісі ретінде танып, сенімді ересек адамға хабарлауы қажет.

Педагог сабақ барысында білім алушыларды нақты адамдарды сыбайлас жемқорлық жасады деп айыптауға, отбасындағы немесе мектептегі жеке жағдайларды жариялауға итермелемеуі тиіс. Кейстер ойдан құрастырылған болуы қажет. Сабақтың түпкі мақсаты жазаның түрлерін жаттату емес, білім алушының заңсыз ұсынысты тани білуі, оған қатысудан бас тартуы және әділ шешім қабылдаудың қоғамдық маңызын түсінуі болып табылады.

3-бөлім. Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқық бұзушылықтар

Сабақ тақырыбы: Экстремизм және жалған жаңалықтар. Репосттар үшін жауапкершілік

Оқу мақсаты: ақпараттық материалдарда қолданылатын манипуляция әдістерін талдау, ақпараттың шынайылығын тексеру үшін фактчекинг алгоритмін қолдану, күмәнді және заңға қайшы материалдарды таратудың ықтимал салдарын түсіндіру.

Сабақтың практикалық мақсаты білім алушылардың әлеуметтік желіде кездескен ақпаратты эмоцияға беріліп бірден таратпай, оның авторын, дереккөзін, жарияланған уақытын, дәлелдерін және мақсатын тексеру дағдысын қалыптастыру болып табылады. Сабақ соңында білім алушы ақпараттың шынайылығын бағалап қана қоймай, «бөлісу», «қосымша тексеру», «таратпау» немесе «сенімді ересек адамға хабарлау» шешімдерінің бірін негіздеп ұсынуы қажет.

Педагог сабақ барысында экстремизм ұғымын белгілі бір пікірмен келіспеу немесе сыни көзқарас білдірумен теңестірмеуі керек. Қазақстан Республикасының заңнамасында экстремистік материалдарды таратуға жол бермеу көзделген, ал материалды экстремистік деп тану құқықтық рәсімдер арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан білім алушылар нақты авторға немесе әлеуметтік топқа өз бетінше құқықтық айып тақпайды. Олар тек ақпараттағы зорлық-зомбылыққа шақыру, өшпенділік туғызу, кемсіту, қоғамды қарсы топтарға бөлу және заңсыз әрекетке итермелеу белгілерін анықтауды үйренеді.

Сабақты ұйымдастырудың ұсынылатын форматы: «Ақпараттық тергеу орталығы»

Сынып уақытша ақпараттық тергеу орталығына айналады. Білім алушылар өзін әлеуметтік желі пайдаланушысы емес, жарияланатын ақпараттың дұрыстығы мен қауіпсіздігін тексеретін сарапшы ретінде сезінуі қажет. Педагог сабақ басында әр топқа «фактчекер», «дереккөз зерттеушісі», «манипуляция сарапшысы», «қауіпсіздік сарапшысы» және «қорытынды жасаушы» рөлдерін бөледі.

Фактчекер ақпараттағы тексеруге болатын негізгі тұжырымдарды анықтайды. Дереккөз зерттеушісі хабарламаның авторын, жарияланған орнын, уақытын және бастапқы дереккөзін тексереді. Манипуляция сарапшысы



эмоциялық сөздерді, асыра сілтеуді, қорқыту мен жалған салыстыруды табады. Қауіпсіздік сарапшысы материалды таратудың ықтимал құқықтық және әлеуметтік салдарын бағалайды. Қорытынды жасаушы топ шешімін сынып алдында түсіндіреді.

Сабақтың қызығушылықты ояту кезеңі: «Жедел хабарлама»

Педагог экранға мынадай ойдан құрастырылған хабарламаны көрсетеді:

«Шұғыл! Ертеңнен бастап барлық мектепте телефон пайдалануға толық тыйым салынады. Бұл ақпаратты қазірден он адамға жібермесеңіз, балаңыз мектепке кіргізілмейді. Таныс мұғалімнен алынды. Барлық ата-анаға таратыңыз!»

Білім алушыларға шешім қабылдау үшін он бес секунд беріледі. Олар «бірден жіберемін», «тексеремін», «таратпаймын» деген үш шешімнің бірін таңдайды. Педагог ешбір жауапты бірден бағаламайды. Одан кейін «Хабарламада сізге тез шешім қабылдату үшін қандай тәсілдер қолданылған?» деген сұрақ қойылады.

Талқылау барысында білім алушылар «Шұғыл», «барлық мектепте», «он адамға жібер», «таныс мұғалімнен алынды» сияқты тіркестерді белгілейді. Осы арқылы педагог жалған ақпараттың адамның қорқынышына, мазасыздығына, ашуына немесе қызығушылығына әсер етіп, ақпаратты тексеруге уақыт бермеуге тырысатынын түсіндіреді.

Манипуляция әдістерін анықтау

Манипуляция дегеніміз адамның ақпаратты еркін және жан-жақты бағалауына мүмкіндік бермей, оның эмоциясына әсер ету арқылы белгілі бір әрекетке итермелеу тәсілі. Сабақта манипуляцияның атауларын жаттатудан бұрын, олардың мәтінде қалай көрінетінін анықтауға көңіл бөлінеді.

Манипуляция тәсілі	Мәтіндегі белгісі	Тексеру сұрағы
Қорқыту	«Қазір жасамасаң, жаман жағдай болады»	Қауіп туралы ресми дәлел бар ма?
Асықтыру	«Дереу тарат», «уақыт аз қалды»	Неліктен ақпаратты тексеруге уақыт берілмейді?
Жалпылау	«Барлығы біледі», «бәрі осылай ойлайды»	«Барлығы» деген кімдер?
Жалған беделге сүйену	«Таныс маман айтты», «сенімді адамнан келді»	Нақты авторы мен ресми сілтемесі бар ма?
Эмоциялық айыптау	Қорлайтын, кемсітетін немесе өшпенділік туғызатын сөздер	Мәтін дәлел келтіре ме, әлде тек ашу туғыза ма?
Ақпаратты іріктеп беру	Бір ғана тараптың пікірі ұсынылады	Басқа дереккөздер не дейді?
Жалған тандау	«Не бізбенсің, не бізге қарсысың»	Басқа шешімдер немесе пікірлер болуы мүмкін бе?
Жалған себеп-салдар	Бір оқиға екінші оқиғаның дәлелі ретінде көрсетіледі	Оқиғалар арасында дәлелденген байланыс бар ма?

Кесте дайын анықтама ретінде ғана берілмейді. Педагог әр топқа бірнеше қысқа сөйлем таратып, қай тәсіл қолданылғанын және оның адамға қалай әсер ететінін анықтауды тапсырады. Мысалы, «Бұл видеоны бөліспеген адам өз



халқын құрметтемейді», «Мұны барлық жастар қолдайды», «Бүгін таратпасаң, ертең кеш болады» деген сөйлемдер талданады.

Фактчекинг алгоритмі

Білім алушыларға ақпаратты тексерудің «ТОҚТА» алгоритмін ұсынуға болады.

Т – тоқта. Хабарламаны бірден бөліспе. Алдымен қандай эмоция сезінгеніңді анықта. Қорқыныш, ашу немесе таңдану сезімі ақпараттың шынайылығын дәлелдемейді.

О – ойлан, яғни бастапқы дереккөзді анықта. Ақпаратты алғаш кім жариялады? Нақты автор, ұйым немесе ресми ресурс көрсетілген бе? «Маған жіберді», «танысым айтты» деген сөздер бастапқы дереккөз болып саналмайды.

Қ – қосымша дереккөздерді қара. Ақпаратты кемінде екі тәуелсіз әрі сенімді ресурстан тексер. Бірдей мәтінді көшіріп жариялаған бірнеше парақша бірнеше дереккөз болып есептелмейді.

Т – тұжырым мен дәлелді ажырат. Мәтіндегі нақты тексеруге болатын мәліметтерді белгіле. Сурет, тақырып немесе пікір өздігінен дәлел емес. Сан, дата, ресми құжат, толық бейне немесе бастапқы мәлімдеме қажет.

А – әрекет туралы шешім қабылда. Ақпарат расталса да, оны тарату қауіпсіз әрі орынды ма? Материалда адамның жеке деректері, қорлау, өшпенділік, зорлық-зомбылыққа шақыру немесе заңға қайшы мазмұн бар ма? Күмән сақталса, таратпау дұрыс.

Педагог алгоритмді тақтаға жазумен шектелмей, әр қадамды нақты материал арқылы орындатуы керек. Топтар жұмыс нәтижесін «не тексердік – қайдан тексердік – қандай қорытындыға келдік» құрылымымен ұсынады.

1-кейс. «Контекстен үзілген бейне»

Әлеуметтік желіде мектеп дәлізінде болған жанжалдың он секундтық видеосы таралады. Жазбаға «Мектеп әкімшілігі оқушыға күш қолданды» деген тақырып қойылған. Видеода оқиғаның басталуы мен аяқталуы жоқ. Автордың аты көрсетілмеген. Пікірлерде адамдар мектеп қызметкерлерін жазалауға шақырады.

Топтар видеода қандай ақпарат барын және қандай ақпарат жетіспейтінін анықтайды. Педагог «Бейне оқиғаның толық барысын көрсете ме?», «Тақырып пен бейнедегі көрініс бір-біріне сәйкес пе?», «Видео қашан және қай жерде түсірілді?», «Оқиғаға қатысушылардың пікірі бар ма?», «Бұл бейнені қайта жариялау қандай зиян келтіруі мүмкін?» деген сұрақтар ұсынады.

Білім алушылар видеоның толық нұсқасын, ресми түсініктемені, жарияланған күнін және бастапқы аккаунтты іздеу қажеттігін айтады. Олар қысқа бейне нақты оқиғаны көрсеткенімен, тақырыпта берілген қорытындыны толық дәлелдемеуі мүмкін екенін түсіндіреді.

Топтың шешімі «қосымша тексеру қажет» болуы тиіс. Білім алушылар видеоны бірден таратпау, кадрдағы адамдардың аты-жөнін жарияламау және расталмаған айыптауды қайталамау жөнінде ұсыныс береді.

2-кейс. «Біз және олар»



Жабық чатқа белгілі бір әлеуметтік немесе діни топты барлық мәселенің себебі ретінде көрсететін хабарлама жіберіледі. Мәтінде нақты дерек жоқ, бірақ «олардың бәрі қауіпті», «оларға сенуге болмайды», «біз оларға қарсы бірігуіміз керек» деген сөйлемдер қолданылады.

Білім алушылар мәтінде адамдарды жеке әрекетіне қарай емес, белгілі бір топқа жатуына байланысты бағалау бар екенін анықтайды. Педагог «Мәтінде нақты дәлел келтірілген бе?», «Бір адамның әрекеті бүкіл топқа телініп отыр ма?», «Автор кімге қарсы ашу немесе қорқыныш туғызуға тырысады?», «Бұл хабарламаны бөлісу адамдар арасындағы қатынасқа қалай әсер етеді?» деген сұрақтарды қояды.

Бұл материалда жалпылау, қорқыту, «біз және олар» тәсілі және өшпенділік туғызатын тіл қолданылған. Білім алушылар мәтінді қайта жарияламау, пікір жазып дауласпау, скриншотты сынып чаттарына таратпау және сенімді ересек адамға хабарлау туралы шешім қабылдайды.

Педагог экстремистік мазмұнды өз бетінше зерттеу үшін іздеуге, жүктеп алуға немесе қайта таратуға болмайтынын ескертеді. Қазақстан заңнамасы экстремистік материалдарды таратуға жол бермеуді көздейді, ал сот экстремистік деп таныған материалдар арнайы есепке алынады.

3-кейс. «Белгілі адам айтты»

Әлеуметтік желіде белгілі адамның суреті мен оның атынан жазылған: «Ертең қаладағы барлық банктер жабылады. Ақшаны тез арада шешіп алыңыздар» деген хабарлама таралады. Жазбада ресми сілтеме жоқ. Суреттегі мәтіннің қарпі әртүрлі, ал аккаунт атауында бір әріп қате жазылған.

Білім алушылар аккаунттың атауын, ресми белгісін, бұрынғы жарияланымдарын және бастапқы хабарламаны тексереді. Сонымен бірге банктердің, мемлекеттік органдардың және сенімді ақпарат ресурстарының ресми хабарламаларын салыстырады.

Педагог «Суретте белгілі адамның болуы ақпараттың шынайылығын дәлелдей ме?», «Аккаунт атауындағы бір әріптің өзгеруі нені көрсетуі мүмкін?», «Мұндай хабарлама адамдардың қандай әрекетіне әсер етеді?» деген сұрақтар қояды.

Топ жалған беделге сүйену, асықтыру және қорқыту тәсілдерін анықтайды. Қорытындыда ақпарат расталмаған жағдайда оны таратпау және жалған аккаунт туралы платформаға шағым беру ұсынылады.

4-кейс. «Репост қана жасадым»

Он бес жастағы оқушы әлеуметтік желіден қорлайтын және адамдарды заңсыз әрекетке шақыратын бейнеролик көреді. Ол видеоны қолдамайтынын айтқанымен, «көріңдер, сұмдық екен» деген жазумен өз парақшасына орналастырады. Нәтижесінде роликті оның жүздеген жазылушысы көреді.

Педагог «Оқушы видеоны өзі түсірді ме?», «Ол роликтің аудиториясын көбейтті ме?», «Материалға қарсы екенін жазуы оны таратпағанын білдіре ме?», «Материалды сынға алу үшін оны толық қайта жариялау міндетті ме?» деген сұрақтар ұсынады.



Талқылау барысында репосттың техникалық тұрғыдан ақпаратты жаңа аудиторияға жеткізетіні анықталады. «Мен автор емеспін», «тек бөлістім», «әзіл ретінде салдым» деген түсініктемелер материалды тарату фактісін автоматты түрде жоймайды. Жауапкершілік мәселесі материалдың мазмұнына, адамның ниетіне, тарату жағдайына, аудиторияға және келтірілген салдарға қарай бағаланады.

Қазақстан заңнамасында қоғамдық тәртіпке, азаматтардың, ұйымдардың немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіретін жалған ақпаратты онлайн-платформаларда орналастыру мен тарату үшін жауаптылық көзделген. Елеулі зиян келтіру қаупін туғызатын көрінеу жалған ақпаратты тарату қылмыстық-құқықтық бағалауға да әкелуі мүмкін.

Қауіпсіз шешім ретінде оқушы видеоны қайта жарияламауы керек. Материалды платформаның шағымдану қызметі арқылы белгілеу, сілтемесін сенімді ересек адамға немесе уәкілетті органға көрсету жеткілікті. Дәлел қажет болған жағдайда материалдың өзін топтарға таратпай, оның орналасқан жері мен жарияланған уақытын ересек адамға хабарлау ұсынылады.

«Фактчекерлер шайқасы» практикалық ойыны

Педагог әр топқа мазмұны әртүрлі төрт ақпараттық карточка береді. Олардың біреуі ресми хабарлама, екіншісі ескі жаңалықтың жаңа оқиға ретінде берілуі, үшіншісі контекстен алынған сурет, төртіншісі эмоциялық әрі расталмаған хабарлама болуы мүмкін.

Топтар он минут ішінде әр карточкаға тергеу жүргізеді. Олар авторын, жарияланған уақытын, бастапқы дереккөзін, дәлелін, қолданылған манипуляция тәсілін және тарату қаупін анықтайды. Әр топ соңында карточкаға шешім шығарады: «растауға болады», «қосымша тексеру қажет», «таратуға болмайды».

Ойынның қызықты өтуі үшін әр топқа бастапқыда он «сенім ұпайы» беріледі. Дәлелсіз қорытынды жасаған топ бір ұпай жоғалтады. Сенімді дереккөз тауып, нақты дәлел келтірген топ бір ұпай алады. «Барлығы осылай жазып жатыр» деген жауап дәлел ретінде қабылданбайды.

Топтардың қорытынды сөзі мына құрылыммен беріледі:

«Біздің алдымыздағы ақпараттың негізгі тұжырымы...»

«Біз оның дереккөзін... арқылы тексердік».

«Мәтінде... манипуляция тәсілі қолданылған».

«Ақпараттың шынайылығына қатысты қорытындымыз...»

«Оны таратуға қатысты шешіміміз...»

«Жаңалықтар редакциясы» рөлдік ойыны

Сынып шағын редакцияларға бөлінеді. Әр редакцияға әлеуметтік желіден алынған ойдан құрастырылған материал ұсынылады. Топтар оны жариялау, жарияламау немесе қосымша тексеруге жіберу жөнінде шешім қабылдайды.

Редактор ақпараттың қоғам үшін маңызын бағалайды. Фактчекер деректерді тексереді. Заң және қауіпсіздік жөніндегі кеңесші материалдың адамдардың құқықтарына және қауіпсіздігіне әсерін анықтайды. Тілші тақырыптың манипуляциялық емес нұсқасын құрастырады.



Мысалы, «Қалада қауіпті топ пайда болды!» деген тақырыпты дәлелденген ақпарат болған жағдайда «Полиция әлеуметтік желідегі хабарламаға қатысты тексеру жүргізіп жатыр» деп өзгертуге болады. Білім алушылар тақырыптың ақпаратты бұрмаламай, оқырманды негізсіз қорқытпауға тиіс екенін түсінеді.

«Бір сурет – үш тақырып» тапсырмасы

Педагог бейтарап суретті көрсетіп, оған үш түрлі тақырып ұсынады:

«Қала тұрғындары жаппай наразылық білдірді».

«Алаңда мерекелік іс-шара өтті».

«Адамдар белгісіз себеппен орталыққа жиналды».

Білім алушылар бір суреттің өзіне әртүрлі түсінік беруге болатынын байқайды. Сурет оқиғаның қай жерде, қашан және не себепті болғанын өздігінен дәлелдемейді. Бұл тапсырма визуалды ақпаратты контекстен ажыратпай бағалауға үйретеді.

«Бес секундтық тақырып» жаттығуы

Педагог топтарға бейтарап жаңалық мәтінін береді. Бірінші кезеңде топтар оны мүмкіндігінше эмоциялық әрі назар аударатын тақырыпқа айналдырады. Екінші кезеңде сол тақырыптағы манипуляцияны алып тастап, бейтарап әрі дәл нұсқасын жазады.

Мысалы, «Мектепте сабақ кестесіне уақытша өзгеріс енгізілді» деген ақпаратты «Оқушыларды күтпеген өзгеріс күтіп тұр!» деп өзгертуге болады. Кейін білім алушылар мұндай тақырыптың нақты ақпаратты бермей, қызығушылық пен аландаушылық туғызатынын түсіндіреді.

Қауіпсіз әрекет ету алгоритмі

Күмәнді немесе ықтимал заңға қайшы материал кездескенде оны лайк басып қолдамау, пікір арқылы одан әрі таратпау, жүктеп алмау және басқа чаттарға жібермеу қажет. Білім алушы материалдағы сілтемені немесе аккаунтты есте сақтап, сенімді ересек адамға хабарлайды. Қауіпсіз болса, платформаның «шағымдану» қызметін қолдануға болады.

Материалда нақты адамға қауіп төндіру, зорлық-зомбылық жасауға шақыру немесе шұғыл қауіп белгісі байқалса, пікірталасқа араласпай, ата-анаға, педагогке, мектеп әкімшілігіне немесе тиісті органға дереу хабарлау қажет. Білім алушы күмәнді аккаунтпен жеке хат алмасуға, авторды өз бетімен анықтауға немесе материалды «дәлел үшін» достарына таратуға тиіс емес.

Бағалау

Білім алушылардың оқу нәтижесі жалған жаңалықты сыртқы көрінісіне қарап табуымен ғана бағаланбайды. Бағалау кезінде олардың тексеруге болатын тұжырымды анықтауы, бастапқы дереккөзді іздеуі, бірнеше сенімді деректі салыстыруы, манипуляция тәсілдерін нақты сөздер арқылы дәлелдеуі және ақпаратты тарату туралы негізді шешім қабылдауы ескеріледі.

Білім алушы оқу мақсатына жетті деп есептеледі, егер ол кемінде үш манипуляция тәсілін мәтіннен анықтаса, ақпаратты «ТОҚТА» алгоритмі бойынша тексерсе, ресми және бейресми дереккөзді ажыратса, репосттың



ақпаратты жаңа аудиторияға тарататынын түсіндірсе және күмәнді материал кездескендегі қауіпсіз әрекетті ұсынса.

Бағалау парағы мына өлшемдерге негізделеді:

Бағалау өлшемі	Оқу нәтижесінің көрінісі
Манипуляцияны анықтау	Эмоциялық, қорқыту немесе жалпылау тәсілін мәтіннен нақты көрсетеді
Дереккөзді тексеру	Бастапқы авторды, уақытты және жарияланған орынды анықтайды
Дәлелдерді салыстыру	Кемінде екі тәуелсіз әрі сенімді дереккөзді пайдаланады
Қорытынды жасау	Ақпараттың расталғанын, күмәнді екенін немесе жалған екенін дәлелдейді
Қауіпсіз шешім	Материалды тарату, таратпау немесе хабарлау жөнінде негізді шешім ұсынады

Рефлексия

Сабақ соңында білім алушылар телефон экраны түріндегі шағын карточканы толтырады:

«Мені ақпаратты бірден таратуға итермелейтін белгі...»

«Ақпаратты тексерудегі алғашқы әрекетім...»

«Мен сенімді деп санайтын дереккөздің белгісі...»

«Репост жасамас бұрын өзіме қоятын сұрағым...»

Қорытынды ой ретінде педагог мына тұжырымды ұсына алады: «Жауапты пайдаланушы ақпаратты бірінші болып таратқан адам емес, оны тексеріп, зиян келтірмейтін шешім қабылдай алған адам».

Сабақта нақты экстремистік материалдарды көрсету ұсынылмайды. Педагог оқу мақсатына бейімделген, ойдан құрастырылған және психологиялық тұрғыдан қауіпсіз мысалдарды қолданады. Материалдарда нақты ұйымдардың нышандары, зорлық-зомбылық көріністері, кемсітетін атаулар немесе заңсыз әрекетті орындау жөніндегі нұсқаулар болмауы тиіс. Негізгі назар экстремистік мазмұнды егжей-тегжейлі зерттеуге емес, оның қауіп белгілерін тануға, таратпауға және қауіпсіз көмекке жүгінуге аударылады.

3-бөлім. Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқық бұзушылықтар

Сабақ тақырыбы: Практикум: «Жағымды мінез-құлық және құқық бұзушылық: қалай ажыратуға болады?»

Оқу мақсаты: кейстер негізінде өмірлік жағдаяттарды талдау, қауіпсіз әрі құқыққа сай мінез-құлық пен құқық бұзушылықтың арасындағы шекараны анықтау.

Сабақтың практикалық мақсаты білім алушылардың күнделікті жағдайда жасалған әрекетке асығыс баға бермей, оның мән-жайларын анықтау, ықтимал құқықтық салдарын бағалау және қауіпсіз мінез-құлық үлгісін ұсыну дағдысын



қалыптастыру болып табылады. Сабақ соңында білім алушы әрекетті «құқыққа сай», «қауіпті», «құқық бұзушылық белгілері бар» немесе «қосымша ақпарат қажет» санаттарының біріне жатқызып, шешімін нақты деректермен негіздейді.

Практикумды «Құқықтық шекара» ойыны түрінде ұйымдастыру ұсынылады. Сынып кеңістігінде төрт аймақ белгіленеді: «Құқыққа сай әрекет», «Қауіпті әрекет», «Құқық бұзушылық белгілері бар» және «Қосымша ақпарат қажет». Педагог жағдаятты оқығаннан кейін білім алушылар тиісті аймаққа орналасады. Әр білім алушы өз таңдауын бір дәлелмен түсіндіреді. Кейін педагог жағдаятқа жаңа дерек қосып, білім алушыларға шешімін қайта қарауға мүмкіндік береді.

Бұл тәсіл білім алушыларға бір әрекеттің құқықтық бағасы оқиғаның уақытына, орнына, қатысушылардың жасына, адамның ниетіне, басқа тұлғаның келісіміне және келтірілген салдарға байланысты өзгеруі мүмкін екенін түсінуге көмектеседі. Сабақта тек дұрыс жауапты табу емес, шешімді қайта қарау қабілеті де маңызды оқу нәтижесі ретінде қабылданады.

Сабақтың бастапқы кезеңі

Педагог тақтаға мына тұжырымды жазады: «Жаман әрекеттің бәрі құқық бұзушылық па? Заң бұзылмаған әрекеттің бәрі қауіпсіз бе?»

Білім алушылар сұраққа қысқаша жауап береді. Талқылау барысында әдепсіз, жауапсыз немесе қауіпті әрекеттің барлығы бірдей әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық болмауы мүмкін екені анықталады. Сонымен қатар заңда тікелей тыйым салынбаған кейбір әрекеттер адамның өзіне немесе өзгелерге қауіп туғызуы ықтимал.

Педагог сабақта қолданылатын негізгі ұғымдарды нақтылайды. Құқыққа сай мінез-құлық заң талаптарына, қоғамдық тәртіпке және басқа адамдардың құқықтарына сәйкес келетін әрекет ретінде түсіндіріледі. Қауіпсіз мінез-құлық адамның өз өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін ескеріп шешім қабылдауын білдіреді. Құқық бұзушылық заң талаптарын бұзатын және заңда белгіленген жауаптылыққа әкелуі мүмкін әрекет немесе әрекетсіздік ретінде қарастырылады.

Кейстерді талдау алгоритмі

Әр кейс бойынша білім алушылар алдымен оқиғаға кімдердің қатысқанын анықтайды. Одан кейін нақты қандай әрекет жасалғанын, кімнің құқығына немесе қауіпсіздігіне әсер еткенін белгілейді. Әрекеттің мақсаты, жасалу тәсілі және салдары талданады. Соңында әрекетке құқықтық баға беріліп, қауіпсіз балама ұсынылады.

Талдау мына сұрақтардың негізінде жүргізіледі:

Не болды?

Кім қандай әрекет жасады?

Әрекет басқа адамның келісімімен жасалды ма?

Кімнің құқығы немесе қауіпсіздігіне әсер етті?

Нақты зиян келді ме, әлде зиян келу қаупі туды ма?

Әрекет заң талабын немесе қоғамдық тәртіпті бұза ма?



Бұл жағдайда қандай қосымша ақпарат қажет?

Қауіпсіз әрі құқыққа сай шешім қандай?

1-кейс. «Телефонды уақытша алу»

Үзіліс кезінде Дамир досының үстелде жатқан телефонын алып, оған әзіл жасау үшін басқа сыныпқа апарып қояды. Ол телефонды иемденгісі келмегенін және сабақ аяқталғаннан кейін қайтармақ болғанын айтады. Телефонның иесі затын таппай, қатты алаңдайды.

Білім алушылар әрекеттің әзіл ретінде жасалғанын, бірақ телефон иесінің келісімі болмағанын анықтайды. Педагог «Әзіл жасау ниеті әрекетті қауіпсіз ете ме?», «Затты кейін қайтару жоспары жауапкершілікті толығымен жоя ма?», «Телефон жоғалса немесе бүлінсе не болады?» деген сұрақтар қояды.

Кейсте бөтен затты рұқсатсыз алу, иесіне психологиялық қолайсыздық келтіру және мүліктің жоғалу қаупін туғызу белгілері бар. Нақты құқықтық баға әрекеттің мақсатына, ұзақтығына, келтірілген зиянға және өзге мән-жайларға байланысты болады. Сондықтан білім алушылар «бұл тек әзіл» деген түсініктің әрекетті автоматты түрде дұрыс етпейтінін түсінеді.

Қауіпсіз шешім ретінде өзгенің затын рұқсатсыз алмау, әзілдің басқа адамға қалай әсер ететінін алдын ала бағалау және телефон табылмаған жағдайда педагогке дереу хабарлау ұсынылады.

2-кейс. «Сыныптасын видеоға түсіру»

Оқушы сыныптасының тақта алдында жауап беру кезінде қателескенін телефонға түсіреді. Кейін видеоны сынып чатына «Күннің күлкілі сәті» деген жазумен жібереді. Видеоға түсірілген оқушы оны жариялауға келісім бермеген.

Бұл кейсте білім алушылар видеоға түсіру мен оны жариялаудың екі бөлек әрекет екенін анықтайды. Педагог «Қоғамдық жерде болған оқиғаны түсіруге әрқашан бола ма?», «Видеодағы адамның келісімі қажет пе?», «Материал әзіл ретінде жарияланса, оның салдары өзгереме?» деген сұрақтар береді.

Білім алушылар әрекеттің адамның қадір-қасиетіне, жеке өміріне және психологиялық қауіпсіздігіне әсерін бағалайды. Videоның таралуы келемежге, кибербуллингке немесе жанжалға себеп болуы мүмкін.

Қауіпсіз мінез-құлық ретінде адамды түсірмес бұрын және материалды жарияламас бұрын оның келісімін алу, рұқсат берілмесе видеоны өшіру және қорлайтын материалды қайта таратпау ұсынылады.

3-кейс. «Жолдан өткізу»

Жоғары сынып оқушысы мектеп маңындағы жаяу жүргіншілер өткелінде бастауыш сынып оқушысына жолдан өтуге көмектеседі. Бағдаршамның қызыл түсі жанып тұрса да, жолда көлік көрінбегендіктен, ол баланы қолынан ұстап жолға шығады.

Білім алушылар әрекеттің мақсаты жағымды болғанымен, таңдалған тәсілдің қауіпті екенін анықтайды. Педагог «Жақсы ниет кез келген әрекетті дұрыс ете ме?», «Көлік көрінбеуі жолдан өтуге жеткілікті негіз бе?», «Бастауыш сынып оқушысы үлкен баланың әрекетін қайталауы мүмкін бе?» деген сұрақтар қояды.



Кейстің негізгі идеясы жағымды мақсаттың қауіпті немесе құқыққа қайшы тәсілді ақтамайтынын түсіндіру болып табылады. Қауіпсіз шешім ретінде бағдаршамның рұқсат беретін белгісін күту, жолды белгіленген жерден өту және кіші жастағы балаға дұрыс үлгі көрсету ұсынылады.

4-кейс. «Түнгі уақытта досын шығарып салу»

Он бес жастағы жасөспірім сағат 23.20-да қонақтан қайтқан досын үйіне дейін шығарып салуға шешім қабылдайды. Екеуі де заңды өкілінсіз көшеде жүреді. Олар өз әрекетін қауіпсіздік үшін жасалғанын айтады.

Білім алушылар екі түрлі мәселені салыстырады: досына қамқорлық жасау ниеті және түнгі уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүру. Педагог «Қауіпсіздік үшін жасалған әрекет басқа қауіп туғызуы мүмкін бе?», «Бұл мәселені басқаша қалай шешуге болар еді?», «Ата-ананың телефон арқылы берген рұқсаты заңды өкілдің бірге жүруін алмастыра ма?» деген сұрақтар ұсынады.

Қауіпсіз шешім ретінде ата-анамен алдын ала келісу, заңды өкілдің алып кетуін ұйымдастыру, такси немесе басқа қауіпсіз көлік тәсілін ересек адамның бақылауымен пайдалану ұсынылады.

5-кейс. «Қатты музыканы бәсеңдету»

Ауладағы жасөспірімдер кешкі уақытта музыка қойып отырады. Тұрғындардың бірі терезеден музыканы бәсеңдетуді сұрайды. Балалардың біреуі кешірім сұрап, музыканың дауысын азайтады. Басқалары оны «қорқақсың» деп келемеждейді.

Бұл жағдайда білім алушылар ескертуге жауап беру, өзгенің тыныштығын құрметтеу және жанжалдың алдын алу әрекеттерін жағымды әрі құқыққа сай мінез-құлық ретінде бағалайды.

Педагог «Кешірім сұрау әлсіздік белгісі ме?», «Құқыққа сай әрекет ету үшін міндетті түрде полицияның ескертуін күту қажет пе?», «Топтың қысымы адамның шешіміне қалай әсер етуі мүмкін?» деген сұрақтар қояды.

Кейс білім алушыларға құқыққа сай әрекет кейде топтың пікіріне қарсы тұруды, қатені мойындауды және өз әрекетін өзгертуді талап ететінін түсіндіреді.

6-кейс. «Табылған банк картасы»

Оқушы мектеп дәлізінен банк картасын тауып алады. Ол картаның иесін іздеу үшін суретін сынып чатына салып, картадағы адамның аты-жөнін және нөмірінің бір бөлігін көрсетеді.

Білім алушылар оқушының картаны иесіне қайтарғысы келгенін, бірақ дербес деректерді жариялау қаупін ескермегенін анықтайды. Педагог «Жақсы мақсат ақпаратты жариялауға жеткілікті негіз бе?», «Картаның суретін тарату қандай қауіп тудыруы мүмкін?», «Затты иесіне қауіпсіз түрде қалай қайтаруға болады?» деген сұрақтар береді.

Қауіпсіз әрекет ретінде картаны педагогке, мектеп әкімшілігіне немесе күзет қызметкеріне тапсыру ұсынылады. Картадағы деректерді суретке түсіріп, әлеуметтік желіге немесе чатқа жариялауға болмайды.

7-кейс. «Құпияны сақтау»



Оқушы досының мектеп аумағында басқа балалардан ақша талап етіп жүргенін біледі. Досы бұл туралы ешкімге айтпауын сұрайды және «дос болсаң, құпияны сақтайсың» дейді.

Білім алушылар достыққа адалдық пен басқа адамның қауіпсіздігі арасындағы қайшылықты талдайды. Педагог «Кез келген құпияны сақтау міндетті ме?», «Басқа адамға зиян келіп жатса, үндемеу дұрыс па?», «Хабарлау мен шағымданудың арасында айырмашылық бар ма?» деген сұрақтар қояды.

Қорқыту, бопсалау немесе күш қолдану қауіп бар кезде үнсіз қалу қауіпсіз мінез-құлық болып саналмайды. Білім алушы өз бетінше жанжалға араласпай, педагогке, ата-анаға, мектеп әкімшілігіне немесе басқа сенімді ересек адамға хабарлауы қажет.

8-кейс. «Тегін самокат»

Жасөспірім көшеде құлыпталмаған электр самокатты көреді. Ол самокат ешкімге қажет емес деп ойлап, үйіне дейін мініп бармақ болады. Досы мұның бөтен мүлік екенін айтып, тоқтатуға тырысады.

Білім алушылар заттың қараусыз тұруы оның иесіз екенін білдірмейтінін анықтайды. Педагог «Құлыптың болмауы пайдалануға рұқсат береді ме?», «Самокатты кейін қайтару әрекетті заңды ете ме?», «Бұл жағдайда досының әрекеті қандай?» деген сұрақтар береді.

Қауіпсіз әрі құқыққа сай шешім ретінде самокатты қозғамау, қажет болған жағдайда оның орналасқан жері туралы жауапты қызметке немесе ересек адамға хабарлау ұсынылады.

«Шекараны тап» тапсырмасы

Педагог бір жағдаятты екі немесе үш нұсқада ұсынады. Білім алушылар қай деректің әрекеттің құқықтық бағасын өзгерткенін табады.

Бірінші нұсқада оқушы досының қаламын сұрап алып пайдаланады. Екінші нұсқада қаламды рұқсатсыз алады. Үшінші нұсқада қаламды иесі қайтаруды сұрағаннан кейін де бермейді.

Бірінші нұсқада жасөспірім сыныптасының суретін оның келісімімен түсіреді. Екінші нұсқада суретті келісімсіз түсіреді. Үшінші нұсқада оны әлеуметтік желіге қорлайтын жазумен жариялайды.

Бірінші нұсқада оқушы ауладағы қоқысты жинауға көмектеседі. Екінші нұсқада жиналған қоқысты көрші ауланың аумағына төгеді.

Тапсырма білім алушыларға келісімнің, ниеттің, әрекет тәсілінің және салдардың құқықтық шекараны анықтаудағы рөлін көруге мүмкіндік береді.

«Құқықтық бағдаршам» ойыны

Білім алушыларға үш түсті карточка беріледі. Жасыл түс құқыққа сай әрі қауіпсіз әрекетті, сары түс күмәнді немесе қауіпті әрекетті, қызыл түс құқық бұзушылық белгілері бар әрекетті білдіреді.

Педагог қысқа жағдаяттарды оқиды. Білім алушылар тиісті түсті көрсетіп, шешімін түсіндіреді. Егер ақпарат жеткіліксіз болса, екі түсті қатар көрсетуге немесе «қосымша дерек қажет» деп жауап беруге болады.



Жағдаяттарға мынадай мысалдар ұсынылады: иесін табу үшін жоғалған затты мұғалімге тапсыру; адамның келісімінсіз оның суретін жариялау; кешірім сұрап, келтірілген зиянды өтеу; әзіл үшін жалған өрт дабылын беру; досын қауіпті әрекеттен тоқтату; табылған құжаттың суретін чатқа жіберу; түнгі уақытта ата-ананың еріп жүруімен үйге қайту.

«Құқықтық конструктор» топтық жұмысы

Әр топқа бес карточка беріледі: «әрекет», «мақсат», «тәсіл», «салдар» және «қауіпсіз шешім». Топтар карточкаларды біріктіріп, өмірлік жағдаят құрастырады.

Мысалы, «досына көмектесу» мақсаты, «оның аккаунтына рұқсатсыз кіру» тәсілі және «жеке хаттардың жария болуы» салдары біріктірілуі мүмкін. Білім алушылар жақсы мақсаттың дұрыс емес тәсілді ақтамайтынын түсіндіреді және қауіпсіз шешім ұсынады.

Одан кейін топтар өз кейсін басқа топқа береді. Екінші топ әрекеттің құқықтық шекарасын анықтап, қандай қосымша ақпарат қажет екенін көрсетеді.

«Бір қадам алға» рөлдік жаттығуы

Білім алушыларға қысқа рөлдер беріледі: әрекетті жасаған адам, әрекеттен зардап шеккен адам, куәгер және қауіпсіздік жөніндегі кеңесші.

Әр қатысушы жағдаятты өз рөлі тұрғысынан түсіндіреді. Мысалы, видео жариялаған оқушы оны әзіл деп қабылдауы мүмкін, ал видеодағы адам өзін қорланғандай сезінуі ықтимал. Куәгер әрекеттің қалай басталғанын айтады, ал кеңесші қауіпсіз әрі құқыққа сай шешім ұсынады.

Жаттығу білім алушыларға бір жағдайды бірнеше көзқарас тұрғысынан қарауға, адамның ниеті мен әрекеттің нақты салдары әрдайым сәйкес келмейтінін түсінуге көмектеседі.

Практикумның қорытынды өнімі

Әр топ «Құқықтық шекараны анықтаудың бес сұрағы» атты шағын жадынама әзірлейді. Жадынама мына мазмұнда құрылуы мүмкін:

Бұл әрекетке барлық қатысушы келісім берді ме?

Әрекет басқа адамның құқығына, мүлкіне немесе қадір-қасиетіне әсер ете ме?

Әрекет біреуге нақты зиян немесе қауіп тудыра ма?

Осы әрекет ашық жасалса, оны түсіндіре аламын ба?

Осы мақсатқа жетудің қауіпсіз әрі заңды жолы бар ма?

Бағалау

Бағалау білім алушының кейсті белгілі бір санатқа дұрыс орналастыруымен ғана шектелмейді. Оның жағдаяттағы маңызды деректерді анықтауы, адамның ниеті мен әрекеттің салдарын ажыратуы, келісімнің бар-жоғын ескеруі, өз шешімін дәлелдеуі және қауіпсіз балама ұсынуы бағаланады.

Білім алушы оқу мақсатына жетті деп есептеледі, егер ол кейстегі әрекеттің мақсатын, тәсілін және салдарын анықтаса; құқыққа сай мінез-құлық пен құқық бұзушылықтың арасындағы кемінде бір ажыратушы белгіні көрсетсе; мәлімет



жеткіліксіз жағдайда қосымша сұрақ қойса; қауіпсіз әрі құқыққа сай әрекет ету жолын ұсынса.

Бағалау кезінде мына өлшемдер қолданылады:

Бағалау өлшемі	Оқу нәтижесінің көрінісі
Жағдаятты түсіну	Негізгі әрекет пен қатысушыларды анықтайды
Құқықтық шекараны белгілеу	Құқыққа сай, қауіпті немесе құқық бұзушылық белгілері бар әрекетті ажыратады
Дәлелдеу	Шешімін кейстегі нақты деректермен негіздейді
Салдарды бағалау	Әрекеттің басқа адамдарға ықтимал әсерін көрсетеді
Қауіпсіз шешім ұсыну	Құқыққа сай және орындалатын балама әрекет ұсынады

Рефлексия

Сабақ соңында білім алушылар мына сөйлемдерді аяқтайды:

«Бүгін мен жақсы мақсаттың өзі кейде... екенін түсіндім».

«Әрекетке баға бермес бұрын... анықтау қажет».

«Құқыққа сай әрекеттің маңызды белгісі...»

«Күмәнді жағдайда мен...»

Қорытындыда педагог құқықтық сауаттылықтың тек құқық бұзушылықты танып білумен шектелмейтінін атап көрсетеді. Құқықтық сауатты адам өз әрекетінің басқа адамдарға әсерін алдын ала бағалайды, қауіпті қысымға қарсы тұрады, келісім мен жеке шекараны құрметтейді және мәселені заңға сай жолмен шешуге ұмтылады.

Практикумда нақты сыныптастардың немесе олардың отбасыларының жеке жағдайларын талқылауға жол берілмейді. Кейстер ойдан құрастырылған, жас ерекшелігіне сай және психологиялық тұрғыдан қауіпсіз болуы қажет. Егер білім алушы сабақ барысында нақты қауіп, буллинг, бопсалау немесе күш қолдану туралы хабарласа, педагог оны сынып алдында талқыламай, білім беру ұйымының белгіленген қауіпсіздік тәртібіне сәйкес әрекет етеді.

Бөлім: Тәртіп және жауапкершілік

Тақырыбы: Қалпына келтіретін әділеттілік. Медиация. Мектептегі татуластыру қызметі

Оқу мақсаты: Сот талқылауына қарағанда медиацияның артықшылықтарын талдау;

Сабақ мақсаттары:

- Қалпына келтіретін әділеттілік пен медиация ұғымдарын түсіндіреді;
- Сот талқылауына қарағанда медиацияның артықшылықтарын талдайды;
- Мектептегі татуластыру қызметінің рөліне баға береді;
- Даулы жағдайларды бейбіт жолмен шешу дағдыларын қалыптастырады.



Сабақ түрі: пікірталас

Сабақтың құрылымдық бөлімі

Жаңа тақырып атауын болжау. «Бұл күн – тарих бетінде»

5 тамыз Қазақстанда неге тойланады?

5 тамыз – Қазақстандағы Медиация күні. Бұл күн елімізде 2011 жылы 5 тамызда «Медиация туралы» ҚР Заңының ресми күшіне енуіне орай Қазақстан халқы Ассамблеясы бастамасымен кәсіби және қоғамдық медиаторлардың мерекесі ретінде аталып өтеді.

«Білу маңызды» айдары. «Заң навигаторы»: Мұғалім 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» ҚР Заңының 3-8 баптарымен таныстырады.

Пікірталас. «WSDC» форматы: Мұғалім сыныпты 3 оқушыдан тұратын топтарға бөледі. Пікірталас ережесімен таныстырып, қарарларды ұсынады. 10 минут дайындықтан соң пікірталасты бастайды. Бас төреші ретінде мұғаліммен қатар мектептегі дебат үйірмесінің жетекшісін шақыруға болады.

Ұсынылатын қарар: Бұл палата мектептегі жанжалдарды шешуде тәртіптік шаралардан бұрын медиацияны қолдануды қолдайды.

Мектеп дебаттары бойынша әлем чемпионаты қосымша материалы ұсынылады: https://teammorocco.org/wsdс_1/

Қосымша резолюциялар:

– Бұл палата мектептегі жанжалдарды шешуде медиацияны негізгі құрал ретінде қолдайды;

– Бұл палата жазалаудан гөрі қалпына келтіретін әділеттілікті тиімді деп санайды.

Оқушыларды пікірталасқа сөйлеу реті бойынша қатыстырып, дәйекті дәлелдемелерін қорғауға жағдай жасалынады. Курс сағатының ұзақтығына және қалған уақытқа қарай әрбір спикерге берілетін уақыт ұзақтығын 1-2 минутқа дейін қысқартуға болады.

Үкімет тарабы: Медиация жанжалдың түпкі себебін анықтап, тараптардың өзара келісімге келуіне мүмкіндік береді, сондықтан ол тәртіптік жазалаудан бұрын қолданылуы тиіс. Бұл тәсіл оқушылардың жауапкершілігін арттырып, мектептегі қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық ортаны сақтауға көмектеседі.

Оппозиция тарабы: Кейбір жағдайларда тәртіптік шаралар мектептегі тәртіп пен қауіпсіздікті жедел қамтамасыз етудің ең тиімді жолы болып табылады. Медиация барлық жанжал түрлеріне бірдей сәйкес келмейді, сондықтан мектеп әкімшілігіне тәртіптік шараларды бірінші кезекте қолдану құқығы сақталуы керек.

Төрешілер сараптамасы: төрешінің ашық сараптамасы тыңдалынады, тараптар сұрақтарын қояды, жеңген тарап анықталады.

- Дәлелдердің сапалы болуы;
- Ұсынылған аргументтерге қарсылықтың болуы;
- Регламенттің сақталуы.



Бағалау дескрипторлары:

- Медиацияның негізгі қағидаттарын түсіндіреді;
- Медиация мен сот талқылауын салыстырады;
- Медиацияның артықшылықтарын дәлелдер арқылы негіздейді;
- Пікірталас барысында өз көзқарасын қорғайды.

Рефлексия. Мұғалім оқушылардың сабақтан алған әсерін интерактивті тақтаға шығып тиісті бағанды басу арқылы көрсетуіне мүмкіндік жасайды. Тақтаға шыққан оқушы тұжырымды таңдау себебін ауызша негіздейді.

- Қызық болды, себебі.....
- Құнды болды, себебі.....
- Қиын болды, себебі.....

Үй тапсырмасы: Мектептегі татуластыру қызметіне арналған шынайы құқықтық жағдаят құрастыру

Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар: «Қалпына келтіретін әділеттілік. Медиация. Мектептегі татуластыру қызметі» тақырыбын оқыту барысында WSDC (World Schools Debating Championship) пікірталас форматын қолдану білім алушылардың сот талқылауы мен медиацияның ерекшеліктерін салыстырып, медиацияның артықшылықтарын дәлелді талдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім пікірталасқа дейін білім алушыларды қалпына келтіретін әділеттілік пен медиацияның негізгі қағидаттарымен таныстырып, сот талқылауы мен медиацияның айырмашылықтарын түсіндіреді. Осыдан кейін пікірталас қарары ұсынылады, мысалы: «Дауларды шешуде сот талқылауына қарағанда медиация тиімдірек».

Сынып Үкімет және Оппозиция болып екі командаға бөлінеді. Үкімет тарапы медиацияның артықшылықтарын дәлелдесе, Оппозиция тарапы сот талқылауының тиімді жақтарын немесе медиацияның шектеулерін негіздейді. Сабақ жағдайында WSDC форматы ықшамдалып, әр спикерге 2-3 минут, қорытынды сөзге 1-2 минут уақыт беріледі. Пікірталас барысында білім алушылар тараптардың ерікті келісімге келуі, уақыт пен шығынды үнемдеу, құпиялылықты сақтау, тараптар арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіру сияқты медиацияның артықшылықтарын сот талқылауының ерекшеліктерімен салыстыра отырып талдайды, өз ұстанымдарын құқықтық дәлелдермен негіздейді және қарсы тараптың уәждеріне жауап береді.

Пікірталас соңында білім алушылардың талқылауын қорытындылап, медиацияның қай жағдайда тиімді, ал қандай жағдайларда сот талқылауы қажет болатыны жөнінде қорытынды жасату ұсынылады. Бұл тәсіл білім алушылардың құқықтық жағдайларды жан-жақты талдау, дәлелді пікір айту, құқықтық терминдерді сауатты қолдану және құқықтық дауларды бейбіт жолмен шешудің маңызын түсіну дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Заңнамалық қоржын»: ҚР «Медиация туралы» Заңының баптары
3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттері



1. Осы Заңның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады: дауды (жанжалды) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып шешу үшін жағдайлар жасау; тараптардың жанжалдасу деңгейін төмендету.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады: тараптарға дауды (жанжалды) медиация арқылы реттеу мүмкіндігін қамтамасыз ету; медиация тараптарына дауды (жанжалды) шешудің медиация тараптарын қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізуге жәрдемдесуді қамтамасыз ету.

4-бап. Медиацияны жүргізу қағидаттары. Медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

- 1) еріктілік;
- 2) медиация тараптарының тең құқылығы;
- 3) медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы;
- 4) медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік;
- 5) құпиялық.

5-бап. Еріктілік

1. Тараптардың медиация туралы шартта көрсетілген өзара ерікті ниет білдіруі медиация рәсіміне қатысудың шарты болып табылады.

2. Медиация тараптары оның кез келген сатысында медиациядан бас тартуға құқылы.

3. Медиация барысында тараптар өз қалауы бойынша өздерінің материалдық немесе процессуалдық құқықтарын иеленуге, талаптар мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға немесе даудан (дау-шардан) бас тартуға құқылы.

4. Тараптар мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтын, заңда көзделген де, заңда көзделмеген де өзара қолайлы келісім нұсқаларын талқылау үшін мәселелерді таңдауда тараптар еркін болады.

6-бап. Медиация тараптарының тең құқылығы. Медиация тараптары медиаторды, медиация рәсімін, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын таңдау кезінде, ақпарат алу кезінде, дау-шарды реттеу туралы келісім шарттарының қолайлылығын бағалауда тең құқықтарды пайдаланады және өздеріне тең міндеттер жүктейді.

7-бап. Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы. Медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік

1. Медиацияны жүргізу кезінде медиатор тараптардан, әкімшілік органдардан, өзге де заңды, лауазымды және жеке тұлғалардан тәуелсіз болады. Медиатор осы Заңда жол берушілік айқындалатын медиация құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады.

2. Медиатор бейтарап болуға, медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Медиатордың бейтараптылығына кедергі келтіретін жағдайлар болған кезде ол медиацияны жүргізуден бас тартуға тиіс.

3. Медиацияны жүргізу кезінде медиатордың қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, осы баптың 1-тармағында аталған адамдар тарапынан араласуына жол берілмейді.



8-бап. Құпиялық

1. Медиацияға қатысушылардың өздеріне медиация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жария етуге құқылы емес.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, медиатордан медиация барысында белгілі болған мәліметтер туралы куәгер ретінде жауап алуға болмайды.

3. Медиацияға қатысушының өзіне медиация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиация тарапының рұқсатынсыз жария етуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401/history>

Бөлім: Тәртіп және жауапкершілік

Тақырыбы: Рөлдік ойын: «Мектеп медиация кеңесі» (сыныптастар арасындағы жанжалды шешу)

Оқу мақсаты: Медиация дағдыларын қолдану (тыңдау, шешім ұсыну, татуластыру)

Сабақтың мақсаты:

– мектеп жағдайында орын алған мәселелердің себептері мен салдарын анықтайды;

– медиация қағидаттарын басшылыққа ала отырып шешімдер ұсынады;


– тараптарды татуластырудың тиімді жолдарын көрсетеді.

Сабақ түрі: кейс талдау, рөлдік ойын

Сабақтың құрылымдық бөлімі

Ой қозғау. «Жүйелі қызмет» Мұғалім тақтаға сөздер бедерленген түрлі-түсті қағаз қиындыларын қиюластырып жапсырады. Оқушылардың назарын аударып, оқу мақсатына сәйкес жұмысты ұйымдастыру үшін сұрақ қояды.

Оқушыларға қойылатын сауал: төменде берілген тізбек кімнің функцияларына сәйкес келеді?



Оқушылар алдыңғы тақырыптан алған білімін қолданып, «медиатор» екенін анықтайды.

Топтық жұмыс. «Кейс-стади»: Үй тапсырмасына берілген мектептегі татуластыру қызметі туралы құрастырылған құқықтық жағдаяттарымен алмасады. Топтар берілген жағдаятпен танысады және бағалау дескрипторлары бойынша талдайды. Содан кейін кеңейтілген талқылау ұйымдастырылады.

1-жағдаят: «Онлайн қарым-қатынастағы түсініспеушілік»

2-жағдаят: «Сыныптағы буллинг»

3-жағдаят: «Мектеп мүлкін бүлдіру»

Бағалау дескрипторлары:

- жанжалдың себептері мен салдарын анықтайды;



- медиация қағидаттарын қолданады;
- татуластыруға бағытталған шешім ұсынады.

Рөлдік ойын. «Медиация кеңесінің отырысы» Мұғалім талдаған кейсіне байланысты әрбір топ мүшелерінің рөлдерді бөлуіне көмектеседі. Оқушыларға отырыста көрініс табуы керек медиация талаптарын ескертеді:

1. Медиатор екі тарапты тыңдайды;
2. Орын алған мәселеге баға берілмейді;
3. Тараптар өз шешімдерін ұсынады;
4. Ортақ келісім жасалады.

Кеңес мүшелері: Медиатор, Жәбірленуші тарап, Кінәлі тарап, Куәгерлер, Бақылаушылар

Қорытынды: Мұғалім тақырыпты қорытындылау үшін төмендегі сұрақтарды қояды: Бүгін медиация дағдыларын меңгеру ауыр болды ма? Әлде жеңіл болды ма?



<https://gemini.google.com>

Үй тапсырмасы. «РАФТ» стратегиясын қолдану арқылы медиатордың рөлін сомдап, кеңес беру.

Р – рөл (медиатор)

А – аудитория (сыныптастар, мектеп оқушылары)

Ф – форма (кеңес)

Т – тақырып (мазмұны)

Тақырып бойынша құқықтық жағдаяттар

Құқықтық жағдаяттарды құрастыру үлгілері:

1- жағдаят: «Онлайн қарым-қатынастағы түсініспеушілік»

9 «А» сыныбында оқитын Аян мен Нүрдәулет бұрын жақсы дос болатын. Бір күні дене шынықтыру сабағында Аян жаттығуды дұрыс орындай алмай



қалып, сыныптастары күліп жібереді. Кешке сыныптың ортақ WhatsApp чатында Нұрдәулет Аянның суретін өңдеп, оған күлкілі жазу қосып жібереді.

Бірнеше оқушы эмодзи қойып, пікір жаза бастайды. Аян өзін қорланғандай сезініп, чаттан шығып кетеді. Келесі күні ол мектепке көңілсіз келіп, Нұрдәулетпен сөйлеспейді. Сынып екі топқа бөлініп, оқушылар арасында түсініспеушілік туындайды.

Медиация шешімі:

- екі тараптың пікірін тыңдау;
- кемсіту фактісін мойындау;
- Кешірім сұрау;
- Жазбаны өшіру;
- Болашақта әлеуметтік желіде бір-бірін құрметтеу туралы келісім жасау.

Заңдық негіздеме:

1. ҚР Конституциясының 20-бабына сәйкес, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес, әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.

3. ҚР «Медиация туралы» Заңының 3-бабына сәйкес, дауды (жанжалды) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып шешу үшін жағдайлар жасалады.

2-жағдаят: «Сыныптағы буллинг»

9-сыныпқа жаңа оқушы – Әлихан ауысып келеді. Ол ауылдан келгендіктен, сөйлеу мәнері мен киіну стилі өзгешелеу болады. Бірнеше оқушы оны «ауылдық» деп атап, үзілісте бірге ойнауға шақырмайды. Кейде оның сөмкесін тығып қойып, үстінен күледі.

Уақыт өте келе Әлихан сабақта аз сөйлейтін болады, сыныптастарымен араласпайды. Сынып жетекшісі оның көңіл-күйінің өзгергенін байқап, мәселенің мән-жайын анықтайды.

Медиация шешімі:

- тараптарды кездестіру;
- буллинктің салдарын түсіндіру;
- өзара құрмет қағидаларын қабылдау;
- сыныптық келісім жасау;
- жәбірленушіні сынып өміріне қайта тарту.

Заңдық негіздеме:

1. ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 3-тармақшасына сәйкес, өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

2. Баланың құқықтары туралы Заң 10-бабының 2-тармақшасына сәйкес, мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны физикалық және (немесе) психикалық күш көрсетуден, адамның қадір-қасиетіне қатыгездікпен, дөрекілікпен қараудан немесе оны қорлаудан, баланы жәбірлеуден (буллингтен), жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден,



баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

3- жағдаят: «Мектеп мүлкін бүлдіру»

Бақдәулет математика сабағында бақылау жұмысынан төмен баға алып қалады. Үзілісте ашуын баса алмай, сыныптағы партаны қатты теуіп жібереді. Нәтижесінде партаның аяғы сынып, үстіңгі тақтайы жарылып кетеді.

Келесі күні мектеп шаруашылық меңгерушісі бүлінген партаны көріп, оның жөндеуге жарамай қалғанын айтады. Сыныптастар арасында «кім сындырды?» деген әңгіме басталып, жағдай шиеленіседі.

Бақдәулет өз әрекетіне өкінгенімен, болған жағдайды жасыруға тырысады. Кейін бейнебақылау камерасы арқылы оның партаны сындырғаны анықталады.

Медиацция шешімі:

- кінәні мойындау;
- келтірілген зиянды өтеу жолдарын талқылау;
- мектеп мүлкін құрметтеу туралы әңгіме жүргізу;
- қалпына келтіру шараларын келісу;
- болашақта мұндай әрекетті қайталамау туралы келісім жасау.

Заңдық негіздеме:

1. ҚР Азаматтық кодексінің 917-бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүлiктік немесе мүлiктік емес игiліктерi мен құқықтарына заңсыз iс-әрекеттермен (әрекетсiздiкпен) келтiрiлген (мүлiктік және (немесе) мүлiктік емес) зиянды, оны келтiрген тұлға толық көлемiнде өтеуге тиiс.

2. ҚР Азаматтық кодексінің 926-бабына сәйкес, Он төрт жастан он сегіз жасқа дейiнгi кәмелетке толмағандар өздерi келтiрген зиян үшiн жалпы негiздер бойынша дербес жауап бередi. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейiнгi кәмелетке толмағандардың зиянды өтеу үшiн жеткiлiктi мүлкi немесе өзге кiрiс көздерi болмаған жағдайда, егер олар зиянның өз кiнәсiнен болмағанын дәлелдемесе, зиянды толық немесе оның жетпей тұрған бөлiгiн заңды өкiлдерi өтеуге тиiс.

3. ҚР «Бiлiм туралы» Заңының 47-бабына сәйкес, бiлiм алушылар мен тәрбиеленушiлер iшкi тәртiп ережелерiн сақтауға, бiлiм беру ұйымының жарғысында және бiлiм беру қызметтерiн көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға мiндеттi.

Рөлдік ойын сценарийінің үлгісі: «Онлайн қарым-қатынастағы түсініспеушілік» жағдаяты.

Қатысушылар: медиатор, Айдана (түсініспеушілік жағдайына қатысушы), Данияр (түсініспеушілік жағдайына қатысушы), бақылаушылар

1-сахна. Медиатордың кiрiспе сөзi:

Медиатор: Қайырлы күн! Бүгiн бiз мектеп медиацция кеңесiнiң отырысын өткiземiз. Бiздiң мақсатымыз – кiнәлiнi анықтау емес, мәселенi бейбiт жолмен шешу және ортақ келiсiмге келу. Әркiмнiң пiкiрiн құрметтеймiз, сөз бөлмеймiз және шындықты айтамыз. Келiсесiздер ме?



Айдана: Иә, келісемін.

Данияр: Иә, келісемін.

2-сахна. Мәселені анықтау

Медиатор: Айдана, жағдайды өз көзқарасың бойынша түсіндіріп берші.

Айдана: Өткен аптада Данияр менің суретіме қатысты сыныптың чатына күлкілі пікір жазды. Басқа оқушылар да күле бастады. Мен қатты ренжідім.

Медиатор: Рақмет. Данияр, сен не айтасың?

Данияр: Мен оны әзіл деп ойладым. Айдананы ренжіткім келген жоқ. Кейін бәрі сонша ауыр қабылдайды деп ойламадым.

3-сахна. Белсенді тыңдау

Медиатор: Айдана, бұл жағдай саған қалай әсер етті?

Айдана: Мен өзімді ыңғайсыз сезіндім. Сыныптастарымның алдында ұялдым.

Медиатор: Данияр, Айдананың сезімін түсіндің бе?

Данияр: Иә, қазір түсініп отырмын. Менің жазғаным оны ренжіткен екен.

4-сахна. Шешім іздеу

Медиатор: Бұл мәселені қалай шешуге болады деп ойлайсыңдар?

Айдана: Мен оның мені мазақтамағанын қалаймын.

Данияр: Мен чаттағы жазбаны өшіруге дайынмын және кешірім сұраймын.

Медиатор: Тағы қандай ұсыныстар бар?

Айдана: Болашақта бір-біріміз туралы рұқсатсыз жазба жарияламауға келісейік.

Данияр: Келісемін.

5-сахна. Келісімге келу

Медиатор: Сонымен, біз мынадай келісімге келдік: Данияр жазбаны өшіреді.

Айданадан кешірім сұрайды. Екі тарап әлеуметтік желіде бір-бірін құрметтейді. Осындай жағдай қайталанбайды. Келісесіздер ме?

Айдана: Иә.

Данияр: Иә.

6-сахна. Бақылаушылардың пікірі

1-бақылаушы: Менің ойымша, медиатор екі тарапты мұқият тыңдап, әділ шешім табуға көмектесті.

2-бақылаушы: Тараптар бір-бірінің сезімін түсініп, жанжалды бейбіт жолмен шешті.

7-сахна. Қорытынды

Медиатор: Бүгін біз жанжалды күшпен емес, сөйлесу, келісімге келу арқылы шешуге болатынын көрдік. Медиацияның мақсаты – адамдарды татуластыру және өзара түсіністікке жеткізу.

Мұғалімге әдістемелік ұсынымдар: «Рөлдік ойын: Мектеп медиация кеңесі (сыныптастар арасындағы келіспеушілікті шешу)» сабағында мұғалімге оқу үдерісін білім алушылардың медиация дағдыларын тәжірибе жүзінде қолдануына бағыттау ұсынылады. Сабақ басында мұғалім



медиацияның негізгі қағидаттарын (еріктілік, бейтараптық, құпиялылық, өзара құрмет, тараптардың теңдігі) еске түсіріп, мектеп медиация кеңесінің қызметі мен медиатордың рөлін түсіндіреді. Оқушыларға мектеп өмірінде кездесуі мүмкін нақты жағдаят ұсынылып, ондағы мәселенің себептері мен салдарын анықтау тапсырылады.

Одан кейін білім алушылар рөлдерге бөлінеді (медиатор, жанжалға қатысушы тараптар, куәгерлер немесе сынып жетекшісі) және медиация рәсімін кезең-кезеңімен жүргізеді. Медиатордың міндеті – тараптарды мұқият тыңдау, бейтарап ұстаным сақтау, ашық сұрақтар қою, өзара түсіністікке ықпал ету және екі тарапты да қанағаттандыратын шешімге келуге бағыттау. Тараптар өз ұстанымдарын дәлелдеп қана қоймай, бір-бірінің пікірін тыңдап, ортақ шешім қабылдауға ұмтылады. Мұғалім бұл үдерісте бақылаушы және үйлестіруші рөлін атқарып, қажет болған жағдайда бағыттаушы сұрақтар қою арқылы оқушылардың талдауын тереңдетеді, бірақ дайын шешім ұсынбайды.

Рөлдік ойын аяқталғаннан кейін мұғалім талқылау ұйымдастырып, оқушылардан жанжалдың негізгі себептерін, қабылданған шешімнің тиімділігін және медиация қағидаттарының сақталуын бағалауды сұрайды. Рефлексия барысында «Қандай тыңдау тәсілдері келісімге келуге көмектесті?», «Қандай ұсыныс екі тараптың мүддесін ескерді?», «Осындай жағдай қайталанбауы үшін қандай алдын алу шараларын ұсынар едің?» сияқты сұрақтарды қолдану ұсынылады.

Бағалау барысында білім алушылардың келіспеушіліктің себептері мен салдарын анықтай алуы, белсенді тыңдау дағдыларын көрсетуі, медиация қағидаттарына сәйкес шешім ұсынуы және тараптарды татуластырудың тиімді жолдарын негіздей алуы ескеріледі. Осындай жұмыс оқушылардың келіспеушілікті құқықтық және адамгершілік тұрғыдан бағалауына, келіссөз жүргізу мәдениетін қалыптастыруына, өзара құрмет пен жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді.

Рөлдік ойын: «Мектеп медиация кеңесі»

Сабақтың мақсаты: білім алушылар сыныптастар арасындағы жанжалды бейбіт жолмен шешу барысында белсенді тыңдау, нақтылаушы сұрақ қою, тараптардың мүддесін анықтау, өзара қолайлы шешім ұсыну және татуластыру дағдыларын қолданады.

Рөлдік ойынның негізгі міндеті білім алушыларға жанжал жағдайында кінәліні анықтаудан бұрын мәселенің себебін түсінудің, әр тарапты тыңдаудың және екі жақ та орындай алатын келісімге келудің маңызын тәжірибе арқылы меңгерту болып табылады. Ойын барысында медиацияның сот талқылауы немесе жазалау рәсімі емес, тараптардың өзара келісімге келуіне көмектесетін бейтарап үдеріс екені түсіндіріледі.

Ойынды өткізуге дейін педагог сыныпта қауіпсіз пікір алмасу қағидаларын белгілейді. Білім алушылар бір-бірінің сөзін бөлмеуге, кемсітетін немесе айыптайтын сөздерді қолданбауға, нақты сыныптастарының жеке жанжалдарын жария етпеуге және рөлдік жағдаятты



шынайы өмірдегі адаммен байланыстырмауға тиіс. Ойын үшін ойдан құрастырылған, білім алушылардың жасына сәйкес және психологиялық тұрғыдан қауіпсіз жағдай таңдалады.

Мысалы, екі білім алушы бірлескен жоба дайындау кезінде келіспей қалады. Бірінші оқушы екінші оқушының өзіне тиесілі жұмысты орындамағанын айтады. Екінші оқушы тапсырмалардың әділ бөлінбегенін және оның пікірі ескерілмегенін алға тартады. Жанжалдың салдарынан олар бір-бірімен сөйлеспей, ортақ жұмысты жалғастырудан бас тартады. Осы жағдай медиация кеңесінде қарастырылады.

Сабақтың бастапқы кезеңінде педагог білім алушыларға медиацияның қысқаша мазмұнын түсіндіреді. Медиатордың міндеті тараптардың қайсысы дұрыс екенін шешу емес, олардың бір-бірін тыңдауына, мәселенің мәнін анықтауына және ортақ шешім табуына көмектесу екені атап көрсетіледі. Педагог тақтаға медиацияның қарапайым алгоритмін жазады: тараптарды тыңдау, мәселені нақтылау, әр тараптың қажеттілігін анықтау, шешім нұсқаларын ұсыну, келісімді бекіту.

Ойынға қатысушылар арасында медиатор, жанжалдың бірінші тарабы, жанжалдың екінші тарабы, бақылаушылар және хатшы рөлдері бөлінеді. Медиатор әңгімені жүргізеді, тараптардың сөзін бөлмей тыңдайды, нақтылаушы сұрақтар қояды және ортақ шешімге келуге көмектеседі. Жанжал тараптары жағдаятта көрсетілген ұстанымды білдіреді, өз сезімі мен қажеттілігін түсіндіреді, қарсы тараптың пікірін тыңдайды. Хатшы ұсынылған шешімдерді және қорытынды келісімді жазып отырады. Бақылаушылар медиатордың тыңдау, сұрақ қою, бейтараптық сақтау және татуластыру әрекеттерін бағалайды.

Педагог рөлдерді кездейсоқ немесе білім алушылардың дайындығына қарай бөле алады. Медиатор рөліне ойынға дейін қысқа нұсқаулық беріледі. Нұсқаулықта әңгімені «Бүгін біз мәселені бір-бірімізді айыптамай талқылауға тырысамыз» деген мазмұнда бастауы, әр тарапқа тең уақыт беруі, жауапты өзі ұсынбай, шешімді тараптардың өздеріне тапқызуы қажеттігі көрсетіледі.

Ойынның алғашқы кезеңінде медиатор тараптарға рәсімнің қағидаларын түсіндіреді. Ол кезекпен сөйлеуді, бір-бірінің сөзін бөлмеуді, қорлайтын сөздерді қолданбауды және шынайы пікір білдіруді ұсынады. Тараптар осы қағидалармен келіскеннен кейін ғана мәселені талқылау басталады.

Келесі кезеңде әр тарап өз көзқарасын баяндайды. Медиатор алдымен бір тарапты, одан кейін екінші тарапты тыңдайды. Бұл жерде медиатор «Не болды?», «Бұл жағдай саған қалай әсер етті?», «Сен үшін ең маңызды мәселе қандай?», «Қарсы тараптан не күтесің?» деген сұрақтарды қолдана алады. Медиатор жауаптарды қысқаша қайталап, дұрыс түсінгенін тексереді. Мысалы: «Мен сені дұрыс түсінсем, сен жұмыстың көп бөлігін жалғыз орындадым деп есептейсің» немесе «Сенің ойыңша, міндеттер бөлінген кезде сенің мүмкіндігің ескерілмеген».



Педагог білім алушыларға белсенді тыңдаудың сыртқы белгілерін алдын ала көрсеткені дұрыс. Тыңдаушы қарсы тарапқа қарап отырады, сөзін бөлмейді, естігенін қысқаша қайталайды, түсініксіз жерін нақтылайды және бірден қарсы дәлел келтіруге асықпайды. Ойын кезінде осы әрекеттердің қолданылуына ерекше назар аударылады.

Мәселе анықталғаннан кейін медиатор тараптардың ұстанымын ғана емес, олардың нақты мүддесі мен қажеттілігін анықтауға көмектеседі. Мысалы, бірінші тарап үшін жұмыстың уақытында аяқталуы және еңбегінің әділ бағалануы маңызды болуы мүмкін. Екінші тарап үшін өз пікірінің ескерілуі және міндеттердің мүмкіндігіне сай бөлінуі маңызды болуы ықтимал. Осы айырмашылықты түсіну жанжалды шешудің бірнеше жолын табуға мүмкіндік береді.

Шешім іздеу кезеңінде медиатор екі тараптан да ұсыныстар сұрайды. Бұл уақытта ұсыныстар бірден сыналмайды. Алдымен барлық ықтимал нұсқалар жинақталады. Мысалы, тапсырмаларды қайта бөлу, жұмысты орындау мерзімін нақтылау, әр қатысушының үлесін белгілеу, аралық нәтижені бірге тексеру немесе бір-бірінен кешірім сұрау ұсынылуы мүмкін. Бұдан кейін тараптар әр нұсқаның орындалу мүмкіндігін бірге талқылайды.

Қабылданатын шешім нақты, әділ және екі тарап та орындай алатындай болуы қажет. «Бұдан кейін тату боламыз» деген жалпы тұжырымның орнына «Әрқайсысы бүгін өзіне тиесілі тапсырманы анықтайды, екі күннен кейін аралық нәтижені бірге тексереді және ортақ таныстырылымға екеуі де қатысады» деген мазмұндағы келісім жасалғаны дұрыс. Келісімде кімнің, нені және қай уақытқа дейін орындайтыны көрсетіледі.

Ойын соңында хатшы келісімді дауыстап оқиды. Медиатор екі тараптан оның мазмұнын түсінгенін және өз еркімен қабылдайтынын сұрайды. Тараптар келіскен жағдайда татуласу рәсімі аяқталады. Қажет болған жағдайда келісімді қысқа жазбаша нұсқада рәсімдеуге болады.

Бақылаушылар ойын барысында медиатордың әрекетін алдын ала берілген өлшемдер бойынша қадағалайды. Олар медиатордың тараптарға тең мүмкіндік бергенін, нақтылаушы сұрақтар қойғанын, айыптаушы сөздерден аулақ болғанын, екі тараптың мүддесін анықтағанын және шешімді өзі таңбағанын бағалайды. Бақылаушылар кері байланыс берген кезде алдымен сәтті орындалған әрекетті, одан кейін жетілдіруге болатын бір тұсты атайды.

Педагог ойынға тікелей араласпай, үдерісті сырттан бақылайды. Тараптар бір-бірін тыңдамай кеткенде, медиатор бейтараптығын жоғалтқанда немесе талқылау жеке тұлғаны айыптауға ауысқанда ғана тоқтатып, қысқа бағыт береді. Мысалы, «Қазір біз адамның мінезін емес, нақты әрекетті талқылауымыз керек» немесе «Шешімді медиатор емес, тараптардың өзі ұсынуы қажет» деген ескерту жасауға болады.

Рөлдік ойын аяқталғаннан кейін міндетті түрде талқылау жүргізіледі. Алдымен рөл орындаған білім алушылар өз сезімі мен әрекетін сипаттайды. Медиаторға қай кезең қиын болғаны, тараптарға қарсы жақты тыңдау



қаншалықты оңай немесе қиын болғаны сұралады. Одан кейін бақылаушылар нақты әрекеттерге сүйене отырып пікір білдіреді.

Рефлексия барысында «Жанжалды шешуге қай әрекет көбірек көмектесті?», «Қай сұрақ тараптардың бір-бірін түсінуіне мүмкіндік берді?», «Медиатор қандай жағдайда бейтараптығын жоғалтуы мүмкін?», «Ұсынылған келісім екі тарап үшін де әділ болды ма?», «Осындай тәсілді мектеп өміріндегі қандай жағдайларда қолдануға болады?» деген сұрақтарды пайдалануға болады.

Білім алушылардың оқу нәтижесін бағалау ойынның көркем орындалуына емес, медиация дағдыларын қолдануына негізделеді. Бағалау кезінде қарсы тарапты сөзін бөлмей тыңдау, мәселені нақтылайтын сұрақ қою, өз ойын айыптаусыз жеткізу, тараптардың мүддесін анықтау, бірнеше шешім ұсыну, ортақ келісімге келу және шешімнің ықтимал салдарын түсіндіру ескеріледі.

Ойыннан кейін білім алушыларға қысқа практикалық тапсырма беруге болады. Олар «Жанжал туындаған кезде менің әрекет ету алгоритмім» тақырыбында бес қадамнан тұратын жадынама жасайды. Жадынамада сабыр сақтау, екінші тарапты тыңдау, мәселені нақтылау, бірнеше шешім ұсыну және келісімді орындау әрекеттері қамтылуы тиіс.

Педагог медиация барлық жағдайды шешудің әмбебап тәсілі емес екенін түсіндіреді. Егер жанжал күш қолдану, қорқыту, буллинг, бопсалау, кемсіту немесе білім алушының қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттермен байланысты болса, мәселені тек өзара келісім арқылы шешуге болмайды. Мұндай жағдайда білім алушы сынып жетекшісіне, педагог-психологке, мектеп әкімшілігіне, ата-анасына немесе тиісті маманға хабарлауы қажет.

«Мектеп медиация кеңесі» рөлдік ойыны білім алушыларға жанжалды қарсыласу немесе айыптау арқылы емес, диалог, өзара тыңдау және жауапты келісім арқылы шешуге болатынын тәжірибе жүзінде түсінуге мүмкіндік береді. Ойын жүйелі қолданылған жағдайда білім алушылардың қарым-қатынас мәдениеті, эмоционалдық ұстамдылығы, өзгенің пікірін құрметтеуі және ортақ шешім қабылдау қабілеті дамиды.

Бөлім: Тәртіп және жауапкершілік

Тақырыбы: Жасөспірім басқалардың өміріне заңды түрде қалай әсер ете алады? е-Отinish, әкімдікке, мектептің өзін-өзі басқару ұйымына жолданымдар (өтініштер, арыздар)

Оқу мақсаты: Аула/мектеп мәселесі бойынша ресми өтініш үлгісін құрастыру

Сабақ мақсаты:

– Өз ауласындағы немесе мектептегі нақты мәселені анықтап, жазбаша және электронды өтінішке қойылатын талаптарды түсіндіреді;



– «e-Otinish» платформасының мүмкіндіктері мен мемлекеттік органдарға (әкімдік, мектеп әкімшілігі) ресми өтініш жолдаудың заңды алгоритмін сипаттайды;

– Өз құқығын заңды жолмен қорғау кезінде мәселені конструктивті диалог арқылы шешуге дағдыланады.

Сабақтың түрі: кейс талдау, жеке, жұптық жұмыс, сұхбат

Сабақтың құрылымдық бөлімі

Үй тапсырмасын талқылау. «1 кеңес» Мұғалім оқушылардың «РАФТ» стратегиясы арқылы медиатор ретінде кеңестерін ұсынуды ұйымдастырады. «Пайдалы болды/пайдалы болмады» ретімен сыныптастарының жұмысын бағалауға қатыстырады.

Ой-талқы. «Егер, онда» Оқушыларға сурет-коллаж бойынша орын алған жағдаяттарды анықтап, талдау ұсынылады. Талқылауға қатысқан оқушылар «Егер, онда» құралын қолданып, пікірін біодіреді.

Орындау шарттары:

- 1-мақсатты әрекетті «егер» сөзімен пайымдайды;
- 1-мақсатты әрекеттің шешімін «онда» сөзімен пайымдайды;
- 2-мақсатты әрекетті «егер» сөзімен пайымдайды;
- 2-мақсатты әрекеттің шешімін «онда» сөзімен пайымдайды;

Мұғалім түсіндірмесі. «Заңдық қоржын»

Мұғалім алдымен жағдаятты шешуге әсер ететін қадамдарды анықтайтын ұғымдар мен заң баптарын түсіндіреді.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 4-бабы:

1) арыз – әкімшілік рәсімге қатысушының өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін немесе басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға жәрдемдесу туралы өтінішхаты қамтылған жолданым нысандарының бірі;

16) жолданым – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) немесе ауызша нысанда, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс нысанында жіберілген арыз немесе шағым.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 63-бабы:

«Жолданымға қойылатын жалпы талаптар»:

1. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН және мекенжайы немесе заңды тұлғаның атауы мен мекенжайы;

2. Жолданым жолданатын әкімшілік органның немесе лауазымды адамның атауы;

3. Жолданымның мәні (мәселе, ұсыныс, өтініш немесе шағым мазмұны);

4. Жолданым берілген күн;

5. Өтініш берушінің қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы.

Жеке жұмыс. «Алғашқы әсер ету қадамы»

Оқушылар талапқа сай ресми жолданым үлгісін толтырады.



Жазбаша өтініштің құрылымы:

1. Кімге?
2. Кімнен?
3. Қандай мәселе бар?
4. Не сұраймын?
5. Күні мен қолы.

Жұптық жұмыс. «Сократ шеңбері»

Толтырылған өтінішті қолына ұстап, ішкі және сыртқы шеңбер құрып тұрады. Бетпе-бет келген жұптар дайындалған үлгіні талаптарға сәйкес тексеріп, «маған ұнағаны, келесі жолы жақсартуға болатын тұсы...» ретімен өзара бағалау жүргізіледі.

Өзара бағалау дескрипторлары:

– Мәселені анықтап, оған сәйкес мемлекеттік органды тандайды;

–Ресми өтініш құрылымын сақтайды;

–Өтініш мәтінін заң талаптарына сәйкес құрастырады.

Содан кейін оқушылардың білімін ЖИ көмегімен генерацияланған ресми жолданым үлгісін көрсету арқылы бекітуге болады.

ЖОЛДАНЫМ	
Кімге:	Мектеп директоры _____
Кімнен:	9-сынып оқушысы _____
ЖОЛДАНЫМ МӘТІНІ	
Біздің мектеп ауласындағы жарықтандыру жеткіліксіз болғандықтан, кешкі уақытта оқушылардың қауіпсіздігіне қауіп төнеді.	
Осы мәселені шешу үшін мектеп ауласына қосымша жарық шамдарын орнатуды сұраймын.	
Рақмет!	
Күні:	_____ 2025 ж.
Қолы:	_____

<https://www.canva.com/>

*Халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің шеберлік сыныбы.
«Автор орындығы»*

Шақырылған маман е-Otinish платформасы арқылы ресми өтініш жіберудің қадамдарымен таныстырады.

Оқушылардың мүмкін сұрақтары:

- е-Otinish порталына кіру үшін қандай жеке мәліметтер қажет?
- Өтініш мәтініне қандай дәлелдемелерді қосу керек?

– Сағат 18.30-дан кейін уәкілетті органға келіп түскен өтініштер қашан қаралады?



Қосымша https://egov.kz/cms/kk/services/citizen_and_the_government/e_app сілтемесіне өтіп, электрондық өтініш жолдау реті түсіндірілетін бейнесюжет тамашаланады.

Рефлексия. «Өзгеріс – ойдан басталады» Сабақ бойынша ой-толғанысы кезінде азаматтық позициясын айқындайды, мұғалім тарапынан әлеуметтік бастамалары ынталандырылады.

Мен өз мектебімде.....Мен өз көшемдеМен өз ауламда.....

Үй тапсырмасы. Әлеуметтік жоба дайындау. Әлеуметтік бастаманы жадынама, чек-лист, бейнеролик, постер түрінде құрастыру ұсынылады. Жұптарға, топтарға бөлініп орындау қарастырылады.

Тақырып бойынша материалдар жинағы

1. Құқықтық жағдаяттарды құрастыру үлгілері:

1-жағдаят: Үлкен үзіліс. Асхана іші – нағыз хаос. Данат қол жууға барса, алты қол жуғыштың төртеуі істен шығып, суы ақпай тұр. Екі-ақ қол жуғыш үшін ондаған оқушы иықтасып, бір-бірін итеріп жатыр. Кенет кіші сынып оқушысы кезекке таласып, жоғары сынып оқушысы оны дөрекі түрде ысырып жібереді. Дау туындап, еденге су төгілді. Данат бұл көріністі суретке түсіріп үлгерді.

– Данат бұл мәселені шешу үшін мектеп парламентіне қандай ұсыныс енгізе алады?

– Мектеп әкімшілігі бұл мәселені шешу үшін қандай шаралар қабылдауы тиіс?

– Егер бұл мәселе мектеп ішінде шешілмей, әкімшілік тарапынан жауапсыздық байқалса, Данаттың келесі қадамы қандай болуы керек?

– Данат мектеп директорына қандай мазмұнда ресми өтініш жаза алады?

Заңдық негіздеме:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініш жолдауға құқығы бар.

2. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 63-бабына сәйкес, әрбір азамат мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жолданым (өтініш, арыз, шағым) беруге құқылы.

3. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес, жолданымдарды қарау мерзімі – 15 жұмыс күні.

Заңдық қорытынды: Данат мәселені алдымен мектеп парламентіне, кейін мектеп әкімшілігіне жеткізе алады. Мәселе шешілмесе, білім бөліміне немесе e-Otinish платформасы арқылы ресми жолданым бере алады.

2-жағдаят: Рысбек кешкілік серуендеуге шыққан достарымен бірге аулада ойнауды жоспарлады. Бірақ футбол алаңының жағдайын көргенде, олардың көңілдері бірден түсіп кетті: алаңның қоршауы бірнеше жерден қирап, темір торлары жан-жаққа салбырап тұр, ал ең сорақысы – кеш түсе салысымен ауладағы шамдардың бірде-біреуі жанбайды.



- Рысбек алдымен қай мемлекеттік органға ресми хат жазады?
- Бюджеттен қаражат бөлуді күтпей-ақ қандай әрекеттер жасауға болады?
- Аула тұрғындарының клубы әкімдікке ұжымдық өтініш дайындау үшін қандай дәлелдер жинай алады?
- Әкімдікке жолданатын өтініште қандай мәселе мен талап көрсетілуі тиіс?

Заңдық негіздеме:

1. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 63-бабына сәйкес, жолданым беру тәртібі мен мазмұны белгіленген.

2. ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына сәйкес, абаттандыру, көше жарықтандыруы және қоғамдық кеңістіктерді күтіп ұстау жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктің) құзыретіне жатады.

Заңдық қорытынды: Рысбек әкімдікке немесе е-Отinish жүйесі арқылы өтініш бере алады. Ұжымдық өтініштің әсері жоғары болады.

3-жағдаят. Мектептен шыққан оқушылар күнделікті үйге қайтар жолдағы жаяу жүргіншілер өткелінен (зебра) өтеді. Алайда, уақыт өте келе жол белгісінің ақ бояуы өшіп, тіпті мүлдем көрінбей қалған. Жүргізушілер бұл жердің өткел екенін байқамай, жылдамдықтарын бәсеңдетпейді. Осының салдарынан оқушылар жолдан өтуге қорқады, ал жақында ғана осы жерде бір оқушы көлікке жақындап қалып, қауіпті жағдай орын алды.

- Қандай мемлекеттік органдарға ресми хат жолдау қажет?
- Өтініштің заңды күші болуы үшін қандай құжаттар қоса берілуі керек?
- Жауапкершілік кімге жүктеледі?
- Осы мәселе бойынша әкімдікке немесе полиция басқармасына жолданатын өтініш мәтінін құрастыра аласың ба?

Заңдық негіздеме:

1. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 63-бабына сәйкес, әрбір азамат мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жолданым (өтініш, арыз, шағым) беруге құқылы.

2. «Автомобиль жолдары туралы» ҚР Заңы 4-бабының 5-тармағына сәйкес, елді мекендердің көшелері тиісті жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) қарамағында болады және коммуналдық меншік болып табылады.

3. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 631-бабына сәйкес, жол белгілері мен таңбалары (зебра) тиісті талаптарға сай болмаса (өшіп қалса, көрінбей қалса) және бұл жол қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндірсе, осы жағдайға жауапты лауазымды тұлғаларға айыппұл салынады немесе тәртіптік жауапкершілік қарастырылады.

Заңдық қорытынды: Оқушылар немесе ата-аналар комитеті әкімдікке, полицияның әкімшілік полиция бөліміне немесе жол шаруашылығы бөліміне ресми өтініш жолдай алады. Өтінішке фотосуреттер мен дәлелдемелер қоса беріледі.



Ресми жолданым үлгілері

1. Мектеп директорына жолданым үлгісі	2. Әкімдікке жолданым үлгісі
✎ Редактировать Кімге: № _____ мектеп директоры _____ Кімнен: 9-сынып оқушысы _____ ЖОЛДАНЫМ Мектеп ауласындағы жарықтандырудың жеткіліксіздігі оқушылардың қауіпсіздігіне әсер етуде. Осыған байланысты мектеп ауласына қосымша жарық шамдарын орнату мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын. Қосымша: фотоматериалдар (бар болса). Күні: _____ 2025 ж. Қолы: _____	✎ Редактировать Кімге: _____ қаласының әкімдігіне Кімнен: _____ ЖОЛДАНЫМ Мектепке баратын жолда жаяу жүргіншілер өткелі жоқ немесе жол белгілері анық көрінбейді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аталған аумақта жаяу жүргіншілер өткелін орнатуды және жол белгілерін жаңартуды сұраймын. Күні: _____ 2025 ж. Қолы: _____ ↓

Жасанды интеллект құралдарының көмегімен дайындалған иллюстрациялар

Бөлім: Тәртіп және жауапкершілік

Тақырыбы: Қорытынды конференция: «Менің мектебім – құқықтық тәртіп аймағы» әлеуметтік жобасын қорғау

Оқу мақсаты: Әлеуметтік бастаманы (жадынама, чек-лист, бейнеролик, постер) құрастыру және ұсыну

Сабақтың мақсаты:

- Бөлім бойынша білімін қолданып, әлеуметтік өнімді (жадынама, чек-лист, постер, бейнеролик) әзірлейді
- Құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған әлеуметтік бастама көтереді;
- Құқықтық сауаттылығын арттырып, көшбасшылық дағдыларын қалыптастырады.

Жұмыс түрі: таныстыру, қорғау, сұрақ-жауап

Сабақтың құрылымдық бөлімі

«ZanMen» тобы «Заң мен Тәртіп» әні. Бейнероликте қауіпсіз мектеп, буллингсіз орта, жауапкершілігі мол орта, заң мен тәртіптің сақталу көріністері беріледі. <https://youtu.be/N7bRMJHA584?feature=shared>

Оқушыларға қойылатын сұрақтар:

- Егер мектепте құқық бұзушылық болмаса және өзінің әрекетіне жауапкершілікпен қараса не өзгереді?
- Мектеп оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру үшін қалай үлес қосуға болады?

Топтық жұмыс жәрмеңкесі. «Әділет IQ панорамасы»

Қорытынды конференцияға қатысушы топтардың жұмыстары әдемілеп қойылады. Салтанатты шара ахуалын қалыптастыру үшін мектептің акт залын пайдалануға болады. Мұғалім барлық техникалық жабдыкталуды қамтамасыз етеді. Тақырыптық мазмұны:



- Мектептегі тәртіп пен жауапкершілікті жақсартуға бағытталады;
- Мектеп оқушыларының тәртібін түзеу шараларының кешенін әзірлейді.

Алдын ала бөлінген топтар оқу жылында меңгерілген білімдерін қолданып, мектеп өмірін жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларын төмендегі Жадынама, Чек-лист, Постер, Бейнеролик үлгілердің бірін таңдап ұсынады:



<https://gemini.google.com>

Жобалық жұмыстарды бағалау критерийлері:

- Тақырыптық мазмұнды ашады;
- Цифрлық құралдарды орынды қолданады;
- Креативті идеяларын дәлелдейді.

Топтық қорғалым. «Сендіру пирамидасы»

Мұғалім топтардың әлеуметтік бастамасын сенімді түрде таныстыруына арналған «Сендіру пирамидасы» құралының «ұран, жедел таныстырылым, адам өміріндегі оқиға, факт/дәлелдер» талабы бойынша оқушыларға бағыт-бағдар береді.

Қорғалым дескрипторлары:

- Әлеуметтік өнімді талапқа сай таныстырады;
- Ойын жүйелі жеткізеді.


Әділ-қазы алқасының тарапынан нақтылау үшін қойылатын сұрақтар:

– Бұл жоба мектептің күнделікті өміріне нақты қандай өзгеріс әкеледі деп есептейсіздер?

- Неліктен дәл осы мәселені шешуді таңдап алдыңыздар?
- Дайындаған әлеуметтік жобасы турасында жауап береді

Рефлексия. «Уақыт өте өзгеру графигі»

Ұсынылған үлгіге сәйкес оқушылар бөлім бойынша ой-толғаныстарымен бөліседі.



Тәртіп пен жауапкершілік туралы ойларымның өзгерісі:

- ✚ Кеше – қандай ойда едім?
- ✚ Бүгін – қандай ой түйдім?
- ✚ Ертең – қандай болашақты құрамын?

Тақырып бойынша материалдар жинағы

1. Әлеуметтік жобаларға арналған тақырыптардың үлгілері:

- «Мектеп медиаторының 5 ережесі»
- «Дауды емес, диалогты таңдаймыз»
- «Тату мектеп формуласы»
- «Келісім алаңы»
- «Әділеттілік мектептен басталады»
- «Құқықты біл, қоғамды өзгерт»
- «Саналы таңдау – қауіпсіз орта»
- «Менің дауысым – менің күшім»
- «Ұсыныстан өзгеріске дейін»
- «Бір өтініш – бір өзгеріс»
- «Оқушы үні естілуі керек»
- «Мен мәселе көтеремін – біз шешім табамыз»
- «Белсенді азамат мектебі»
- «Диалогтан басталатын өзгеріс»
- «Менің дауысым – қауіпсіз мектеп үшін»
- «Мектеп медиациясы: татулықтан тәртіпке»
- «Бейбіт диалог – мықты қоғам негізі»
- «Жанжалсыз мектепке бастар жол»

2. Әлеуметтік жобаларды қорғау жұмысын ұйымдастыру алгоритмі

1. Мұғалім оқушыларды алдын ала жұптарға немесе топтарға бөліп алады;
2. Жұптар немесе топтар ұсынылған әлеуметтік бастама тақырыбының біреуін таңдайды;
3. Жоба дайындаушылар әлеуметтік өнім мазмұнына қойылатын бағалау критерийлерімен таныстырылады;
4. Әлеуметтік жобаны қорғау дескрипторлары мұқият түсіндіріледі;
5. Әділ-қазы алқасының құрамына тәлімгерлер, заңгерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, қамқоршылық кеңесінің, ата-аналар комитетінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, өзін-өзі басқару ұйымының президентін шақыруға болады;
6. Әділ-қазы алқасы жобалардың бекітілген талаптарға сәйкестігін тексереді;
7. Үздік деп танылған жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшасы арқылы көпшілікке таныстырылады және жүзеге асырылады.



Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, жауапты мінез-құлық пен қауіпсіз таңдау жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған практикалық тәсілдерді ұсынады. Оқытудың дәстүрлі емес кейс-стади, кино-талдау, практикум, конференция, пікірталас секілді формалары арқылы жүзеге асатын курс мазмұны жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтардың алдын алып, әрбір оқушының әлеуетін ашуға және мектепте қолдаушы ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

«Менің мектебім – құқықтық тәртіп аймағы» әлеуметтік жобасын қорғау сабағы бөлім бойынша меңгерілген білімді өмірлік жағдаяттармен байланыстырып, оқушылардың құқықтық сауаттылығын, азаматтық белсенділігін және көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағытталады. Сабақтың негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық тәртіпті нығайтуға арналған нақты әлеуметтік бастама ұсынып, оны көпшілік алдында дәлелді түрде қорғауына жағдай жасау.

Мұғалім сабаққа дейін оқушыларға жобаның мақсаты мен бағалау критерийлерін алдын ала таныстырады. Оқушылар жеке немесе шағын топта мектептегі құқықтық тәртіпке қатысты мәселені анықтап, соған сәйкес әлеуметтік өнім әзірлейді. Әлеуметтік өнім ретінде жадынама, чек-лист, постер немесе қысқа бейнеролик ұсынылуы мүмкін. Жоба мазмұны мектептегі тәртіп ережелері, қауіпсіз мінез-құлық, цифрлық ортадағы жауапкершілік, өзара құрмет, буллингтің алдын алу, мектеп мүлкін қорғау сияқты тақырыптарды қамтуы ұсынылады.

Конференция барысында әр топ өз жобасын 3–5 минут ішінде таныстырады. Таныстыру кезінде мәселенің өзектілігі, ұсынылған шешімнің тиімділігі, әлеуметтік өнімнің мақсаты мен қолданылу жолдары түсіндіріледі. Мұғалім оқушыларды аудиториямен байланыс орнатуға, нақты мысалдар келтіруге және құқықтық терминдерді дұрыс қолдануға ынталандырады. Жобаны қорғаудан кейін сұрақ-жауап кезеңі өткізіліп, басқа топтар ұсынылған бастамаға қатысты пікір білдіреді, нақтылау сұрақтарын қояды және ұсыныстар енгізеді.

Мұғалімнің рөлі – конференцияның тәртібін сақтау, уақытты тиімді ұйымдастыру және талқылаудың сындарлы өтуін қамтамасыз ету. Қажет болған жағдайда мұғалім бағыттаушы сұрақтар қоя алады: «Бұл бастама мектеп өміріне қалай әсер етеді?», «Ұсынылған өнімді кім және қалай қолданады?», «Құқықтық тәртіпті нығайтуға қандай нақты нәтиже береді?».

Бағалау кезінде жобаның мазмұнының өзектілігі, құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталуы, әлеуметтік өнімнің сапасы мен түсініктілігі, таныстырудың дәлелділігі, сұрақтарға жауап беру деңгейі және топтық жұмыстағы белсенділік ескеріледі. Сабақ соңында мұғалім рефлексия ұйымдастырып, оқушылардан өз жобасының мектеп өміріне қандай пайда әкелетінін және құқықтық тәртіпті сақтау үшін жеке өзі қандай әрекет жасай алатынын ой елегінен өткізуді сұрайды.



Мұндай қорытынды конференция оқушылардың бөлім бойынша алған білімін тәжірибеде қолдануына, әлеуметтік жауапкершілігін сезінуіне, бастамашылдық танытуына және мектеп қауымдастығының құқықтық мәдениетін нығайтуға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуіне мүмкіндік береді.



ҚОРЫТЫНДЫ

«Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған «Заң мен Тәртіп» курсын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» педагогтерге курстың мақсаты мен мазмұнын оқу процесінде жүйелі, қауіпсіз және практикалық тұрғыдан іске асыруға бағыт-бағдар береді. Ұсынымдарда құқықтық білім беру заң нормаларын хабарлау немесе жекелеген баптарды жаттатумен шектелмей, білім алушының күнделікті өмірде кездесетін құқықтық мәселелерді түсінуіне, өз әрекетінің салдарын алдын ала бағалауына және заңға сай шешім қабылдауына мүмкіндік беретін тұтас педагогикалық процесс ретінде қарастырылады.

Курсты оқыту барысында білім алушы құқық пен міндеттің өзара байланысын, адамның құқықтарын құрметтеудің қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызын түсінуі қажет. Құқықтық сауаттылық тек заң талаптарын білумен өлшенбейді. Ол нақты жағдаяттағы мәселені байқау, әрекеттің құқыққа сай немесе құқыққа қайшы сипатын анықтау, қажетті ақпаратты сенімді дереккөзден табу, бірнеше шешім нұсқасын салыстыру және қауіпсіз әрекет ету жолын таңдау қабілеті арқылы көрінеді. Осыған байланысты сабақ мазмұны білім алушының өмірлік тәжірибесімен байланысты құрылып, мектептегі, отбасындағы, қоғамдық және цифрлық ортадағы өзекті мәселелерді қамтуы тиіс.

Ұсынымдарда кейс-әдіс, құқықтық жағдаяттарды талдау, рөлдік ойын, пікірталас, модельдеу, практикум, жоба және шағын зерттеу жұмыстарын қолдануға басымдық беріледі. Бұл тәсілдер білім алушыны дайын жауапты қабылдаушы емес, құқықтық мәселені зерттеуші және жауапты шешім қабылдаушы тұлға ретінде қалыптастыруға жағдай жасайды. Практикалық тапсырма барысында білім алушы оқиғаның мән-жайларын анықтап, оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін ажыратады, ықтимал құқықтық салдарды бағалайды және мәселені шешудің заңға сай жолын ұсынады. Мұндай жұмыс оның сыни ойлауын, дәлелді пікір білдіруін, диалог жүргізуін және өз шешіміне жауапкершілікпен қарауын дамытады.

Педагог сабақта құқықтық нормаларды білім алушыларды қорқыту немесе жазалау қаупін көрсету құралы ретінде пайдаланбауы керек. Құқықтық талаптардың адамның өмірін, денсаулығын, қадір-қасиетін, мүлкін және қоғамдық қауіпсіздікті қорғауға бағытталғанын түсіндіру маңызды. Құқық бұзушылықтарды талдау кезінде нақты тұлғаларды айыптауға, білім алушылардың немесе олардың отбасыларының жеке тәжірибесін жария етуге мәжбүрлеуге, кемсітетін тұжырымдар мен біржақты бағалауларға жол берілмейді. Сабақтағы пікір алмасу өзара құрмет, дәлелділік, бейтараптық және психологиялық қауіпсіздік қағидаттарына негізделуі тиіс.

Курстың нәтижелілігі педагогтің білім алушылардың жас, психологиялық және танымдық ерекшеліктерін ескеруіне, тапсырмаларды біртіндеп



күрделендіруіне және құқықтық мазмұнды күнделікті өмірмен байланыстыра білуіне тәуелді. Заңгерлерді, медиаторларды, психологтерді, құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарту курстың практикалық мүмкіндігін кеңейтеді. Алайда мамандармен кездесулер сабақтың нақты мақсатына сәйкес алдын ала жоспарланып, білім беру ұйымының ішкі тәртібі мен қауіпсіздік талаптары сақтала отырып өткізілуі қажет.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік және академиялық адалдық талаптары басшылыққа алынады. Білім алушылар кез келген цифрлық ақпаратты дайын құқықтық қорытынды ретінде қабылдамай, оның авторын, жарияланған уақытын, бастапқы дереккөзін және қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін тексеруге үйретілуі тиіс. Ресми және бейресми дереккөздерді ажырату, жалған ақпарат пен манипуляция белгілерін анықтау, күдікті сілтемелер мен хабарламаларға қауіпсіз жауап беру қазіргі құқықтық сауаттылықтың маңызды бөлігі болып табылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қалыптастырушы сипатта жүргізіліп, олардың жеке ілгерілеуін қолдауға бағытталады. Бағалау кезінде құқықтық ұғымдарды білуімен қатар, жағдаятты талдау, дәлелдерді салыстыру, өз пікірін негіздеу, ықтимал салдарды болжау және құқыққа сай шешім ұсыну қабілеті ескеріледі. Түсінікті кері байланыс, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және рефлексия білім алушыға өзінің жетістігі мен жетілдіретін тұстарын түсінуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдарды жүйелі қолдану нәтижесінде білім алушылардың құқықтық білім қоры ғана емес, заңды құрметтеу, өзгенің құқығын мойындау, қоғамдық тәртіпті сақтау және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау мәдениеті қалыптасады. Курс білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, әділеттілікке, жауапкершілікке, адалдыққа және адам қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген қоғамдық мінез-құлық мәдениетін орнықтыруға ықпал етеді.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2600000000>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспары, <https://primeminister.kz/news/ukimet-kr-konstituciiasyn-tusindiru-zonindegi-is-saralar-zosparyn-bekitti-31231>
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: Заң мен Тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-halkyna-zholdauyn-zhariyalady-281932>
4. 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 17 наурыздағы № 1206 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2600001206>
5. Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 200 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500000200>
6. Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі <https://egov.kz/cms/kk>
7. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдарға электрондық өтініштерін жолдау қызметі <https://eotinish.kz/kk>

